

МАҚСАТСЫЗ ЖҰМСАЛҒАН ҚАРЖЫ



АҚСУ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ 30-ҒА ЖУЫҚ ТҮТІНІ БАР ШОЛАҚӨЗЕК АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫНА МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА АУЫЗ СУ ТАРТЫЛМАҚ. «МЕМЛЕКЕТ ҚАРЖЫСЫ МАҚСАТСЫЗ ЖҰМСАЛУДА» ДЕП ДҮРЛІККЕН ТҰРҒЫНДАРДЫҢ АЛАҢДАУЫ БЕКЕР ЕМЕС КӨРІНЕДІ. СЕБЕБІ, СУ ҚҰБЫРЛАРЫН ТАРТЫП, АУЫЗ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰНЫ 30 МЛН ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙДЫ.

Алайда, ауыл тұрғындары ауыз судан таршылық көріп отырған жоқ. «Мемлекет қазынасын шығындап құбыр тартқанша, арық шығарып, суармалы жерді игеруге көмектессе» – дейді тұрғындар. «Қазақстан» Ұлттық арнасының хабарлауынша, Шолақөзек ауылына су 1972 жылы берілген. Ауыз су 300 метр тереңдіктен артезиан қайнарларынан

алынып, үйлерге тартылыпты. Қазірде суды қысы-жазы үздіксіз пайдаланып отырған ауылдағы ағайынның жалғыз ғана өтініші бар. Тіршілік нәрімен қамтамасыз етіп отырған артезиан құдығын жөндеп берсе жетіп жатыр дейді. Себебі, малмен ғана күн көріп отырған отбасылар үшін суармалы алқаптарды қалпына келтіру маңыздырақ. Егістік жері бар ша-

руалар да қызылша дөнін сеуіп, өнім алуға суармалы алқаптың жоқтығы кедергі болып отырғандығын айтады. Ауыз суын тарту жұмыстары былтыр басталған көрінеді. Жергілікті атқамінерлердің сөзінше, жоба жасалып, мемлекеттік экспертизадан өткен. Биылғы жылдың қараша айында толығымен аяқталады деп жоспарлануда.

Облыста 742 елдімекен бар екенін ескерсек, былтырғы жылы «Өңірлерді дамыту» және «Нұрлы жол» бағдарламаларының аясында сумен жабдықтау және су бұру объектілерін салу, қайта жаңарту, күрделі және ағымдағы жөндеу бойынша 78 жобаны жүзеге асыруға 10,7 млрд теңге бөлініп, олардың 48 жобасы аяқталған еді. Алматы облысы бойынша ауыз су мәселесі қашан да алғашқы орында. 2020 жылға дейін барлық аудандар мен елдімекендер 100% ауыз сумен қамтамасыз етілуі керек деген жоспар бекітілген. Республика бойынша жеті өзеннің жағасындағы Жетісу жұртшылығы ауыз сумен қамту бойынша бірінші орында тұр. Былтырғы жылы 46 жоба жүзеге асырылып, 17 елді мекенді орталықтандырылған су құбырына қосу жоспарланған.

Шолақөзектіктердің мәселесіне қайта оралар болсақ, қазір жер астынан шығып жатқан суға тұрғындар ақы төлемейді. Жаңа су жүйесі тартылғаннан кейін қаржы төлеу мәселе туындағалы тұр.

Өз тілшіміз.



Көрісейік, ағайын!

14 наурыз таң біліне бастаған сәттен ешкім ұйықтап жатпауы тиіс. Көрісу мерекесін асыға күткен әрбір отбасы дастарханын жайнатып, құрт, бауырсақ, ірімшік, май, уыз сынды дәстүрлі тағамдарымен көмкеріп, наурыз көжесін дайындап, табалдырығынан аттаған әр қонағын жылы жүзбен қарсы алады. Дәл осы күні әр адам өзінен жасы үлкен кісілердің шаңырағына кіріп, амандасып, көріседі. Барған үйіне «Бір жасыңызбен!» деп еніп, жаңа жылға аман-есен аяқ басқан жора-жолдас, туған-туысқандарын құттықтайды. Бір-біріне деген өкпе-реніштері болса, кешіріседі, амандық-саулық тілеседі. Бұл жоралғы жыл бойы дастарханымыз аралас болсын, қарым-қатынасымызға сызат түспесін деген ниеттен туған.

ФАКТЫ. СОБЫТИЯ. ЛЮДИ 3 стр.



Новый образовательный проект

ОЙСАЛАР 4-бет



Түске дейін – түркі, түстен кейін – кірпі

ТОПЖАРҒАН 15-бет



Алғашқы жеңіс алға жетеледі

Ұтыстан құр қалмаңыз!



I орын
Смартфон Samsung Galaxy A6



II орын
Шаңсорғыш Bosch BGS05A220



III орын
Мультиварка REDMOND RMC-M252



IV орын
Қысқатолқынды пеш Elenberg MS-2011M



V орын
Блендер Elenberg NAT-9601E



VI орын
Миксер Elenberg SW-601

Оқырмандар жүрегіне жол тапқан басылымды одан әрі насихаттау әрі көпшіліктің қызығушылығын тудыру мақсатында оқырмандарға арнап ұтыс ұйымдастырып отырмыз. Ұтыс ойынын «Қазпошта» АҚ-мен бірлесе отырып, қорытындылайтын боламыз. Оқырмандар наурыз айынан бастап жазылса, газет келесі айдан бастап қолына тиеді.

Түбіртектің түпнұсқасын өзіңізде қалдырып, көшірмесін «Қазпошта» арқылы Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат мекенжайына жолдаңыз. Индекс: 040000. Немесе түбіртектегі сканерден өткізіп, басылымның alatau_offset@mail.ru поштасына жіберуге болады. Сонымен қатар 87028817110 ұялы телефонына WhatsApp желісі арқылы жолдауға мүмкіндігіңіз бар. Қосымша ақпарат: 87714037399 нөмірінен ала аласыздар.

Ескерту: ұтысқа тек 2019 жылы жазылғандар ғана қатыса алады.

ЭКС-МИНИСТР ТҮРМЕДЕГІ ЖҰМЫСТАН БАС ТАРТТЫ

10 жылға сотталған Бұрынғы Ұлттық экономика министрлігінің экс-министрі Қуандық Бишімбаев Шымкентке ауыстырылды. Бишімбаев жазасының қалған бөлігін қауіпсіздігі орташа түзеу мекемесінде өтейтін болады. Экс-шенеунікке ол жерден 14 адамға арналған бөлмеден орын бұйырыпты. Үш мезгіл тамақты да көпшілік сотталғандармен бірге ішеді.



Түрме басшылығының айтуынша, Қуандық Бишімбаев бұл жерге 15 ақпанда келген. Ол өзiрге қара жұмысқа араласа қоймапты. Бірақ, мәдени шараларға қатысуға кет әрi емес екенi байқалған. Шымкент қаласындағы 1673 түзеу мекемесiнiң басшысы Бағдат Әсiлбеков: «Қазiргi таңда басқа да сотталғандармен бiрге №2 жасаққа орналастырдық. Бүгiнгi таңда оған ешқандай ерекше көзқарас, ерекше жағдай жасалынған жоқ. Тәрiптi бәрiне бiр. Сонымен қоса айтарымыз барлық заңды талаптарды атқарып жатыр. Тәрiптi бұзған емес. Сотталған

Бишімбаев жұмысқа орналасуға осы күнге дейін ниет білдірмеді. Бірақ, мекеменің мәдени іс-шараларына қатысуға ниет білдіріп, өтініш жасады», – дейді.

Бишімбаев бұған дейін Түркістан облысындағы Төле би ауданының қауіпсіздігі барынша жоғары түзеу мекемесінде отырған. Бұрынғы министрдің адвокаты жазасын өтеу тәртібін жеңілдетуді сұрап сотқа талап-арыз түсіріп, қоныс колониясына ауыстыруды да сұрағаны айтылған. Алайда, адвокат өтінішін сот тек ішінара қанағаттандырды.

НЕКЕСІЗ ТУҒАН БАЛАҒА ДА АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ МІНДЕТТЕЛЕДІ

Енді некеден тыс туған балаға да әкесінің алимент төлеп тұруы міндеттелмек. Неке және отбасы туралы кодекстің 47-бабына толықтырулар енгізіледі. Бұл туралы Мәжіліс депутаты Светлана Бычкова мәлім етті.



палармен теңестірілген еді. Бұл реттегі жағдайға байланысты нақты шарттарды сот айқындайды», – деді Мәжіліс депутаты.

Талқылау барысында Неке және отбасы туралы кодекстің 47-бабына толықтырулар енгізілетіні аталып өтілді. Аталған толықтыруларда ер-азамат некеден тыс туған ортақ балаларын асырау үшін оның анасының шығындарын өтейтіндігі көзделген.

Қазақстандықтар жемқорлықты хабарлау арқылы қандай пайдаға кенеледі?

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жақында парамен мектеп директоры, әкімшілік қызметкері және прокуратура маманы ұсталғанын мәлімдеді. Жемқорлық фактісі туралы тұрғындар call-орталығы арқылы хабарлаған.

Қазақстандықтар мемлекеттік органдағы қызмет тәртібін бұзу немесе жемқорлық фактісі туралы 1424 тегін нөміріне хабарласа алады. Ұлттық бюро әрбір хабарламаны қарастырады. Еліміздің тұрғындары жемқорлық фактісін хабарлай отырып, әрбір ақпарат үшін соттан кейін 30-100 АЕК арасында сыйақы алатын болады. Жақында call-орталығы арқылы түскен хабарламадан кейін, мектеп директоры, әкімшілік қызметкері және прокуратура маманы құрықталған.

10 қаңтар күні Шымкент қаласының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметі №131 мектеп директоры арызданушыдан жұмысқа алғаны үшін 50 мың теңге пара алу үстінде құрықталған. 27 ақпанда Түркістан облысы Ордабасы ауданына қарасты Төртқұл ауылдық округінің әкімшілік қызметкері жеке тұлғадан жәрдемақысын рәсімдеу үшін 20 мың теңге көлемінде пара алып жатқан жерінде ұсталды. 2 наурызда Бас прокуратураның ішкі тексеру департаментінің операциясы барысында Қордай аудандық прокуратурасының қызметкері қылмыстық іс бойынша оң шешім қабылдағаны үшін азаматтан 200 мың теңге көлемінде пара алғаны анықталды.

nur.kz

Қазақстанда аз қамтылған жанұяларды баспанамен қамтамасыз ету үшін бюджеттен 50 млрд теңге бөлінеді. 2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы «ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында осы норма қамтылған.

БЮДЖЕТТЕН 50 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұртай Сабильянов: «Бюджеттен 50 млрд теңге кезекте тұрған азаматтар үшін бөлінді. Аз қамтылған, көпбалалы, толық емес жанұялар үшін 20 жылға екі пайызбен жеңілдікті несие беріледі. Бұл несиеге жаңа үйлер алады немесе аудан орталықтарында бұрын соғылған үйлер ғана ұсынылады» – деп мәлім етті.

Осы мәселеге қатысты жауап берген Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Қайырбек Өскенбаев қазіргі уақытта 28 мың адамның үй кезегінде тұрғанын, олардың негізгісі Түркістан облысында екенін атап өтті. Ал кезекте тұру бойынша екінші орынды Алматы облысы иеленсе, тізімді Солтүстік Қазақстан облысы түйіндеген.

«Тізім бойынша олар бекітілді. Олардың барлығы дерлік аудан орталықтарында тұрмайды. Біз тізімді жинап қойдық. Қаржы министрлігімен келісе отырып, осы жылы 50 млрд теңгенің 25 млрд теңгесі баспана алуға жұмсалатын болды. Қаржы министрлігі мамандары мұны бағдарламаға қосуды ұсынды. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі бойынша тек жаңа үйлерге емес, бұрын соғылған баспаналарға да рұқсат беретін боламыз. Бұл тұрғыда, ең басты мәселе азаматтарымызды баспанамен қамту болып отыр. Сол үшін мұндай рұқсат береміз», – деп түсіндірді ол.

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР 30 ПАЙЫЗҒА КӨБЕЙМЕК

Елімізде жұмыссыз қалған, асыраушысынан және еңбек ету қабілетінен айырылған азаматтарға берілетін жәрдемақы мөлшері өсуі мүмкін. Өзгерістер енгізілген «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» заң жобасын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі таныстырды.

Қазіргі уақытта сақтандыру қорынан әлеуметтік көмекті 124 мың қазақстандық алады. Жұмыс берушілер әр қызметкер үшін осы қорға жалақының 3,5%-ын төлеп келеді. 2025 жылы бұл көрсеткіш 5 пайызға артпақ. «Мысалы, жұмыстан айырылған азаматтардың жалақысы қазір 100 мың теңге болса, алатын жәрдемақы – 18 мың теңге. Заң күшіне енсе, осы азаматтардың қордан алатын ақшасы көбейеді, яғни 23 мың теңге. Егер 5 жылдан артық жұмыс істесеңіз, жалақыңыз 100 мыңнан асса, онда осы сома көбейеді», – деді Парламент мәжілісінің депутаты Снежанна Иманшова. Ал Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі аталмыш заң жобасымен «Асыраушысынан айырылған әлеуметтік төлемдердің қарастырылып отырғанын айтты. «Асыраушысынан айырылғанда. Осы үш уақытта, еңбек ету қабілетінен айырылған кезінде және жұмысынан айырылғанда. Осы үш жағдайда төлемдер 30 пайызға артады. Заң жобасы мәжіліске енді кіріп отыр. Егер мәжіліс мақұлдап, сенаттан өтіп, Елбасы қол қойса, жоба 2020 жылдың бірінші қаңтарынан бастап жүзеге асырылады», – деді Светлана Жақыпова.



ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ...

Биылғы жылдың 12 наурызында жастарға қызмет көрсету орталығында Алматы облысы жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен екі қызды өрттен арашалап қалған Бақтыбай Арманмен кездесу болып өтті. Іс-шараның мақсаты – жастар арасында Отанға деген сүйіспеншілікті арттырып, батырлық, адамгершілік қасиеттері мен рухани құндылықтарды қалыптастыру.



Естеріңізге сала кетейік, ағымдағы жылдың 6 наурызында Арман ерлік танытып, төніп тұрған қауіп-қатерге қарамастан екі қыздың өмірін өрттен құтқарып қалған болатын.

Бақтыбай Арман 2000 жылы 13 сәуірде Талдықорған қаласында дүниеге келген. Қазір І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алады.

Кездесу барысында Арманға Алматы облысының полициясына қолдау көрсететін «Жалын» студенттік жасағының куәлігі мен арнайы киімі табыс етілді. Сондай-ақ, Алматы облысының «Жасыл Ел» жастар еңбек жасағының құрамына кіру жөнінде ұсыныс айтылды. Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Жомарт Қаратас Арманға сәттілік тілеп, алғыс хат пен естелік сыйлық табыс етті.

Д. ДУАНБЕКОВА.

**АМАЛ АЙЫ
КЕЛГЕНДЕ...**

Наурыз тойынан бөле жарап, ерекше атап өтетіндей Амал мерекесінің не артықшылығы бар деген сауалдың көкейде қылаң беруі орынды-ақ. Шығыс күнтізбесі бойынша, наурыз хамал (амал) айының бірінші жұлдызында басталады екен. Хамал – Тоқты шоқжұлдызының парсы тіліндегі ескі атауы. Күн мен түн теңеліп, амал кірген сәтте Тоқты шоқжұлдызы туады. «Наурыз» сөзі парсының «жаңа күн» деген мағына беретіндігі айтылып жүр. Ертеде қазақ бұл күнді «наурыз» демей «амал» деген. Бұл қазіргі күнтізбе бойынша 14 наурызға сәйкес келеді. Көрісудің екінші атауы «Амал» болуының сыры осыда жатса керек.



жолдарын ұсынғанын естіп, қуанып та қалғанбыз. «Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды» демекші, наурызды тойлау мәселесі де жаза-жаза жауыр болған тақырып сынды. Мәдениет министрінің аузынан шыққан осы бір сөзі көңілге үміт сыйлап қойғаны бар. Мемлекет басшысының былтырғы жылы жария болған «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай!» – деп айтқан сөзі бар-ды. Ендеше, өңірдің әкім-қаралары бұйымтайдың күпісін жамылған бұйрыққа құлақ асар деген сенім білдіріп отырмыз. Әкім-қара дегеннен шығады, Талдықорған қаласы әкімінің «жомарттығын» білмекке баспасөз хатшысына хабарласқанымыз бар. «Нақты жауабын бере алмаймын. Әр салаға әртүрлі қаражат бөлінеді.

ТҮСКЕ ДЕЙІН - ТҮРКІ, ТҮСТЕН КЕЙІН - КІРПІ

Ал «Көрісу» деп аталып кету себебі Аамал мерекесінде жасалатын басты салт жоралғы – көптен көрмеген жақын-жұрағаттың бір-бірімен кездесіп, көрісуі, жүз шайысып, бет көріспей жүрген кісілердің кешірісіп қауышуынан туған болса керек. Ерте кезеңдерде күн мен түн теңелген күні адамдар тепе-теңдік ұстанып, патша – тақтан түсіп қара болып, қара – шекпенін тастап, патша болғаны айтылады. Ал мұндағы бауырласу «науқанының» қандай деңгейде аталып өткенін айтып отырудың өзі артық болса керек.

Бұл күні босағаңыздан еніп, төріңізге жайғасқан қонағыңызға қабақ шыту үлкен әбестік болар. «Қырықтың бірі – Қыдыр» деген сөзді санасына сіңіріп өскен қазақ үшін бұл шаңыраққа құт пен берекенің орнайтын күні. Қисыны келгенде ақ қар, көк мұзда тойланатын «Жаңа жыл» жайында бір бір мысал айта кеткеніміз артық болмас. «Григорий» күнтізбесі аяқталар тұста, яғни 31 желтоқсан күні қала кезіп, есік қағатын «Аяз атаның» түп атасы қайдан шыққандығын бағамдап жатқан ешкім жоқ. Ал, қазақ халқының мифологиялық наным-на сүйенсек, тарихтан сыр шерткен мәселенің мәні өзі-ақ айқын болады. Қазақта күн мен түн теңелер шақта жаһан даланы Қызыр баба аралайды деген сенім бар. Бір қызығы, Аяз ата кейпіне енген адам бала-шағаның ғана қарнын тоқ қылса, Қызыр баба ниеті түзеу жандардың көңілін тойдырып, адал тілеуін тілейді деседі.

**ТАНЫМ ТАРАЗЫСЫНА
САЛСАҚ...**

Игілікке иек артқан осы бір мереке қарсаңында сауапты істер көптеп атқарылады. Ағаш отырғызылып, бұлақтың көзі ашылып, арық-тоғандар тазаланады. Алла елшісі пайғамбарымыздан жеткен «Бір мұсылман бір ағаш отырғызса немесе бір нәрсе ексе және одан бір құс, бір адам немесе жануар жесе, ол адам үшін садақ болып есептеледі» деген хадис бар. Ал, «Жаңа жылдың көркі» деген желеумен қысы-жазы реңін жоғалтпайтын шырша ағашын заңсыз жолмен кесіп, Табиғат-Анаға қастандық жасайтындардың қылығы ақтап алуға келмейді. Қастандық емей немене, тамырын жайған тікен ағашты түбінен кессе, Табиғат-Анадан перзентін тартып алғандай күй кешпейсіз бе?! Осыдан-ақ, қай жаңа жылдың бәсі бөлек, бағасы басым екенін безбенге салып, салмақтап көріңізші?... Жо-жоқ, тәулік есебінің жүйесін құрып тастап, ғаламды сол уақыт иіріміне

салып қойған Григорий атайдың заңдылығын жоққа шығарудан аулақпыз. Мәселе, қай жаңа жылымызды нақышына келтіріп насихаттай алғанымызда...

Иә, расымен, соқыр тиыны алақаннан сусып түскенше шашылып, «шампан-шарабын» қойнына қысып алып түнгі 12-ні күзетеді бәзбіреу. Жақсы тілегін айтып, «Әмин» дескеннің орнына, «Алып қояйықтап» шартта-шұрт бокал соғыстырады келіп. Мейлі, ішін, мейлі жесін. Тапқанын «тойда» шашпағанда қайтпек енді? «Асарын асап, жасарын жасап», ол науқанды да өткерген соң, күн жаңарып, көктем келмей ме? Сол кезде Наурыз десе кірпішешендей жиырыла қалатын қазақтарды көріп те жүрміз. Дәл осы шақта 31 желтоқсанда бәркін аспанға атып, бәркін деймін-ау, аспанға оттан шашу шашып, қыпқызыл шығынға ұшырайтын Атымтай Жомарттарды Наурыз айы туғанда таппай қалатынымыз қызық.

**БИЛІКТЕН БҰЙРЫҚ
КЕЛМЕСЕ...**

Атымтай Жомарт демекші, 2018 жыл келер тұста жаңа жылдық безендіруге еліміздің қазынасынан 1 173 689 000 теңге бөлініпті. Безендіруді «беске білетін» Қарағанды 100 млн теңге жұмсап, рекордтық көрсеткіш орнатқан. Қатардан қалмайын деген. Шымқала мегаполистің мәртебесін арттырғысы келді ме екен, биыл 70 млн теңгені безендіруге жұмсаған. Ал Алматы әкімдігі бұл мақсатқа 75 млн теңгені «қанағат» қылыпты. Былтыр «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Асқар Мырзахметовтың өзі үкімет пен облыс әкімдеріне мерекеге дайындық Желтоқсан құрбандарын еске алу күнінен кейін жүргізілсе деген ұсыныспен шыққан болатын. Алайда, мемлекет басшысы Президент күні қарсаңында Астанадағы шыршаның шамын жағып, Жаңа жылға дайындықты бір ай бұрын бастап кеткен еді. Елбасы рұқсат бергеннен кейін өзге облыстарда да бұл үрдіс жалғасын тапты.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Спорт министрі Наурыз мерекесі бұқаралық сипаттан ажырап, фольклорлық қойылым көрінісінен аса алмай жүргендігі туралы пікір білдірген еді. Дүйім бір мемлекеттің мәдениет саласын басқарып отырған басшының наурыз мерекесін жаңа үлгіде өткізу жөніндегі толғақты ой айтып, жалпы ұлттық ауқымда атап өтудің тың

Амал айы келгенде қамалдай бекінген мұз құрсауы жібін, Жер-Ана қайта түлейді. Мақұлық біткен қыбыр-жыбыр тірлігін қайта жалғайды. Мұз құрсауы демекші, жүрегі мұз болып қатпаса да, өгейсіген ағайынның өкпесін, рақайласпаған туыстың ренімін, көңілі қалған көршінің де көкірек шерін тарқататын кез бұл. 14 наурызға бастау алатын осы бір мерекеде қазақтың «Кел, көрісейік!» деп құшақтаса «Жасың құтты болсын!», «Қыстан аман шығуымен!» деген тәс қағыстырып, қауқылдасып жатқаны көзге жылы ұшырайды. Чй аралап, жасы үлкенге арнайы барып көріседі, дастарханынан дәм татады. Бір өкініштісі, бұл үрдіс тек еліміздің батыс аймағында ғана сақталған. Ізгі дәстүрден хабары бар ағайын көрісіп жатқанда, «Бізге мұндай жоқ» деп бедірейе қалатынымыз қазақ деген елге жарасар қылық емес. «Бү не қылған мереке?» деп сіз де таңырқай қалсаңыз, жайланып отырып осы мақалаға ден қойыңызшы. Орайы келсе, үйдегі жүгірмектерді жұмсап, көзілдіріңізді іліп алуды да ұмытпаңыз. Мен бір қызық ақпарды баян етейін...

Безендіруге бөлек, концертке бөлек деген секілді... Әдетте менен журналистер бұл туралы сұрамайтын, сондықтан оны сізге қайдан біліп берерімді білмеймін» дегенді айтты. Ал, жаңа жылдық шыршаға қанша қаражат бөлінгендігін сұрағанымызда «16 миллион теңге бөлінді» деген жауап алдық.

Біздің халық жыл сайып қайталанатын, қалыпқа салып қойған наурыз тойынан шаршаған сынайлы. Қуыршақты бесікке салып, ақ атаңа мініп алып бата берген Қызыр баба бейнесіндегі әртіс кейпі жалықтырады анық. Алаңқайда тігілген киіз үйлер де қарапайым халықты қақпайлап, шенді мен шекпендіге қызмет ететін орынға айналғандай. Осы орайда министр «Қазір Наурыз дегенде, тігілген киіз үйлерге келіп, қонақ болып кететіндер мен сырттан бақылайтындар деп екіге бөліп қарауға болады. Мерекеде бақылаушылар болмайды, бәрі де қатысушы болу керек. Біз осыған аса назар аударғанымыз жөн» дегенде бір дәменің көкейде қалғанын несіне жасырайын? Енді осы ұсынысты тіпалғыш баладайын орындай қояр атқамінерлер болса қуанар едік.

**ТҮСКЕ ДЕЙІН -
ТҮРКІ, ТҮСТЕН
КЕЙІН...**

Тақырыпқа қарап, айтып отырған кірпісі несі деуіңіз заңды. Бізді қынжылтатыны, күнтізбелік жыл басын отыз күн бойы күтіп, жаңа жыл кірген соң және отыз күн жылтырақтан арыла алмай жүретін бір ғадетіміз бары рас. Оны өзіңіз де бас шұлғи мойындарсыз. Ал, Ұлыстың ұлы күні туғанда түске дейін той қылып, түстен кейін керегені жығып, киізді жинап жаңа ғана той өткен алаңқайды көшкен елдей жетімсіретіп қоятыны жаңа батады. «Қазақ десең өзіңе тиеді» демеуші ме еді? Көңілдің қошы болмай, тарылып жүрген бір сәттерде үлкендер «Кірпі шешендей жиырылмай, қабағыңды ашып жүрсенші!» деп ұрысып тастайтын. Сол секілді, түске дейін Тәңірісіне табынып, тектіліктің үлгісін көрсеткен түркінің тұқымы боламыз-дағы, түстен кейін тойды тарқата салатынымыз қызық. «Пейілің тарылмасын!» дегенді санаға сіңірген халық ұрпағы жылына бір келетін Наурыз тойының салтанатын бірнеше күн жалғап, бір жырғап қалуына кім тосқауыл қойыпты?!

Данагүл БЕРЕКЕТ.



Алматы облыстық Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Досымбет Қалдарбек Жорабайұлымен заңнамалық өзгерістерге байланысты әңгімелескен едік. Сұхбат барысында нотариустарға берілген талаптар мен тапсырмалар туралы ақпарат қанық болды.

– Жақып Қажыманұлы Асанов Жоғарғы Сот Төрағасы болып тағайындалғаннан бері сот жүйесі тағы да жаңа бағытқа қадам басуда. Оған сот жүктемесін оңтайландыруға байланысты бірқатар заңнамалық өзгерістерді атауға болады. Осы заңнамалық өзгерістерге байланысты сіздің пікіріңізді білсек?

– Сауалыңыз орынды. Өмір бір орнында тұрмайды. Табиғат екеш табиғат та төрт мезгіл ауысып тұрады. Ауа райы құбылады. Бір орнында қозғалмайды деген тау да шөгеді, мүжіледі. Сол сияқты, Тәуелсіз мемлекет болған соң, заңнамалар да заман ағымына қарай өзгеріп, ескісі істен шығып, жаңасы жаңғырады. Сот саласында да бірқатар реформалар жасалды, заңдар өзгерді. Елбасының өзі соттардың съезінде: «Халықтың сотқа деген сенімін арттыру керек» – деді. Заңнамалардың өзгеруі – заңдылық. Заман ағымына қарай бейімделу кез келген салада болуы тиіс. Мемлекет басшысы бұл туралы ұдайы айтып келеді. Соған



ТОҒЫЗ ДАУСЫЗ ТАЛАПТАР НОТАРИУСТАРҒА БЕРІЛЕДІ

орай, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жариялағаннан бастап сот жүйесі де жанданып, цифрлық технологиялар іске қосылуда. Өзіңіз айтқандай Жоғарғы Сот Төрағасы Жақып Асанов мырза да өз ұстанымы мен ұсынысын енгізді. Мұнда, жеңілдетілген іс жүргізу рәсімдерін дамыту және жетілдіру азаматтардың өз міндеттемелерін мәжбүрлеп орындату кезінде бұзылған құқықтарды соттан тыс қорғауда азаматтық айналымға қатысушылардың жоғары мүдделілігін қамтамасыз ету басымдыққа ие.

Осыған орай, қолданыстағы заңнамаға азаматтық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу рәсімдерін оңайлатуға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар тұрақты негізде енгізілуде. Атап айтқанда, 2019 жылдың 21 қаңтарында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Аталған заң 2017 жылғы 31 қаңтардағы және 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Елбасының халқына Жолдауын іске асыруға бағытталған. Бұл Заңмен 42 заңнамалық актіге, оның ішінде 11 кодекске түзетулер енгізіледі.

– Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасысыз. Өзіңіздің салаңыз бойынша толығырақ қандай Заң, кодекс өзгертінін айта кетсеңіз?

– Күнделікті іс барысында көріп отырғанымыздай, қолданыстағы заңдарымыздың сұрыпталып, заман үрдісіне сай заңдардың өмірге келуі дұрыс. Соның бірі, Азаматтық кодекстің жалпы және ерекше бөлімдері – Жер, Неке және отбасы, Кәсіпкерлік, Салық, Азаматтық процестік және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстеріне түзетулер енгізіледі. Себебі – халықтың сұранысы. Өрбір қабылданған заң халыққа қызмет жасауы керек.

– Демек, жаңа заң кодекстеріндегі өзгерістерді көріп-біліп отырмыз. Бүгінде Жер дауы, Неке және отбасы, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы сотқа тартылып жатқандарда есеп жоқ. Өзгерген заң аясында азаматтарды не күтіп тұр?

– Заңнамалық өзгерістерде тек қана Жер, Неке және отбасы ғана емес, Жылжымайтын мүлік ипотекасы, нотариат, Ұлттық Банкі, Прокуратура, шаруашылық серіктестіктері, селекциялық жетістіктерді қорғау, Қазақстан Республикасының Патент Заңы, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары, Тауар биржалары туралы, атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі, мемлекеттік мүлік, микро қаржы ұйымдары, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, зейнетақымен қамсыздандыру, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, рұқсаттар және хабарламалар, құқықтық актілер, төрелік, төлемдер және төлем жүйелері, Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен

өкілдіктерді есептік тіркеу, банктер және банк қызметі, жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер, Алматы қаласының ерекше мәртебесі, тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары, интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау, кредиттік серіктестіктер,

салу белгіленген.

Заңда қарыз алушы-борышкердің банктік шотынан ақшаны оның берешегін төлеу есебіне алуға шектеу енгізеді, оған сәйкес оның шотында айлық ең төменгі күнкөріс деңгейіне тең сома қалуға тиіс. Бұл норма қиын қаржылық жағдайға түскен қарыз алушы жеке тұлғаларды әлеуметтік қорғауға бағытталған.



бағалы қағаздар рыногы, инвестициялық және венчурлік қорлар, қоғамдық кеңестер, коллекторлық қызмет туралы заңдар жинағы өзгеріске ұшырайды. Міне осы өзгерістермен бұқара халық танысатын болады. Себебі азаматтық іс барысында сотқа талап-арызбен жүгінетіндер көп.

– Ауыз толтырып айтатындай, Заң кодекстеріне бірталай өзгертулер енгізіледі екен. Соның ішінде, «Меншік құқығын қорғауды күшейту» туралы айта кетсеңіз?

– Өте орынды сұрақ. Өрқайсымызда мүлік бар. Ол – баспана, мініп жүрген көлігіңіз. Болмаса жер теліміңіз бар. «Субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын тиесілі мүлікті өз қалауына иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы» берілген. Енді осы заң нормасында «Меншік құқығына» келесідей анықтама беріледі. Банктен ашқан шоттарыңызға және осындай шотты ашқан кезде қарыз бергені үшін қос комиссияларды және ипотекалық қарыздар бойынша 180 күн өткен соң есептелген сыйақыны алуға тыйым салынатыны көзделген. Сондай-ақ, салық кодексіңде, өзіңіз айтқан «Неке және отбасы туралы» Кодексте және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңында алименттік төлемдер үшін ашылатын арнайы шоттардан балаларды ұстауға арналған алименттік төлемдерді өндіріп алуға тыйым

берілді.

Қысқаша меншік құқығын қорғау осылай жүзеге аспақ.

– Ал мұнда, Сот жүктемесі төмендей ме, көбейе ме?

– Мәселен, Азаматтық процесстік кодексіне және «Нотариат туралы» Заңға енгізілетін өзгерістерге қатысты, бұрын соттар қарап келген 9 даусыз талаптар нотариустарға беріледі. Нотариалды куәландырылған мәмілелер, жалақыны өндіру, лизингті талап ету, ломбардтардың кепілін айналымға енгізу, коммуналдық қызметтер бойынша берешектерді өндіріп алу туралы және тағы да басқа талаптарды бұдан былай тек нотариустар қарайтын болады. Бұл сот дауларының үлесі – 20%-дан астамы. Ары қарай, Азаматтық процесстік кодексіне нотариусқа жүгінуді ынталандыру шаралары енгізілген. Яғни, нотариалдық жазба арқылы өндіріп алу мүмкін болса судья талап-арызды кері қайтарады. Егер талапкер дау бар десе, судья сот шығынын талапкерге жүктей алады. Сонымен қатар, тараптардың келісімдеріне негізделген 10 талап жеңілдетілген (жазбаша) іс жүргізуден соттың бұйрықтық іс жүргізуіне берілді.

Оңайлатылған істердің 12 категориясының 10-ын бұйрықтық іс жүргізуге беріледі. Шамамен, бұл оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралған істердің 50%-ға

жуығы. Демек, тараптар бір айлық мерзімде қаралатын істерді 3 жұмыс күні ішінде сот актісін алу мүмкіндігіне ие болмақ.

– Ал сот орындаушыларына қатысты қандай өзгерістер бар?

– Иә, сот орындаушыларына қатысты бұрын сот орындаушыларының қаулысын санкциялауды соттар жүзеге асыратын. Енді бұл жүйені прокурорлар жүзеге асырады. Мұнда, сот орындаушылардың банк шоттарының нөмірлері және оларда ақшаның бар-жоғы туралы ақпаратты талап ету туралы, борышкердің мүлкіне, сондай-ақ жеке немесе заңды тұлғаның банктердегі ақшасына тыйым салу туралы қаулыларын санкциялауды қарастырады. Алайда, борышкер болып табылатын жеке тұлғаның, заңды тұлға басшысының Қазақстан Республикасынан шығуына шектеулер және борышкерді мәжбүрлеп алып келу ісі соттарда қалады. Осылардың барлығы судьялар жүктемесін айтарлықтай азайтады, көбеймейді. Сол үшін де заңнамалық кодекстерге өзгерістер енгізіліп отыр. Керісінше, судьялардың күрделі дауларды қарауына мүмкіндік береді.

– Нотариустың атқарушылық жазбасы деген не?

– Қарапайым қазақи тілмен түсіндіргенде, атқарушылық жазба – сот орындаушыға орындауға ұсынылатын атқарушылық құжат. Мұнда, атқарушылық жазбаны жасау рәсімін, нотариаттық актіге атқарушылық күш беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл ұстаным мәжбүрлеп орындату рәсімін едәуір жеңілдетеді. Яғни, өндіріп алушы борышкер тиісті азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын талаптар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, өзінің талаптарын негіздейтін құжаттарды ұсына отырып, атқарушылық жазба жасау үшін нотариусқа жүгінуге құқығы бар.

– Шынын айтқанда, өзгеріп жатқан заңнамалық кодекстер туралы қараша қауым біле бермейді. Газет оқырмандарына түсінікті болу үшін, «Төрелік шешім туралы» заң аясында қысқаша түйіндеп бөрсеніз?

– Мұны да қарапайым тәсілмен түсіндіріп берейін. Дауларды қарау кезінде төрелік шешімге шетелдік құқықты қолдану мүмкіндігі берілген. Бұл түзету квазигоссектор субъектілеріне сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығының арбитражына жүгінуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, тиісті саланың уәкілетті органының тарабы квазигоссектор субъектісі болып табылатын төрелік келісімді жасайды. Сондай-ақ, заң төрелік шешімді орындаудан бас тартудың негізі төрелік құрамының заң талаптарына сәйкес келмеуі ғана емес, онымен қоса осы құрам тараптарының келісіміне сәйкес келмеуі туралы нормалармен толықтырылады.

– Сұхбаттасуға уақыт бөлгеніңізге көп рақмет, еңбектеріңіз жемісті болсын!

Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Дүйсенбі - Понедельник, 18 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

КТК

06.05 «Senbilik tan»
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPAPAT
10.00, 03.20 «HIT QAZAQSTAN»
11.00 «Apta»
12.05, 21.50 Т/х «ТОПЫРАҚҚА ТАМҒАН ТЕР»
13.15 «Beinesaz»
13.35, 19.10 Т/х «Іздедім сені»
14.25 «SHANYRAQ»
15.55, 22.50 «Ертұғырыл»
17.15, 02.20 ELDEN HABAR
17.30 «MENIN QAZAQSTANYM»
18.05 «BALANYN KONILI...»
18.20 «ARNAIY JOBA»
18.40 «SERPIN»
20.55 «QAREKET»
23.50 «TUNGI STUDIO»
01.20 Телехикая «Достар»
01.45 Т/х «Қалампыр»
02.30 «Ұлт мақтанышы»
03.00 «ARNAIY JOBA»

07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ»
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.00 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.30 «Юрмала» (повтор)
11.30 «Комната в видном на огни» (повтор)
13.30 «Гостья из прошлого»
15.20 «Эн мен әнші»
18.00 «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Ветеран»
23.30 «Семейные обстоятельства»
01.20 «Министерство правды»
01.40 Т/х «Сүйікті Дениз»
03.00-04.00 «Тағдыр қосқан асыл жар»

ЖЕТИСУ

07.05 Өн әлемі
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Апта (қаз)
09.50 Өн әлемі
10.00 Апта (рус)
10.50 Спорт тайм (қаз)
11.15 Полиция қызметі
11.50 Өн әлемі
12.00 Зерде
12.50 Д/ф «Күй қағаны»
13.25 Концерт «Құс жолы»
15.40 Д.ф. «В поисках знаменитый»
16.10 Ұлт рухын көтерген сазгер
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Әкім сағаты Тікелей эфир
20.00 Бай қуатты болайық
20.30 Жаңалықтар
21.00 Туржорық
21.30 Новости
22.00 Тағдыр мен тұлға
22.35 Д/ф «Животные-лекари»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40, 06.00, 12.30 Сериал «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӨНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 «ИНФОРМБЮРО»
08.00 Х/ф «Принс Персии: пески времени» (повтор)
10.30, 21.00 «Махаббатым, кеш мені»
14.30 М/с «Алладин»
15.30 «Тайна Коко» (повтор)
18.00 Т/с «Кухня»
23.00 Алдараспан, Нысана, Шаншарәзілдері
23.30 Х/ф «Пираты Карибского моря: на краю света»
02.30 «WhatsUp?»
03.20 Қазақша концерт

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00 «Қуырдақ»
08.00 Т/х «Элиф»
09.00 М/ф «Питер Пэн»
11.10 «Служебный роман. Наше время»
13.10 «KZландия»
13.30, 21.05 «Q-елі»
14.30 «Бастық боламын»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 «Водоворот чужих желаний»
17.45 «Спецотряд «Кобра 11»»
18.50 Т/х «Жаңа келін»
20.00, 03.00 «Элиф»
21.00 Лотерея 777
21.40 «Мажор-2»
23.50 «Спецотряд Кобра 11»
01.10 «Юрмала»
05.00 «Жеңіп көр»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00 «Өз үйім»
10.25 «Журналистік зерттеу»
10:45 Премьера: National Geographic «Марс»
11.30 «Символы нашей родины»
12.10 «Алтын бесік»
12.40 «Қайсар жандар»
13.10 Т/с «Позднее раскаяние»
15.00 «Давайте говорить»
15.50, 00:00 «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ»
16.45 «Тағдыр тартысы»
17.15 «Бір туынды тарихы» циклінен д/ф
17.50 «Bilim»
18.15 Т/х «Бәсеке 2»
19:30 Т/х «Өз үйім 2»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 «Ана жүрегі»
22.20 «Королева ночи»
01.00 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00, 03.30 «KazNet»
07.00 «Қош келдіңіз»
08.00 «Избранное за неделю»
09.00 «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00, 21.00 «Таңдауым сен»
12.00, 19.00 «№ 309»
13.00 «Біздің уақыт»
13:45 «Moneytime»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.15, 18:00 «Алдар Көсе»
15.00 «Райское место»
18.20 «Келіндер жобасы»
20.00, 02.00 Жаңалықтар
20.30 02.30 Новости «2030»
23.00 Т/х «Келін бақыты»
00.00 «Қара нан»
01.00 «Көріпкел»
03.00 «Ой мен ойын»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ЭН ДАРИЯ»
06.40 «Той заказ»
07.10 «TAMADA BATTLE»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Две жизни»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «На самом деле»
15.55 Х/ф «Давайте познакомимся»
16.55 «Пусть говорят»
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
18.45 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Дикий 4»
22.00, 02.30 «П@УТИНА»
01:45 Ночной кинотеатр «Убойная сила»
03.15 «ЭН ДАРИЯ»
04:00 «Той заказ»

Сейсенбі - Вторник, 19 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

КТК

06.05 Концерт
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPAPAT
10.00 «HIT QAZAQSTAN»
10.55 «Роботкөлік Поли»
11.15, 17.50 «Kim bilgir?»
12.05, 21.50 Т/х «Топыраққа тамған жер»
13.15 «Beinesaz»
13.35, 19.10 Т/х «Іздедім сені»
14.25 «SHANYRAQ»
15.55, 22.50 «Ертұғырыл»
17.15 ELDEN HABAR
17.30, 03:50 «Jan jlyuu»
18.35 «KONIL TOLQYNY»
20.55 «QAREKET»
23.50 «TYNGI STUDIO»
01.20 Т/х «Достар»
01.50 Т/х «Қалампыр»
02.25 «HIT QAZAQSTAN»
03:15 «TUNGI STUDIO»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 19.30 «Өз үйім-2»
10.30, 22.20 «Королева ночи»
12.10 «Сана»
12.40 «Қайсар жандар»
13.10 Т/с «Позднее раскаяние»
15.00 «Давайте говорить»
15.45, 23.50 «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ»
16.45 «Тағдыр тартысы»
17.15 «Ұлы дала өркениеті»
18.00 «Народный контроль»
18.15 Т/х «Бәсеке 2»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Анажүрегі»
00.45 «Алтын бесік»
01.15 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00, 20.00, 02.00 «Жаңалықтар»
06.30, 20.30, 02.30 Новости «20:30»
07.00 «Қош келдіңіз»
08.00 «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00, 21.00 «Таңдауым сен»
12.00, 19.00 «№ 309»
13.00 «Ел аузында»
13.45 «Moneytime»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.15 «Moneytime»
14.30, 18:00 «Алдар Көсе»
15.00 «Райское место»
18.20 «Келіндер жобасы»
23.00 Т/х «Келін бақыты»
00.00 «Қара нан»
01.00 «Көріпкел»
03.00 «Ой мен ойын»
03.30 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ЭН ДАРИЯ»
06.40 «Той заказ»
07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Две жизни»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «На самом деле»
15.55 Х/ф «Давайте познакомимся»
16.55 «Пусть говорят»
18.45 «Кеш қалмайық»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Дикий 4»
22.00, 02.30 «П@УТИНА»
03.15 «ЭН ДАРИЯ»
04:00 «Той заказ»

Служебное удостоверение №174 от 11.01.2017 г. на имя Нұрхан Әділхан Лесханұлы выданное Департаментом юстиции Алматинской области считать недействительным.

ЖЕТИСУ

07.05 Өн әлемі.
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Өн әлемі
10.10 Ем болсын
10.30 Бай қуатты болайық
11.00 Д.ф «Искусство странства»
11.30 Д/ф «Ұлы далаға оралған ұлы Рух»
12.00 Шашу
13.50 Туржорық
14.10 Концерт «Егізім»
16.15 Д.ф. «Этот странный мир»
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Тұжырым
19.30 «Оқырман» әдеби клубы
20.15 Net.laik
20.30 Жаңалықтар
21.00 Тарих парақтары
21.30 Новости
22.00 «Айгүл» анасамблiнiң концерті
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40, 06.00, 12.30 Сериал «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӨНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 «ИНФОРМБЮРО»
08.00 Х/ф «101 далматинец»
09:50 «Маша и медведь»
10.30, 21.00 «Махаббатым, кеш мені»
14.30 М/с «Алладин»
15.30 «Воронины»
18.00 Т/с «Кухня»
23.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
23.30 Х/ф «Пираты Карибского моря: на странных берегах»
02.00 «WhatsUp?»
02.50 Қазақша концерт

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00, 14.00 «Бастық боламын»
08.00, 20.00, 03.00 «Элиф»
09.00, 21.40 «Мажор-2»
11.15, 01.10 «Юрмала»
13.30, 21.05 «Q-елі»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 «Водоворот чужих желаний»
17.45, 23.50 «Спецотряд Кобра 11»
18.50 Т/х «Жаңа келін»
21.00 Лотерея 777
05.00 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 20 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPAPAT
10.00 «HIT QAZAQSTAN»
10.55 «Роботкөлік Поли»
11.15, 17.50 «Kim bilgir?»
12.05, 21.50 «Топыраққа тамған тер»
13.15 «Beinesaz»
13.35, 19.10 Т/х «Іздедім сені»
14.25 «SHANYRAQ»
15.55, 22.50 «Ертұғырыл»
17.15 ELDEN HABAR
17.30 «AQSAYYT»
18.35, 03.15 «JARQYN BEINE»
20.55 «QAREKET»
23.50 «TYNGI STUDIO»
01.20 Телехикая «Достар»
01.50 Т/х «Қалампыр»
02.25 «HIT QAZAQSTAN»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Өнұран
06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00 «Өз үйім-2»
10.30, 23.00 «Королева ночи»
12.10 «Важно знать»
12.35 «Қайсар жандар»
13.10 Т/с «Позднее раскаяние»
15.00 «Давайте говорить»
15.45, 00.40 «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ»
17.00 «Тағдыр тартысы»
17.30 «Әмір жолы»
18.00 «Біздің назарда»
18.15 Т/х «Бәсеке 2»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 «Ана жүрегі»
01.40 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00, 20.00, 02.00 «Жаңалықтар»
06.30, 20.30, 02.30 Новости «20:30»
07.00 «Қош келдіңіз»
08.00 «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00, 21.00 «Таңдауым сен»
12.00, 19.00 «№ 309»
13.00 «Ел аузында»
13:40 «Moneytime»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.15, 18:00 «Алдар Көсе»
15.00 «Райское место»
18.20 «Келіндер жобасы»
23.00 Т/х «Келін бақыты»
00.00 «Қара нан»
01.00 «Көріпкел»
03.00 «Ой мен ойын»
03.30 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.15 «ЭН ДАРИЯ»
06.40 «Той заказ»
07.10, 18.00, «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Две жизни»
12.00 «Қалаулым»
15.00 Х/ф «Воспитание и выгул собак и мужжин»
16.55 «Пусть говорят»
18.45 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Дикий/4»
22.00, 02.30 «П@УТИНА»
01.45 Ночной кинотеатр. «Убойная сила»
04.00 «Той заказ»

КТК

07.00 ҚР Өнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Қайсар жесір»

08.00 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.20 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
11.20 «Семейные обстоятельства»
12.50 Новости
13.30 «Ветеран»
15.30 «Эн мен әнші»
18.00 «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «Мама Люба»
01.30 «Министерство правды»
02.00 Т/х «Сүйікті Дениз»
03.30-04.10 «Тағдыр қосқан асыл жар»

ЖЕТИСУ

07.05 Өн әлемі.
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Өн әлемі
10.10 Ем болсын
10.30 Тұжырым
11.00 Тарих парақтары
11.25 Д/ф «Жәңгір хан»
12.00 Шашу
12.50 Цикл «Тарих»
13.00 «Оқырман» әдеби клубы
13.50 Д.ф «Что? Где? Когда?»
14.20 Сая Есенгелдинованың концерті
16.20 Д.ф. «Краски степи»
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Ұлт пен рух
19.30 Құтты қонақ
20.15 Өн әлемі
20.30 Жаңалықтар
21.00 Арнайы репортаж
21.30 Новости
22.00 «Айгүл» анасамблiнiң концерті 2 бөлім
22.40 «Тарих» Темірбек Жүргенов.
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40, 06.00, 12.30 Сериал «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӨНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 «ИНФОРМБЮРО»
08.00 Х/ф «101 далматинец-2: приключения Патча в Лондоне»
09:50 «Маша и медведь»
10.30, 21.00 «Махаббатым, кеш мені»
14.30 «Алладин»
15.30 «Воронины»
18.00 Т/с «Кухня»
23.00 Кино «Хроники Нарнии: лев, колдунья и платяной шкаф»
01.50 «WhatsUp?»
02.30 Қазақша концерт

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00, 14.00 «Бастық боламын»
08.00, 20.00, 03.00 «Элиф»
09.00, 21.40 «Мажор-2»
11.15, 01.10 «Юрмала»
13.30, 21.05 «Q-елі»
14.30 «Айнаонлайн»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 «Водоворот чужих желаний»
18.50 Лотерея 6/49
19.00 Т/х «Жаңа келін»
21.00 Лотерея 777
23.50 «Спецотряд Кобра 11»
05.00 «Жеңіп көр»

ЕРКІННЕН ШЫҚҚАН ЕРЛЕР

АДАМ БАЛАСЫ ӨЗІНІҢ ТУЫП-ӨСКЕН АУЫЛЫН, ҚАЛАСЫН JAҚCЫ КӨРІП, ОНЫ ӘРДАЙЫМ JAДЫНДА САҚТАУЫ, САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛУЫ DA – АДАМИ ЗАҢДЫЛЫҚ. ОҒАН ӨСКЕН ЖЕРІНІҢ ТАУ-ТАCЫ МЕН ӨЗЕН-КӨЛДЕРІ DE ЫCТЫҚ БОЛАТЫНЫ ТҮCІНІКТІ. МЕНІҢ ЫCТЫҚ СЕЗІММЕН ӘҢГІМЕЛЕГЕЛІ ОТЫРҒАН АУЫЛЫМ – ЖОҢҒАР АЛАТАУЫ БӨКТЕРІ МЕН ҚАРАТАЛ ӨЗЕНІ ОРТАСЫНДАҒЫ ШҰРАЙЛЫ ЖАЗЫҚТА ОРНАЛАСҚАН ЕРКІН АУЫЛЫ. «ЖЕР ЖӘННАТЫ ЖЕТІСУ» ДЕП МАҚТАНЫШПЕН АЙТАТЫН, НАҒЫЗ ЖЕРДІҢ ШҰРАЙЛЫCЫ СОЛ ЕРКІН ДЕР ЕДІМ.

Колхоз, совхоз кездерінде ауылшаруашылығы саласы бойынша біздің ауыл үлкен жетістіктерге жеткен. Ұлы Отан соғысы жылдарында ауыл тұрғындары шамалары келгенінше майданға көмек ретінде мал және бидай өнімдері арқылы үлестерін қосқан. Сарыбұлақ ауылының атынан соғыс ұшақтарын қаржыландырып, бас қолбасшы Сталиннің алғыс хатымен марапатталған. Сол шараның бел ортасында колхоз басшысы, менің әкем Берліқожанов Есжан да белсене араласқанын мақтанышпен атап өткім келеді. Қазірде Ауылымыз Талдықорған қаласымен шекаралас тұрғандықтан, Еркін

қозғауға болады. Ол 1948 – 1951 жылдары қазіргі Ұлттық қауіпсіздік қызметіне дайындау мектебінде білім алып, саналы ғұмырының жартысын қауіпсіздік комитетінде, жартысын милиция қызметінде өткізген. Талдықорған облысының бірнеше аудандарында ІІБ-нің басшысы болып 11 жыл үздік қызмет жасаған ағамыз қазіргі қаржы полициясында қызмет етіп, зейнетке шықты. Ағамыздың бауыры, зейнеттегі милиция полковнигі Тазабеков Қазбек Рысбекұлы еңбек жолын Талдықорған облыстық Ішкі істер басқармасының тергеу бөлімінен бастап, Алматы облыстық қылмысты атқару жүйесінде бөлім, басқарма бастығы қызметін абыроймен атқарып, қазір зейнет қызығын көруде.

Осы ретте Әбілхан Асылбеков ағамызды атап өтуді жөн көрдім. Ол 1955-1956 жылдары Қазан қаласында милициялық оқуды тәмамдап, лейтенант дәрежесімен Талдықорғанға оралды. 1958 жылы Талдықорған облысы Алматы облысына қосылып жатқан тұста қызметінде қысқарту болуына байланысты алдында таңдау турды. Нәтижесінде Алакөл ауданында ұсынылған қызметтен



Ықсан ЕГІЗБАЕВ.

бас тартып, отбасының жанында қалды. Әбілхан ағамыздың немересі Азат Әлімханұлы Панфилов аудандық қауіпсіздік комитеті басқармасы бастығы болып, еліміздің шекаралы ауданында қызмет етуде.

Менің де милиция қызметін таңдауыма бірден-бір себеп-



Кәсенхан ЖҮНІСБЕКОВ.

кер болған – Кәсенхан көкем. Нұсқаушы әрі ұстазым менің кәсіби заңгер болып, қызмет биігіне көтерілуіме көп көңіл бөлді.

Кейде милиция майоры марқұм Искаков Жақыптың бейнесі еріксіз еске түседі. Бибатыров Арыстан ағамыз да қазіргі қаржы полициясы қызметінде жоғары лауазымда болып, сол қызметтен зейнетке шықты. Ағайынды Батыров Бүркітбай және Ғалымжан екеуі де жоғарғы дәрежедегі офицерлер болды. Облыстық ІІБ-нің жедел қызметінде бас маман болған Зәмза Байқадамов пен інісі Баймұқан Қожахметовті сағынышпен еске аламын. Баймұқан марқұм екеуіміз Ақсу ауданының қылмыспен күрес қызметінде бірге жұмыс атқардық. Зәмза ағамыздың қызы Эльмира Байқадамова Талдықорған қалалық полицияның Көші-қон бөлімі бастығы орынбасары, інісі Серік полиция полковнигі қызметінде. Баймұқанның ұлы Жәнібек Алматы қалалық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тергеу бөлімінің аса маңызды істер бойынша маманы болып әке жолын жалғастырып отыр.

Ағайынды Басанов Бауыржан мен Бағланды жылы сезіммен атауды жөн көріп отырмын. Бағлан полиция полковнигі, басқарма бастығы қызметімен зейнетке шықты. Бақытжан Бағланұлы – полиция қызметін адал атқарған запастағы подполковник.

Сондай-ақ, бірге оқыған Насырбеков Нұртілеу Мәдиұлы да – қазір әскери зейнеткер.

Інім Есжанов Қайратхан Мәкенұлы да – жиырма бес жыл милиция қызметін адал атқарған зейнеткер. Үлкен ұлы, полиция подполковнигі Есжанов Мұратхан да Алматы облыстық ІІБ-нің кадр бөлімі қызметінде

білікті маман. Өзімнің кіші ұлым Берліқожанов Азамат Алматы қаласы Наурызбай ауданы ІІБ бастығының орынбасары болып, менің ісімді абыроймен жалғастыруда.

1970 жылдары ауылдан бірден 5-6 жігіт Алматы милиция мектебін тәмамдады. Олардың алдыңғы қатарында Жексенбаев Көпбосын және Тырнабаев Арахан, Молдажанов Қалиев Әділ, Бейсенбаев Абай, Сейтқалиев Төлек, Нүсіпбаев Темірбай, Сағадиев Ғалым, Күмісбеков Нұрабек, Қарабеков Нұрлан бар. Осы топтан көптеген жоғары білікті маман, жақсы басшылар шыққаны елге мақтаныш. Қарабеков



Бағлан БАСАНОВ.

Нұрлан Наурызбайұлы Астанаға министрлікке ауысып, қызметін есірткіге қарсы күрес комитетін басқарып тәмамдады.

Молдажанов Тұрарбек көкеміз сол кездегі Талдықорған облыстық ІІБ-нің кадр бөлімі бастығына дейін көтерілген. Қалиев Әділ қалалық қаржы полициясы бастығы болды.

Ал, Көпен облыстық басқармасының кезекші бөлімін басқарған милиция подполковнигі болып зейнетке шықты.

Нұрабек Күмісбеков Талдықорған қалалық ІІБ-нің паспорт бөлімі бастығы қызметімен абыройлы зейнетке шықты.

Алматы қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің аса маңызды істер жөнінде бас маманы болып жүрген Хасан Араханұлына қарап тұрып, оның жігіттік бауырмалдығын, іскерлігін көріп, іштей жолының жарқын болуын тіледім.

Ауылдан шыққан МАИ қызметкерлері Имашұлы Зәнем, Мерекенов Жанайбек, Стамшалұлы Кәнесбай,

Әлсейтов Әртелбай, Нұраханұлы Аманжол, Сейтқалиев Төлек, Есболғанов Наурызбай, Нұрғалиұлдары Темірбек пен Қасымхандар, Қатыранұлы Ерасыл, Сортов Әсет марқұм есіме түседі.

1980 жылдары жол апатынан көз жұмған милиция капитаны Байтақов Ахмет Бабашұлын өкінішпен еске аламын.

Талдықорған қалалық ІІБ-нің күзет бөлімінде үздік қызмет көрсеткен Шабаев Камильдің, досым Мұқашев Өмірәлінің облыс комитеті ғимаратының кіреберісінде тәртіп сақшысы болып тұрғандары әлі көз алдымда.

Күзет демекші, ауылымыздың бірінші күзеткерлері Қатыран аға мен Бәри аға еріксіз еске түседі.

Талдықорған қалалық ІІБ-нің жедел бөлімінде, кейіннен кезекшілік бөлімінде жақсы қызметкер ретінде бағаланған милиция подполковнигі Ғалым Жұмашұлы Отарбаев ағамызды да жиі еске аламын.

Облыстық ІІБ-нің уақытша оқшалау бөлімінде қызмет атқарып зейнетке шыққандар қатарына Байәділов Боранбай Үркімбауұлы, Дүйсеменов Есенбек Қалибекұлы және Мырзаханов Махмұдарды атауға болады. Бұлар өз мамандығының жілігін шаққан білікті офицерлер болған, қазір зейнетте.

Республиканың сотын да, прокуратурасын да басқарған генерал қатарында Нарықбаев Мақсұт және облыстың көп аудандарында сот төрағасы болған Мерекенов Тәуірбек және Ерғалиев Тоқмолда, Алдұңғаров Баймұхамбет бар.

Милиция қызметінің ауырлығын тек сол қызметті атқарып жүріп қана сезесіз. Бұл қызметтің қауіптілігі өте үлкен сол себепті өмірден ерте озғандар да бар. Аманжол, Зәмза көкелерім және достарым Баймұқан, Әсеттің өмірден тым ерте кеткендері жүрек сыздадатады.

Мақаламды аяқтай отырып, біздің ауылдан осыншама заң саласында биікке жеткендердің көп болуы туған жердің қасиеті деп тұжырымдаймын.



Төлеген БЕРЛІҚОЖА, запастағы әділет полковнигі, адвокат.

ауылының ауылшаруашылық өнімдерін қала тұрғындары үнемі тұтынады.

Еркін колхозында тұрғындардың барлығы әр мамандық бойынша жұмыста болды. Бірі малшы, бірі егінші, ал қалғандары мектеп және басқа да салада қызмет атқарды. Кейбір ауылдастар қалада жұмысқа тұруға тырысты. Осы тұста әскери, милиция және басқа да заң қызметі саласында еңбек еткен ауылдастарым туралы біраз ой қозғағым келеді.

Бала күнімізде әскерден келген ағаларымыздың фуражкасын үнемі киіп жүретін балғын кездер әлі көз алдымда. Ауылдастардың біразы әскери, прокуратура және милиция саласында полковник дәрежесіне дейін көтерілді. Мақсұт Нарықбаев жоғарғы сотты басқарып, республиканың бас прокуроры болып, генерал шенімен қызметін аяқтады. Қарағанды облысының Ішкі істер басқармасын басқарған, кейіннен Ішкі істер министрінің орынбасары болған, милиция полковнигі Егізбаев Ықсан аға ауылдың талай балаларына аға ретінде қамқорлық танытқаны бәрімізге аян. Әрі ауылдастар Алматыда Ықсан мен Ырым ағаларымызға барып, қолдау табатын.

Ауылымыздан шыққан алғашқы милиция полковнигі, қазір тоқсанның төріне жайғасқан зейнеткер Тазабеков Күмісбек Рысбекұлы туралы көптеген қызықты әңгімелер

Басы өткен санда.

Жігіттер бір-біріне қарасты да, ешқайсысы үндемеді. «Бірақ сендер мені қуып жете де, шайқасып жеңе де алмайсыңдар. Мені қытайға ұстап бергенде сендерге түсер соқыр жармақ пайда да жоқ» деген Сағидоллаға жігіттердің ешбірі тіл қатпады. Тек мән-жайды енді түсінгендей, ыңғайсыздана берді. Тіпті, сөз соңында оған жанашырлық сыңай танта бастағандай болды. Сағидолла: «Тағы бір айтарым, жолыққаның Сайдығұлға менен үш қайтара сәлем айтарсыңдар, аман-сау елге кетіп бара жатқанымды жеткізерсіңдер. Бәрің де аман болыңдар!» – деді де, ат басын бұрып жүріп кетті. Жігіттер де алғашқы арын жоқ. «Сау болыңыз! Жолыңыз болсын!» десті де, таңдана қарап тұрып-тұрып, кері қайтты.

Қоңыр күздің қоңыраулы даласы. Сағидолла әйгілі Майлы тауының жота-жондарындағы көш жолдарының бірімен сыдыртып келеді. Ат үстінде алыс-жақынға көз салып, айналасын шөла қарайды. Таныс аймақ, таныс маң. Майлы өңіріндегі Нарынсу, Аршалы, Кертас жайлауындағы ел тегіс етекке қоныс аудара бастапты. Бөктер-бөктердегі жыра-жылғалардан андыз-андыз тігілген ақ боз үйлер көрінеді. Маңайы мыңғырған малға толы. Алла бұйырса ол енді бір-екі күнде Алакөлдің тұсынан бірақ шықпақ. Жүрер жолдың көбін еңсеріп, азы қалды. Ендігі үлкен бір кедергі – шекара өткелі. Сағым үйірген сары жондағы иір-қиыр көш жолы бірде оны ылдилатып сайға бастаса, бірде тастақ бел-белестерден асырады. Сағидолла таудан түсіп, тағы бір бұйратқа қарай бет ала бергені сол-ақ еді, алдынан жер қайысқан түйе табынын қайырмақтаған бір бойжеткен кез бола кетті. Өзі жаяу, иғында тезек толы қабы, бір қолында ұзын шыбығы бар. Қыз өзіне қарай тура тартып келе жатқан жолаушыны көріп, қабын жерге қойып, сыпайы ғана сәлемдесіп, ізгі ілтипат білдіре берді. Қарапайым ғана қазақтың қызы. Оның әдемі келген аққұба жүзіне тоқтаусыз ойнақшыған қара көздері жарасып-ақ тұр. Қарлығаштың қанатындай қиылған қиғаш қастары көркін тіпті аша түскендей. Бірақ шыт-шыт жарылған қолдары мен терісі көшіп жемтірленіп кеткен еріндерінен тұралатып тұрған тұрмыс тауқыметін анық аңғаруға болады. Оның үстіне даланың аңыз-ақ желінде тезек теріп, ер азаматша мал соңында жүрген тірлігі мынау. Әйтеуір, өзін қанша көңілді ұстап, сыр бермеуге тырысқанымен, жан дүниесінен бір кірбездіктің бары сезіліп тұр.

Сағидолла қызға алдымен өзінің алыс жолдан келе жатқан жолаушы екенін айтып, жөн сұрады. Алғашында сәл тосырқап, жүзін төмен салып ұялшақтай берген қыз біраздан соң ғана шешіліп, жалпы жайды түсіндірді. Сөйтсе, қыз еке-шешесінен ерте айырылған тұл жетім екен. Қазір бір малшы қарияның отымен кіріп, суымен шығып, өлместің күнін көріп жүргенін айтты. Мұны естіген Сағидолла өзінің түрікпеннің түбінен азып-тозып келе жатқанын мүлде ұмытқан, енді оны «бұл бейшара қызға қалай көмектесем, қалай қол ұшын берсем екен» деген ой мазалай берді. Тағдыр сынына ерте ілініп, мезгілсіз марқайғаны болмаса, байғұс қыз бүлдіршіндей. Тіпті, бұғанасы да толық қата қоймаған. Осының бәрі Сағидолланың жан дүниесін лезде астаң-кестең етті. «Әйтеуір, қайда барсаң, ит көрмес, түтін танымас күйге түсіп қаңғырып жүрген қазақ» деп іштей налыды. Шынымен де, өзі қашып-пысып жүрген жәннан не қайыр? Сағидолла «Әлде бұл қызды өзіммен бірге шекара асырып алып кетсем бе екен? Бәлкім... Басқа не амал?» деп шиыршық атып ары ойланды, бері ойланды. Ақыры сәл сабырға келіп, алдымен не істеу керектігін ойластырып алу үшін біраз аялдауға тура келді. Ол атын отқа қойып, қыздан:

– Үйің таяу ма? – деп сұрады.

– Иә, көп алыс емес, – деді бойжеткен бәсең үнмен.

– Олай болса, сен андағы қаптағы тезегінді үйіңе апарып таста да, маған балға, тістеуік алып келе қойшы, атымның бір тағасы босап қалып еді, қайта қағып алайын. Мен осында біраз ат шалдырып, сенің малыңды қайырмақтай тұрармын. Со-сын қалған істі тағы ойластырармыз, – деді. Қыз басын изеп, қабын арқалап үйіне қарай жөнелді. Сағидолла шашау шыққан түйелерді қайырмақтай жүріп ойға кетті.

Қызды өзіммен бірге шекара асырып кетейін, бірақ ертеңі күніміз не болмақ? Шекараны аман асқан күннің өзінде баяғыдай кері қайтарып тастаса қайтем? Онда екеуіміз бірдей сорлап, түрменің түбінде шіріміз ғой. Онда бұл қызға бақыт емес, бәле тауып бергенім ғой. Ал қыз осында қалса көрген күні мынау. Не істеуге болады? «Ары тартсаң арба сынады, бері тартсаң өгіз өледінің» кебі. Қой, қыздың жылы орнын суытпайын. Оған өз жайымды, бар шындықты айтайын. Қыз өзі не дер екен?..



Жазыққан

Айдын КӘЛІМХАН

Көп ұзамай үйіне кеткен қыз да оралды. Сағидолла айдалада қызға атының басын ұстатып қойып, төрт тағасын суырып, теріс қаратып қаға бастады. Себебі, енді шекара өткелі жақын, бір серпілсе елге де жетпек. Ал, аттың тағасын теріс тағалағаны – ілгері жүрсе, кейін кеткен жылқының ізі түседі. Шекара маңында біреу-міреу із шалып, қуғындап жатса, бір септігі тиер дегені. Сағидолланың ішкі есебі осы. Қызбен арадағы әңгіме біразға созылды. Алғаш кездескендей емес, екеуі бұрын таныс-біліс, сырлас адамдардай шүйірлесіп кеткен. Сағидолла ақыры қызға өз басынан өткен барлық жайды, бүкпесіз шындықты айтты. Тіпті, ол өзінің түрмеден қашқан қашқын екенін және бұдан бұрын да шекара асып, орыс әскерлері кері қайтарып тастағанын да жасырған жоқ. Бұл жолы да үш айдан астам уақыт жүріп, сонау Тақламақан шілінен бері ұшы-қиырсыз даламен жаяу-жалпылы осы жерге жеткеніне дейінгінің бәрін баяндады. Қыз Сағидолланың жан тегісіз кешірмелерін естіп аяп кеткен, жүрегі елжіреп, бірге қамығады. «Бұл қиындықтарға қарағанда менің көрген күнім әлдеқайда жеңіл екен-ау. Мен емес, нағыз тағдыр тәлкегіне ұшыраған жан мына кісінің өзі екен» деп бойжеткен ойға шомып отыр.

Қоштасар сөт. Сағидолла атын тағалап, ер тұрманын, әбзелдерін тағы бір мәрте бекемдеп алып, атқа қонды. Сосын қызға қарап: «Ал, айналайын, ағаңды кешір. Сенің бар жағдайыңды жақсы түсінем, ері мұндағы тозақтан сені құтқарып кеткім-ақ келді. Бірақ қалай ойлап көрсем де шамам келетін емес. Өйткені, жаман айтпай жақсы жоқ, ертең мен тағы қолға түсіп, шекарашылар Қытайға кері қайтарып тастаса, менімен бірге сен де сотталып кетесің. Онда сені елге ертіп кетемін деп осы күніңе зар қылып қоямын ғой. Сен енді не де болса шыда. Ал мен тағдырдың басқа салғанын тағы да жалғыз көрермін» – деді. Қыз да оған түсіністік танытып, қимай-қимай қоштасып, сөт сапар тілеп шығарып салды.

Осыдан көпке дейін Сағидолланың жатса-тұрса көз алдынан қыз бейнесі бір кетпей-ақ қойды. Бірде бейшара қыздың жат босағада жүрген аянышты хәлі көз алдына келсе, енді бірде оның қоштасар сәттегі ақ торғындай жүзін бойлап, сынаптай сырғып түскен моншақ-моншақ жас тамшылары елестейді. Сағидолла қыздың көрген машақатын естіп тұрып, жан азабын сезіп-біліп тұрып қол ұшын бере алмай кеткеніне қынжылды.

Қызбен қоштасқан бойда ол Майлы тауының батысындағы Достық шекара өткелімен шеттесіп жатқан Қоңырбасаз жайлауынан келіп шықты. Бұл өңір де оның өзі туып-өскен Толы ауданына қарасты малшылар жайлауы. Кезінде қазақтың қас батыры Қаракерей Қабанбайдың ірге қонысы болған. Шөбі шүйгін, суы мол киелі өлке талай тарихи болмыстарға куә. Жазда жайқала өскен қарабас бетегеден жатқан құлын көрінбейтін. Шамалы жел тұрса, бетеге басы

ырғалып, көз жеткісіз атырап өркеш-өркеш теңіздің толқынындай тулап ала жөнелетін. Ал, Қоңырбаның батысындағы қысы-жазы басынан қар кетпейтін шоқтығы биік құз – Шалғыш тауы. Қоңырбадан Шалғыш тауына дейінгі аралық бұта-бүргенді тапал төбешіктермен жалғасып, қаздиган қара шағылды биік шоқыларға барып тіреледі. Соның бірі – Түйебас. «Түйебас» атауының да мәні тереңде. Өз дәуірінде қас батыр Қабанбайдың құбас аты мен ақбас атан түйесінің болғаны анық. Осы өңірді мекен еткен батыр бірде ақбас атан түйесін жетелеп, біраз қолмен шығысқа аттанады. Айлық сапарынан батыр ақбас атанға алпыс қас ащы артып қайтады. Оны жұртқа тегіс үлестіріп берген соң екінші мәрте тағы да жолға шығады. Бұл жолы жануарға одан да мол тұз артып қайтса керек, түйе Қоңырба жалауындағы үлкен сазға жеткенде бөлі үзіліп өліпті. Сонымен батыр өміріндегі жанына ең жақын ақбас атан түйесінің бас сүйегін таудағы ең биік жартастардың біріне шығартқызып қойған екен. Осылайша түйенің бас сүйегі қойылған қара шоқыны жұрт «Түйебас» атап кеткен. Арада бірнеше ғасыр өтсе де «Түйебас» атауы ұрпақтан-ұрпаққа қалып келеді. Ал, сол жалама жартасқа шығарылған бас сүйек саф алдырылған би дәстүр бойынша жыл толысымен ұлының ақырғы асын берген. Жаз шыға жүз жылқының құйрық-жалын күзетіп, қылын лайға қосып отыз атты адамға кештіріп, осы қорғанды тұрғызған екен. Міне, содан бері бірнеше ғасыр өтсе де қарапайым ғана сары балшықпен сыланған қорғанның мұрты ойылмаған.

Жаз бойы әбден тұяқкесті болған Қоңырбасаз жайлауында жыбыр еткен жан жоқ. Елі көшкен кең алқап құлазып-ақ тұр. Күн де еңкейіп қалған екен, Сағидолла осы маңға түнemek болып, сазға таяу жердегі зиратқа бұрылды. «Дөңгелек бейіт» аталып кеткен кең қорғанды бұл мазар XIX ғасырда Майлы өңірінің әйгілі би, үкірдайы болған Мамырбек төренің Бөкей есімді ұлының зираты болатын. Мамырбек төреде жалпы жеті ұл болыпты. Бірінші әйелінен Бөкей, Бөтеке, Қасен, Оқап туса, екінші әйелінен Тұрысбек, Жарқынбек және Қызыр есімді ұлдары болған. Бөкей қапыда қаза тауып, көкірегі қайғыдан қақ айырылған би дәстүр бойынша жыл толысымен ұлының ақырғы асын берген. Жаз шыға жүз жылқының құйрық-жалын күзетіп, қылын лайға қосып отыз атты адамға кештіріп, осы қорғанды тұрғызған екен. Міне, содан бері бірнеше ғасыр өтсе де қарапайым ғана сары балшықпен сыланған қорғанның мұрты ойылмаған.

Жалпы бұл аймақта қазақ тарихынан тағылымды сыр шертетін көне қорымдар мен құнды айғақтар аз емес. Қоңырбадан солтүстікке қарай атбасын бұрған жанға қырық шақырымдай жерден жер ұйығы «Жетіоба» деген шағын бір елді мекен кездеседі. Алқабы ну орманды болмағанымен, таңғажайып табиғаты ерекше тамылжып тұрады. Алдымен жасыл бұйратты тау бөктеріндегі шағын жазықтан төңкерілген тайқазандай жеті төбе көзге түседі. Кесілген көк теңіздей аумаққа еш қисынсыз орналасқан бұл төбелерге қарап

астарына тағы бір тарихи сырдың жатқанын сезесің. Тіпті, ой шыңырауына тереңдей бойлап кетсең кешегі сақ, ғұн дәуіріндегі бабаларымыздың жер боп кеткен зираттары шығар деп те топшылайсың. Оған да дәлел болар айғақтар жетерлік. Осыдан бірнеше жыл бұрын Сағидоллалар алғаш жазаланған тұста Жетіоба жұрты да жаппай қудаланған. Олардың алды ұсталып, арты қатаң бақылауға алынып, ауыр еңбекке тартылған. Бір күні ауыл адамдарына Жетіобадағы тас қорымдардың бірін қазып, тасын аудан орталығындағы құрылыс алаңына жеткізуді бұйырады. Сонымен ондағы ес білген баладан егде тартқан қарттарға дейін тас қазуға жұмылдырылған. Еңбекерлерді ауданнан келген біріне бірі бағынбайтын екі топтың белсенділері қадағалайды.

Тас қазу жұмысы айға жуық жалғасады. Бірде сол тас қорымның астындағы топырақ қабаты ойылып түсіп, үңірейген ордан атымен бірге жерленген бір адамның сүйегі шығады. Алғашында тосын жайдан үрейленген жұрт көрді қайта жаба бастаған, бірақ басқаман жұмысы жоқ белсенділер мәйітті толық қазып шығаруды бұйырған. Бұйрық қатты, жан тәтті, ақыры тас қазушылар көр аумағын кеңейтіп, топырағын аршып, аттың да адамның да сүйегін алып шығады. Ортан жілігінің өзі бір метрден асатын алып адам аты, ер-тұрманы және дулығалы сауыт-сайманымен бірге жерленіпті. Тіпті, батырдың қылышының өзін жөн-шөкім адамның көтеруі екіталай. Оның сабы мен қыны, кереуке көзді қалқаны алтынмен апталып, ері, өмілдірік, құйысқанына дейін қошқар мүйізді ою-өрнек салынып күмістелген. Ал, атының бас сүйегі бір метрге жуықтайды. Сүйекті қайта көмгізген белсенділер құрал-сайман мен ат әбзелдерін бірден талап әкеткен. Кім білсін, марқұм қазақ даласын тұлпарының тұяғымен таптап, елін, жерін жаудан қорғаған батыр бабаларымыздың бірі шығар. Дөңгеленген дүниеден кім өтпеді, хан да, қара да жасап кеткен жалпақ өлемдегі қазақ хандарының оң қолының бірі болар, бәлкім.

Дөңгелек бейіт басына келіп түскен Сағидолла алдымен жалпы аруақтарға, Бөкей марқұмға білген құранын бағыштады. Осыдан соң от тұтатып, құр шаймен жүрек жалғап қана ерін жастанып қисая кеткен. Сол түнгі ұйқы оның көптен бергі есте қалған ең жайлы демалысының бірі болған. Тек таңға жуық бір түс көріп, оны да жақсылыққа балады. Түсінде ол өз ортасында жауырыны жерге тимеген белді балуандардың бірі екен. Соңғы кездері дүйім жұрт алдындағы белдесулердің бәрінде еш жолы болмайды, біресе орысы, бірде қытайы, бірде ұйғыры, тіпті, моңғол балуандарына дейін алып та, шалып та жығады. Кейбір күрес майдандарында алған ауыр жарақаттан сан мәрте естен танып, ажал аузынан қайтады. Соңғы рет ол ұлан-ғайыр қазақ даласында өтетін тағы бір сайысқа баруға бел буады. Соны

мен алыс сапарға қамданып жатқанда оған ақбоз атты бір әулие келіп ақ батасып беріп өз қолымен аттандырады. Таң алдындағы жылқышы торғайдың ысқырығынан ояна кетіп, көзін ашса түсі екен. Жаңағы ап-анық көріп жатқан болмыс лезде ғайып болды да, өзінің зират арасында түнегенін сонда біледі. Түс те болса жаман емес, үмітсіз – шайтан деген, осыны көңіліне медеу тұтқан Сағидолла атқа қонып, Түйебасты артқа тастап, Шалғыш тауының аласырақ тұсынан ары асты. Түс ауа таудан түсіп, қалың қарағанды бөктерге енді іліне берген еді, жол бойы иесіз жүрген бір топ қой ұшыраса кетті. Соны қуған мал үйірінен бөлініп кетсе керек, арылы-берілі жүгіріп, арасындағы бірнеше сары тісті саулық зор даусыпен жиі-жиі маңырап-маңырап қояды. Тәңірімнің көлденең кездестірген несібесі осы малда болар деген оймен Сағидолла атын тебініп, үрке қашқан қойларды бастырмалата қуа жөнелді. Қас-қағымда кезең асырмай қуып жеткен ол қырандай шүйліп барып арасынан томырылып айырықша көзге түскен ақ тоқтыны ат үстінен іліп әкетті. Ендігі азық осы болмақ. Олжасын өңгеріп, қат-қабат қарағанды қыраттарды асып, үлкен өзен бойына келіп жайғасты. Жағалау бітік өскен тал теректер мен итмұрынды нулар. Кіріп кетсең қайта жол тауып шыққысыз. Ол бір ашық алаң тауып мал сойып, отын тұтатты. Алакөлді бетке алып арқырап ағып жатқан асау өзен еш іркіліссіз. Бұл маңдағы тек осы өзен ғана емес, асып-тасып аққан әрбір бұлақтың асыр салып құяр айдыны – сол Алакөл. Сағидолла ердік жаққан отын қузап қойып, асау ағысқа қарап ұзақ отырды.

Бұл өлкенің су екең суы да, мына тоқтаусыз ағып жатқан ағынды өзені де менен әлдеқайда бақытты-ау, сірә. Себебі, олар шекара сызығын еш қиындықсыз кесіп өтіп, мен аңсаған сайын даладағы өз үйірін тауып қосылып жатыр. Шіркін, маған да дәл осындай қам-қайғысыз, бейғам өмір нәсіп етілетін күн болар ма екен тегі?..

Бұдан ары шекара салт аттыға шамамен екі-үш сағаттық жол. Сағидолла тым жақын бармай, ас ішіп, ауқат алған соң сол маңға қарай кетпек. Түс ауа келген ол жарты күн уақытын өзен жағасында ары-бері жүріп, ұзақ-ұзақ оймен тербелісте өткізді. Өйткені, таң ата шекара аспақ. Тарымнан шыққалы да тұп-тура үш жарым ай уақыт өткен. Келер күнінің не сыйлары, қандай хикмет ежелері бір әңгірдің қолында ғана.

Түн қараңғысы еді. Ұйықтады деген құр аты, ашық аспан астында ары-бері ауақшып, ақыры атқа қонған Сағидолла таң ата Алакөлдің өкпе тұсынан келіп шықты. Оның күткені де сол болатын. Тау сағалай жүріп, жарықта шекара сызығын көзбен көріп аттау. Тосыннан шекарашылардың көзіне түсіп қалам ба деп жалтақ-жалтақ қарап, әйтеуір, қазақ даласына аман асқандай болды. Бірақ бөгелген жоқ, тоқтаусыз жүріп келеді. Осыдан көп өтпей қай жағынан келіп қалғаны белгісіз үш дөңгелекті мотоциклге мінген үш сарбаз оны тым-тырақай қуды да кетті. Сақпының тасындай зулаған кері ат оларды шаңына да ілестірген жоқ. Шапқан сайын арындап, қара үзіп кете барды. Жол-жөнекей тағы бірнеше мотоциклге мінгендер қосылды. Енді олар қансонарда түлкі қаққан құсбегідей айғай-шу салып, жан-жақтан қаптап төніп келеді. Бірнеше ит те жіберген. Азу тістері арсиған қасқыр тектес өңшең қара көк иттер оны бір қамысты өзенге қарай тықсырды. Сағидолла кері аттың басын бұра тартып, өзен суына түсіп өрлей жөнелді. Себебі, иісіл иттер суға түсіп кеткен адамның иісін таппай, бағытынан ада-сады дегенді естігені бар. Бірақ, иттер қалысар емес. Жақын маңнан қуғыншылардың айғай-шулы дауыстары естіліп таяп келеді. Осыдан көп өтпей Сағидолланың аты қопа қамыс арасындағы шалшық суда құйға батып қалып, тыпыр етпестен қолға түсті.

Сабаздар Сағидолланы алдымен Алакөл өңіріндегі бір әскери орынға жеткізген. «Аузы күйген үріп ішеді», тергеу басталысымен Сағидолла еш аяңған жоқ, бірде-бір болмысты жасырмады. Баяғы балғын бала кезінен бастап өз басынан өткерген барлық оқиға мен тағдыр талқысына түскен сан алуан кешірмелердің бірін қалдырмай баяндап берді. Тергеу екі аптаға созылып, ақыры Алматыдағы әскери сот оған соңғы үкім шығарды. Барлық дәлелдер мен айғақтарды алға тартқан әскери соттың судьясы Мәскеуден келген шешім бойынша Сағидолланың қазақ жерінде қалуын бұйырды. Бірақ, оның шекара заңын бұзып он үш шақырымға дейін баса көктеп қашып кіргені үшін бір жарым жыл түрмеде отыратынын жеткізді. Айтылған сөз – атылған оқ, кесілген жаза – жаза. Үкім шыққан екен, енді оны ешкім де өзгерте алмайды, бәрібір өтеуі керек. Сонымен, Сағидолла бұл жазаны Қарағанды облысындағы абақтыда өтейтін болды. Алайда Сағидолла кесілген жазаға еш қабақ шытпады, керісінше, оның қуанышында шек жоқ. Себебі, оған «өз

жерінде қалдың» деген бір ауыз сөздің өзі жеткілікті. Тірі адамға бір жарым жыл деген не тәйірі, көзді ашып жұмғанша өте шығады. Тіпті, жан баласы тірі қайтып көрмеген әйгілі «Барсакемел» атанған Такламакан шөлінен бірінші болып аман-сау аңсаған арманына жеткен осы Сағидолла ғана емес пе? Сол тозақта қаншама тағдыр таусылып, қаншама жас қыршынынан қиылды десеңші.

Сағидолла басқа емес бұл жолы өзін қайтадан Қытай еліне кері қайтармағанына дән риза. Сол күні кеште оны Алматыдағы теміржол бекеті арқылы Қарағандыға жөнелтті. Өзімен бірге үкім шығарылған тағы екі адам бар: Оның бірі орыс әйел, енді бірі жастау орыс қыз. Олар не істеп, не үшін түрме жазасын өтеуге бара жатыр, Сағидолла одан мүлде бейхабар. Әйтеуір, Қарағанды түрмесіне бірге жөнелткені анық. Пойыз алысқа атылған оқша зулап барады. Сағидолла өзі жалғыз бір бөлмеде, оған қанаттас бөлмеде орыс қыз бен келіншек. Олар ара-тұра бөлме ортасындағы темір тор орнатылған алақандай тесіктен кезек-кезек келіп таңдана қарайды. Жер түбінен мың бір жапамен азып-тозып жеткен Сағидолланың тағдыры оларға да ерекше әсер ете керек, әлденені айтып жеткізгісі келеді. Бірақ, амал нешік, бірінің тілін бірі ұғып жатқан жоқ. Жеткізер ой, айтар сөз өз-өз көкейлерінде ғана сайрап ғана қала берді.

Ұзақ сапар. Шақыр-шұқыр темір жолдағы тербеліс. Діттеген жерге жетпей тыншыр емес. Жабағының жалындай ұйысқан Сағидолланың шашына, жүдеу тартқан сүркей жүзіне таңдана қарасып, бас шайқасатын қыз-келіншектің де көзі үйренгендей. Алғашқыдай емес таңдана қарауын сиретіп, ара-тұра терезе астындағы болымсыз тесіктен ұсақ тас кемпітер өткізіп береді. «Ашыққанда жеген құйқаның дәмі кетпес», еріндері кеберсіп бір ұрттам суға зар болып келе жатқан тұста оның сарайын ашқан, таңдайын жібіткен сол тәттінің дәмі еді. Сол тәтті, сол дәм Сағидолланың таңдайынан өле-өлгенше еш кеткен емес. Қарағанды түрмесіне жеткен ол әртүрлі ұлт, әртүрлі қылмыс өткізгендер арасында бірлесу уақыт болды. Арада аттай желген алты айға жуық уақыт зулап өте шықты. Бір күні жоғарыдан арнайы бұйрық түсіп, онда Сағидолланың еш кінәсіз екені айтылып, ақыры қамаудан босатты.

Енді бәрі де артта қалды. Елге жетті, еркіндік алды. Қалған ғұмыры өзі аңсаған қазақ даласында, Аяғөздің Үшбиік елді мекеніндегі ағайын-туыстарының арасында өтті. Әз алдына үй болды, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Бір бейнеттің зейнеті бар. Араға жиырма бір жыл салып, ол өзі аңсаған Тәуелсіздік туы тұғырында желбіреді. Сағидолла 2007 жылы яғни өзі қолға түскеннен арада 43 жыл өткенде қытайда қалған жары және балаларымен дін аман бір кездесіп оралды. Осылайша тағдырдың салған саны санақсыз сындарына қара нардай қайсарлығымен шыдай білген әйгілі қашқын 2010 жылы 81 жасында өз елі, өз жері, өз төрінде өмірден озды. Сағидолланың көзі тірісінде әр әңгімесіне арқау болып, көңіл түкпірінде мәңгілік қалған бір өкініш, бір арманы болған. Ол – соңғы рет қашып келе жатқанда жол бойынан жолыққан қарапайым қазақ қызының аянышты тағдыры. Өзінің оған қол ұшын беріп құлдықтан құтқара алмаған шарасыздығы еді...

ЭПИЛОГ немесе автордың соңғы сөзі

Өлі есімде, 2001 жылдың мамыражай маусым айы болатын. Қытайдан атажұртына біржола қоныс аудару қамымен жүрген екі қаламгер мені іздеп келді. Оның бірі танымал ақын, жазушы Ғаппар Біләл, екіншісі белгілі ақын Керейғазы Нұрсадықұлы еді. Керейғазы кезінде менің осы «Қашқын» кітабымның бас кейіпкері Сағидолламен бірге тұтқындалып, жиырма жылға Такламаканға жер аударылған адам. Сағидолланың жан досы, әрі түрмелесі. Олар таңның атысымен мені ертіп Аяғөзге аттанатындарын айтты. Несін айтасың, ел мен жерді талай жыл армандап зорға жеткен екеуінің де көңіл қуанышында шек жоқ. Арнасына сыймай буырқанған өзендей асып-тасып, лепіріп тұр. Түнімен жолға қамданып, күн шыға жолашуылар автобусымен Аяғөзге тарттық. Көлік іші ығы-жығы қалың адам. Өр жерден біреулер түсіп, біреулер мінеді.

Бірде Керейғазы менен:
– Осы Аяғөз бен Үшбиіктің арасы қанша жер? – деп сұрады.

– Осыдан екі жыл бұрын барып едім. Шамамен қырық-елу шақырымдай болуы керек. Онда жұмысың бар ма еді?

– Сағидолла деген досым сонда тұрады деп естігем. Бұл жолы қалай да оған жолығу керек, – деді де, басқа ештеңе айтқан жоқ.

Шалқар түс мезгілі. Автобустың бойындағы бір жерге тоқтады. Жолаушылардың барлығы түсіп сәл кеңіп қайта шығатын болды. Біз де

жерге түстік.

– Бұл қай жер? Шағын бір қоржа секілді екен өзі, – деді ол.

– Бұл негізі Таскескен аумағы, «92» деп аталады. Алдымызда Шыңқожа батырдың ауылы бар. Енді Аяғөзге 92 шақырым қалды, – деп түсіндірдім. Көп өтпей Аяғөзге де жеттік. Біз көліктен түскенде Аяғөздің танымал ақыны Азанғали Тұраров аңқылдап-жарқылдап қарсы ала шықты. Сонымен Аяғөз қаласына көп аялдағамыз жоқ. Шай ішіп, шөл қандырған соң Азанғалидың өтінішімен Мыңбұлақ жайлауына шығып кеттік. Бір жақсысы арамдыза ішімдікке үйір ешкім жоқ екен. Қонақтар бағлан еті мен саба толы сары қымызды сапыра отырып, өткен-кеткенді бір толғады-ау, шіркін. «Әкесі тұрып ұлы сөйлегенен без» деген, дастарқан басында мен айта қоятындай ештеңе болмаған соң әр қаламгердің қызықты хикаятын безбенге салып тыңдадым да отырдым. Ара-тұра үлкендердің өтінішімен сыдыртып жатқа өлең оқыдым, дауысым келмесе де қолыма домбыра алып ән айттым. Қызыл іңірде басталған әңгіме қыза-қыза түннің бір уағына дейін жалғасты. Үш қаламгердің де көргені мен өмірден түйгені аз емес екен. Үшеуі өздерінше үш әлем, бірінен бірі өтеді. Әр басқан қадамы, бастан өткергендері шыр-мауы көп шытырманға толы.

Бірде Керейғазы:

– Сендер не көрсендер де туған өлкелерінде көрдіңдер ғой, мені айтсаңдаршы? Жастық шағым, итқорлықпен елдің шетінде, ажалдың өтінде, жан баласы тірі қайтып көрмеген Такламаканның шөлінде өтті. Жиырма үш жасымда нақақтан нақақ жиырма жылға жер аударылдым. Жиырма үш жылдан кейін Қытай өзіме жаза кескен залда мені ақтады. Құдайдың құдіретін қарашы, жақында 23 мамыр күні тағы да сол залда шығармашылық кешім өтіп, жиырма үш ат мініп атажұртыма аттандым. Осылайша жиырма үш саны мен үшін бақ та, сор да болған. Кім ойлаған дәл осылай елге жетем деп. Тарымнан қайтып келіп, қырық бес жасымда шаңырақ көтердім, алғашқы екі сәбиім қыз бала болды. Оған да шүкір деп жүргенде елу жасымда Алла бір ұл берді. Шешем марқұм оны еркелетіп Елубай атап кетті. Негізгі азан шақырып қойылған аты – Марғұлан. Менің бар ғұмырымың шежіресі сол Марғұланға арнаған «Ұлыма» деген өлеңімде айтылды ғой деп ойлаймын. Ол өлеңді сіздерге менің мына Айдын балам жатқа оқып берсін, – деді. Үйдегі үлкен-кіші «ал, көне» деп жамырай маған қарасты.

«Жалғыз ұлым жалғыздықта қиын-ақ, Жүрмесе екен ұйтқып соққан құйын ап. «Ғұмыр берші бермесен де басқасын», Деп Тәңірге екең күнде сыйынад.

Алса біреу жағаңнан кеп, кім қолын, Ұстар екен арашалап білмедім. Не болады болашағы деп күн-түн, Ойлайтыным өз тағдырың бір менің.

Жасыра алман мен жанымның бұл мұңын, Жас та жылжып бара жатыр құрғырың. Телмең қағып жат біреудің үйінде, Жүрмесе екен жалтаң көз бол бұлбұлым.

Арыны да, беріні де қозғадым, Болса екен өз дәннің мен өз бағың. Деген сөз бар «жары Құдай жалғыздың», Уайымыннан серпілдім де, қоздадым.

Аз-көбіне айырма оны ұзданнан, Қарғалдақтай тусын құздан, мұздардан. Көпшіл болшы, барының елден аяма, Ас-суыңды ағайыннан қызғанбан.

Жалғыз ұлым – Марғұланым, жүрегім, «Бала, бала» деп құдайдан тіледім. Жарық көрдің елуінде екеңнің, Түсіп қалмай қай жерімде жүр едің?!

Марғұланым, маздап тудың тік қарап, Біреу мәз боп, біреу жатты сұқ қадап. Күні үшін күлік жеген жандардай, Өткізбе өмір, айналайын, бұқпалап.

Кім боласың мен белгілеп бермеймін, Ақ та, көк те деп ат қояр ел кей күн. «Әкенді» деп адамдарға тілдетпе, Мен намыстан өлем, қайтып келмеймін.

Марғұланым, жалғыздығың сонда еске, Түсер бірақ, амалың жоқ көңбеске. Есті болсаң елден кенде қалмайсың, Ата-бабаң отау тіккен он бесте.

Сен туғанда қандай күйде болдым мен, Түк те ұқпадың, хабарың жоқ ол күннен. Қозғап алдым мізбақпаған жүректі, Сүйіншісін естігенде-ақ елдің мені.

Содан бері жүрек науқас деп мені, Дәрігерлер көп нәрседен шектеді. Қуанғаннан болды десе біреулер,

Енді біреу азаптан деп тектеді.

Аз емес ед азабы да өкеңнің, Жүрегімді бірақ аман әкелдім. Қуаныштан, қуаныштан қозғалды, Өкінерлік жоқ негізі өкеңнің.

Шалқып, шалқып қайта саған оралам, Душпандардың тіл-көзінен бол аман! Жалғыздықты жаттарыңа білдірмей, Алман-бермен, ақ көңілді бол адам!» – деп түйіндедім.

Келесі күні түс ауа қайтадан Аяғөзге келді. Керейғазы қаладан әлдебіреулерге қоңырау шалды да, бізге:

– Үшбиікке бармайтын болдық, Алматыға тартайық, – деді.

Кешке қарай Аяғөзден отарбаға мініп, теміржолдағы тербеліспен ырғайтай-ырғайтай таң ата Алматыға жеттік. Алдымен шаһардағы Фурманов көшесі 179 (қазіргі Назарбаев даңғылының бойына орналасқан) бір қонақ үйге барып жайғастық. Күні бойы әлдекімдерге қоңырау шалып хабарласқан Керейғазы кешкі асқа отырғанда бізге:

– Бүгін жуынып-шайынып ертерек демалайық. Таңертең бір көлік келеді, қала сыртындағы «Шаңырақ-2» деген жерге барамыз, – деді. Мен жай ғана сыр тартқым келді де:

– Онда не бар? – деп қойдым. Ол сәл ғана езу тартып:

– Осы біздің Аяғөз айналып таппай жүрген қашқын досымыз сонда екен, барған соң көресің. Қызықтың бәрі сонда, – деді.

Айтқанындай келесі күнгі таңғы астан кейін бір қызыл түсті жеңіл көлік келіп алды-артымызға қаратпастан ала жөнелді. Құмырсқаша қайнаған қалың көліктің ара-арасынан жол тауып құстай ұшқан жүргізуші бізді лезде «Шаңырақ-2»-ге жеткізді. Ол кезде Шаңырақ аумағы алаң-ашық. Жаңадан андыз-андыз үйлер енді салына бастапты. Біз көліктен түскенде шамамен үш-төрт жас шамасындағы баланы жетелеген еңгезердей бір адам қарсы ала шықты. Бізден гөрі Керейғазыны ұзағырақ қапсыра құшақтап, бір сәт екеуі де көздеріне жас ірікті. Осыдан соң-ақ ол бізді жаңадан тұрғызылған шағын үйге бастады. Үйде бөгде ешкім жоқ екен. Түге шығып тіземізді бүгіп, әбден жайланғанымызда әлгі адам білегін бірден сыбанып ас қамына кірісті. Қимылы ширақ, қандай іске де ыспарлығы көрініп тұр. Бірде ол мұздатқыштың есігін ашып жатып, бізге бұрылды да:

– Сіздерге арнаған малым Аяғөздің пойызымен бүгін шықты. Десе де құралақан емеспіз, – деп жаңадан сойылған малдың жарты етін алып шықты. Сонымен қария тамақты да өзі асты, үстелді де өзі жасады. Тіпті, үйде әйел адам жоқ дейтін емес, дастарқан үстіне түрлі-түсті жеміс-жидектер мен тағамдар қойылып, лезде құлпырып шыға келді. Үнді шайын бір демдеп жақын қойып алған соң оның күйбең-күйбең жұмыстан қолы босағандай болды. Осыдан кейін Керейғазы ол кісіге бізді бірден таныстыра келіп:

– Мына кісі – неше күннен бері менің шарқ ұрып іздеп жүрген қашқын Сағидоллам. Бұл адам баласы тірі құтылып көрмеген сонау Такламакан шөлінен бірінші болып елге қашып келген атақты қашқын, – деді. Сол сол ақ екен, төр алдында отырған жазушы Ғаппар Біләл орынан ұшып тұрды. Ол көз ілестірмес жылдамдықпен Сағидолланы тағы бір мәрте құшақтап:

– Айнала кетейін Сағидолла, мен сізге бұрынды-сонды еш жерден кездеспесем де сіздің ерлігіңіз жайында мына Керейғазы мен мұның інісі Керейханнан көп естіген едім. «Өліспеген көріседі» деген осы шығар, өзіңмен Алматыда табысам деп кім ойлаған, – деді.

Олар қайта орнықты. Сосын Керейғазы:

– Сағидолла, екеуіміз көрген тағдырды, сенің сонау құба шөлден мың бір мехнатпен қашып елге жеткен ерлігіңді жазуға біздің ғұмырымыз жетпейтін шығар. Оны осы бастан қолға алып, бір жазса жаста болса мына Айдын жазар деп саған ертіп келдік. Бүгін біз бар болған болмысты қаз-қалпында баяндауға тырысып көрейік, – деп шорт кесті.

Түс ауа басталған Тарымдағы елдің тағдыры Сағидолланың үш мәрте түрмеден қашуы сол күні алғаш рет маған әңгімеленді. Арада төрт жыл өткенде Сағидолла маған Талдықорғандағы Керейғазының інісі баяғы Тарымдағы түрмеде өзінің қойнында өскен Керейханның үйінде жолығып, болған болмысты тағы бір мәрте қайталай есіме салды. Міне, содан бастап Сағидолламен бірге түрмеде болған Керейғазы, Керейханнан, тағы басқа біраз адамдардан нақты деректер жинап, «Қашқын» атты деректі романымды жазып, жарыққа шығаруға бел будым...

Обзор ключевых показателей ЕНПФ на 1 февраля 2019 года

Общая сумма пенсионных накоплений на 1 февраля 2019 года составила 9,4 трлн тенге, увеличившись за 12 месяцев на 1,6 трлн тенге: на 1 февраля 2018 года эта сумма составляла 7,8 трлн тенге. Прирост пенсионных активов, складывающийся из пенсионных взносов и инвестиционного дохода, распределенного на счета вкладчиков, за этот период составил 21%.

Сумма пенсионных поступлений за январь 2019 года составила 70,8 млрд тенге, что на 5,5 млрд тенге больше по сравнению с аналогичным периодом за январь 2018 года, когда данный показатель составил 65,3 млрд тенге. При этом основная доля поступлений – обязательные пенсионные взносы (ОПВ) – 66,5 млрд тенге. Всего в январе поступило 4,9 млн обязательных пенсионных взносов, средняя сумма взноса составила 13,7 тыс. тенге.

Чистый инвестиционный доход, начисленный на индивидуальные пенсионные счета вкладчиков ЕНПФ за первый месяц 2019 года составил 15,4 млрд тенге, что на 5,6 млрд (или на 57%) выше, чем за январь прошлого года. Доходность за 12 месяцев составляет 11,3% при инфляции за аналогичный период 5,2%. Реальная доходность пенсионных накоплений продолжает оставаться положительной, на 6,1 п.п. превышая инфляцию.

По состоянию на 01.02.2019 года основную долю в портфеле пенсионных активов, находящихся в управлении НБРК, (44,09%) составили государственные ценные бумаги (ГЦБ). Их доля по сравнению с показателями прошлого года практически не изменилась (на 01.02.2018 г. – 44,47%). Средневзвешенная доходность по ГЦБ, номинированным в тенге, составила 7,0% годовых, в долларах США – 4,4% годовых.

Доля облигаций квазигосударственных организаций Республики Казахстан составила 13,80% инвестиционного портфеля пенсионных активов, что несколько превышает показатели прошлого года (на 01.02.2018 г. – 10,11%). Средневзвешенная доходность к погашению по облигациям квазигосударственных организаций РК, номинированным в тенге, составила 10,3% годовых, в долларах США – 5,0% годовых.

Доля облигаций БВУ РК в портфеле пенсионных активов составила 13,3%, снизилась по сравнению с показателями предыдущего года (на 01.02.2018 г. – 15,82%). Средневзвешенная доходность к погашению по облигациям БВУ РК, номинированным в тенге, составляет 10,0% годовых, в долларах США – 6,6% годовых.

Инвестиции в государственные ценные бумаги иностранных государств, номинированных в иностранной валюте, составили 12,81% портфеля (на 01.02.2018 г. – 12,61%) со средневзвешенной доходностью к погашению 3,7% годовых.

Инвестиционный портфель финансовых инструментов в разрезе валют представлен следующим образом: инвестиции в национальную валюту – 67,61%, в долларах США – 31,97%, в других валютах – 0,42% портфеля пенсионных активов.

72,7% портфеля пенсионных активов размещены в финансовые инструменты с рейтингами от «AAA» до «BBB-», 12,2% - с рейтингами от «BB+» до «B-».

Структурное распределение портфеля пенсионных активов ЕНПФ, находящихся в доверительном управлении, соответствует требованиям Инвестиционной декларации ЕНПФ.

Количество индивидуальных пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 февраля 2019 года составило 10,4 млн единиц, из них 9,9 млн (95%) – за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ), 0,5 млн. счетов – за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ), 0,05 млн. счетов – за счет добровольных пенсионных взносов (ДПВ). Количество новых открытых счетов по ОПВ за январь 2019 года – 11 293 единиц, в том числе в автоматическом режиме, внедренном с 08.01.2019 года, – 9 409 единиц.

АО «ЕНПФ» за январь 2019 года населению оказаны услуги в объеме 2,4 млн. операций, в том числе доля электронных услуг составила 86%. За этот же период обработано 58,7 тыс. обращений граждан по вопросам накопительной пенсионной системы, проведено 1955 выездных презентаций на предприятиях с охватом присутствующих 65,3 тыс. человек.

Пенсионные выплаты за первый месяц 2019 года составили 31,53 млрд тенге, в том числе выплаты по возрасту 23,64 млрд. тенге, переводы в страховые

организации 2,65 млрд. тенге, выплаты в связи с выездом на ГИМЖ за пределы РК 2,66 млрд. тенге, выплаты по наследству – 1,89 млрд. тенге и другие.

4,2 млрд тенге поступило с начала года на счета фрилансеров и индивидуальных предпринимателей в АО «ЕНПФ».

За январь 2019 года в ЕНПФ поступило 768,6 тысяч взносов от 253,4 тысяч вкладчиков - физических лиц, включая индивидуальных предпринимателей, на общую сумму 4,2 млрд тенге.

В связи с внесением изменений в Закон РК «О пенсионном обеспечении в РК», направленных на упрощение процедуры уплаты обязательных пенсионных взносов (ОПВ) физическими лицами, выполняющими работы и услуги по договорам гражданско-правового характера (ГПХ), с января 2019 года введены следующие изменения:

– если одной из сторон договора ГПХ является налоговый агент, к которым относятся юридические лица, индивидуальные предприниматели и лица, занимающиеся частной практикой (частный нотариус, частный судебный исполнитель, адвокат, профессиональный медиатор), то именно они становятся агентами по уплате ОПВ с доходов, выплачиваемых физическим лицам, в том числе фрилансерам. При этом размер взноса должен составлять 10% от получаемого дохода, но не менее 10% от минимального размера заработной платы (МРЗП) и не выше 10% от 50-кратного МРЗП, установлено по соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете.

Кроме того, максимальный совокупный годовой доход, принимаемый для исчисления ОПВ, не должен превышать двенадцати размеров 50-кратного МРЗП, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете.

Если же договор ГПХ заключен с физическим лицом, не являющимся налоговым агентом, то уплата ОПВ становится правом, а не обязанностью фрилансера. Иными словами, в этом случае физическое лицо может по своему усмотрению осуществлять ОПВ в свою пользу через банки второго уровня или Казпочту на реквизиты Государственной корпорации «Правительство для граждан», для их

дальнейшего перевода на индивидуальный пенсионный счет в ЕНПФ. Следует отметить, что если фрилансер воспользуется этим правом, то это положительно скажется на формировании его личного пенсионного капитала.

Также от уплаты ОПВ освобождаются физические лица, получающие доходы по договорам ГПХ, заключенным с физическими лицами, не являющимися налоговыми агентами, которые совмещают эту деятельность с работой по трудовому договору. В данном случае ОПВ оплачивается только работодателем, являющимся налоговым агентом.

В ЕНПФ начали поступать взносы в рамках уплаты единого совокупного платежа

За январь 2019 года в ЕНПФ в рамках уплаты ЕСП поступило 4019 взносов на 3 655 ИПС на общую сумму 2,1 млн тенге (1,1 млн тенге поступило от городских жителей, 948 тыс тенге – перечислили жители села).

С 1 января 2019 года в республике введен в действие Единый совокупный платеж (ЕСП). Главная причина введения ЕСП - упрощение регистрации деятельности неформально занятых лиц. ЕСП заменяет собой 4 обязательных платежа в один разовый платеж: индивидуальный подоходный налог, обязательный пенсионный взнос в ЕНПФ, обязательное социальное отчисление в Государственный фонд социального страхования (ГФСС) и социальный взнос в Фонд социального медицинского страхования (ФОМС). Таким образом, у граждан, подпадающих под режим ЕСП, появилась возможность на облегченных условиях платить все платежи и участвовать в системах социального обеспечения.

Кроме пополнения своих пенсионных накоплений в ЕНПФ, для плательщиков ЕСП появится возможность получать базовую пенсионную выплату в зависимости от стажа участия в пенсионной системе.

С января 2019 года индивидуальные пенсионные счета в АО «ЕНПФ» открываются в автоматическом режиме

В январе 2019 в базе ЕНПФ было открыто 9 409 индивидуальных пенсионных счетов в автоматическом режиме.

С 8 января 2019 года в соответствии с внесенными изменениями в пенсионное законодательство Республики Казахстан для открытия в ЕНПФ индивидуального пенсионного счета (ИПС) по учету обязательных пенсионных взносов физического лицу не нужно обращаться в ЕНПФ с целью оформления заявления об открытии ИПС, в т.ч. посредством веб-сайта ЕНПФ. В случае отсутствия у физического лица в ЕНПФ открытого ИПС по учету ОПВ счет открывается в информационной системе ЕНПФ автоматически при поступлении первого взноса.

При этом идентификация физического лица осуществляется по персональным данным (ФИО, ИИН, дата рождения), указанным в электронном формате платежного поручения при перечислении ОПВ, а все необходимые сведения о реквизитах действующего документа, удостоверяющего личность физического лица, о месте постоянного проживания ЕНПФ получает из информационных систем государственных органов.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом.

В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz).

**Пресс-центр АО «ЕНПФ»
Контакты для СМИ: press@enpf.kz**

Единая накопительная пенсионная система в Казахстане на сегодняшний день успешно работает и развивается. Единым оператором всех финансовых и информационных потоков является АО «ЕНПФ», чья деятельность основана на принципах открытости и прозрачности.

В рубрике «Актуальные вопросы о ЕНПФ» мы продолжаем отвечать на вопросы наших постоянных читателей.

1. Можно ли одновременно снять свои пенсионные накопления?

Получение пенсионных выплат из Фонда возможно при наступлении условий, предусмотренных Законом Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан». Прежде всего, это наступление пенсионного возраста, поскольку у пенсионных денег строго целевое стратегическое предназначение – обеспечение жизни после выхода на заслуженный отдых. Кроме этого, можно получить пенсионные накопления при выезде на постоянное место жительства, пройдя процедуру выезда из страны, получения гражданства другого государства и, предоставив все необходимые для оформления выплат документы в ЕНПФ.

До наступления пенсионного возраста начать получать пенсионные выплаты могут вкладчики в случае наступления инвалидности 1 или 2 группы бессрочно. Пенсионеры по возрасту и при инвалидности 1 и 2 группы получают выплаты по графику. С 2018 года установлен только ежемесячный график получения пенсионных выплат. Выплата пенсионных накоплений в Казахстане, как и выплата заработной платы работающим на ежемесячной основе, соответствует международным стандартам и способствует как увеличению размера совокупной пенсии, так и продлению срока получения пенсионных выплат.

Единовременно при наступлении пенсионного возраста можно получить накопления лишь в том случае, если их сумма не превышает 12 минимальных пенсий. В 2019 году это 433 296 тенге.

Досрочное использование пенсионных накоплений, предусмотренное законодательством, возможно при наличии суммы на пенсионном счете, достаточной для заключения договора пенсионного аннуитета, для

мужчин, начиная с 55 лет и для женщин с 51 года в 2019 году (постепенно женский возраст повышается до 55 лет в 2027 году). Заключив со страховой организацией договор пенсионного аннуитета, возможно получать ежемесячные пожизненные выплаты. Рассчитать сумму, достаточную для перевода в страховую компанию, можно с помощью пенсионного калькулятора, размещенного на сайте enpf.kz в разделе «Электронные сервисы – Пенсионный калькулятор» <https://www.enpf.kz/ru/elektronnye-servisy/calculnsurance/calc.php>

2. В редакцию часто обращаются люди, похоронившие своих близких. Они спрашивают, могут ли они получить за них пенсионные накопления?

Деньги, накопленные на индивидуальных пенсионных счетах, являются собственностью вкладчика (получателя) и хранятся в Фонде бессрочно, даже в случае его смерти.

В соответствии со статьями 31, 32, 33 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» в случае смерти лица, имеющего пенсионные накопления за счет обязательных, обязательных профессиональных и добровольных пенсионных взносов, они наследуются в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Наследование пенсионных накоплений осуществляется по завещанию или по закону. Когда завещание отсутствует либо определяет судьбу не все наследство, а также в иных случаях, установленных гражданским законодательством, имеет место наследование по закону.

Следует отметить, что согласно разделу 6 (Наследственное право) Гражданского кодекса Республики Казахстан для приобретения наследства наследник должен его принять путем подачи по месту открытия наследства нотариусу или уполномоченному в соответствии с законом на выдачу свидетельства о праве на наследство должностному лицу заявления о принятии наследства либо заявления о выдаче свидетельства о праве на наследство.

Наследство может быть принято в течение шести месяцев со дня открытия наследства, т.е. в течение шести месяцев со дня смерти наследодателя.

3. Возможно ли как-то упростить эту процедуру для наследников? Ведь не секрет, что убитые горем родственники, порой не в состоянии бегать по всевозможным инстанциям.

Для упрощения данной процедуры для наследников, а также оптимизации взаимодействия между Фондом и нотариусами по данным вопросам между Министерством юстиции РК, Республиканской нотариальной палатой, АО «НИТ» и ЕНПФ заключен Договор о взаимодействии Единой нотариальной информационной системы «Е-нотариат».

Теперь, в рамках данного Договора при помощи Единой нотариальной информационной системы «Е-нотариат», нотариусы могут направлять запросы о наличии у умерших вкладчиков (получателей) индивидуального пенсионного счета, об остатках и движении денег на нем в режиме онлайн, без направления письменных запросов.

В свою очередь, Фонд, при предоставлении вкладчиками (получателями) нотариально удостоверенных или засвидетельствованных документов, теперь также может осуществлять запрос в Единую нотариальную информационную систему и получать официальное подтверждение о совершенных нотариальных действиях по представленным вкладчиками (получателями) документам.

Данная услуга значительно экономит время обратившихся к нотариусам наследников.

4. Недавно в СМИ опубликованы материалы о том, что из Фонда можно получить выплаты на погребение умершего вкладчика. Что для этого нужно иметь?

Действительно, не так давно в средствах массовой информации активно обсуждался этот вопрос. Пользуясь случаем, хочу отметить, что с момента введения накопительной пенсионной системы в Республику Ка-

захстан, то есть с 1998 года, в случае смерти лица, имеющего пенсионные накопления в накопительном пенсионном фонде, для его семьи либо лица, осуществившего погребение, пенсионным законодательством предусмотрена единовременная выплата на погребение, которая осуществляется в порядке и размерах, установленных законодательством на момент осуществления выплаты. Такие выплаты производились всегда, и это не новшество, тем более, эти выплаты никто не отменял.

Согласно положениям Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» от 21.06.2013г. в случае смерти получателя, а также лица, имеющего пенсионные накопления и не достигшего пенсионного возраста, его семье либо лицу, осуществившему погребение, Фондом выплачивается единовременная выплата на погребение в пределах размера 52,4-кратного месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете, но не более имеющихся на индивидуальном пенсионном счете средств. На 1 января 2019 года эта сумма составляет 132 310 тенге (52,4 * 2 525=132 310 тенге).

В случае, если остаток пенсионных накоплений на индивидуальном пенсионном счете получателя после осуществления единовременной выплаты на погребение составит сумму, не превышающую размер минимальной пенсии, установленный на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете, данный остаток выплачивается как выплата на погребение.

Более полную информацию вы можете получить на нашем сайте <https://www.enpf.kz/ru/services/recipient/heir.php>

5. Какие общие рекомендации ЕНПФ?

Вся информация о деятельности пенсионного фонда публикуется в СМИ и на сайте enpf.kz. В социальных сетях есть официальные страницы ЕНПФ.

Также работают отделения Фонда в каждом районе Астаны, во всех областях республики. В отделениях можно не только получить любую из услуг ЕНПФ, но и узнать исчерпывающую информацию о накопительной пенсионной системе, о том, как и из чего складывается пенсия. Ежеквартально мы проводим Дни открытых дверей, где можно получить ответы на все интересующие вопросы.

Мы рекомендуем вкладчикам периодически проверять полноту и своевременность поступления взносов. Для этого можно использовать разные удобные способы: личный кабинет на сайте enpf.kz, куда можно войти при помощи электронной цифровой подписи (ЭЦП) или зарегистрированного в базе фонда ИИН и пароля, мобильное приложение ЕНПФ, электронная почта. Сейчас при трудоустройстве и перечислении первого взноса индивидуальный счет открывается автоматически. Новому вкладчику не нужно даже посещать офис ЕНПФ для заключения пенсионного договора. Нужно просто постоянно проверять свой счет и требовать своевременности и обязательности отчисления пенсионных взносов. Ведь от этого зависит и объем накоплений, и стаж участия в накопительной пенсионной системе, от которого, в свою очередь, будет зависеть размер базовой пенсии. Также в настоящее время пенсионные отчисления являются важным показателем для банков при выдаче кредитов.

Очень важно! Пенсионные накопления граждан - это собственные деньги вкладчика! За каждый день нахождения накоплений в фонде начисляется инвестиционный доход и сумма накоплений растет. По итогам 2018 года на счета вкладчиков Фонда был начислен доход в сумме 917,1 млрд. тенге, а сумма дохода каждого вкладчика зависит от его накопленной суммы в пенсионном фонде.

Бейсенбі - Четверг, 21 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 11.00, 13.10, 14.20, 17.55 «Ұлыс оң болсын»
10.05, 02.35 «HIT QAZAQSTAN»
11.05 «Роботкөлік Поли»
11.40 М/ф «Раупнзель»
13.15, 00.40 «Наурыз хикаясы»
14.25 «SHANYRAQ»
15.55, 23.00 «Ертұғырыл»
17.00 «EQUUS. ЖЫЛҚЫ ТАРИХЫ»
17.30 «KELBET»
18.00 Арнайы жоба
18.30 «Назар аудар»
20.55 «QAREKET»
22.00 «Топыраққа тамған тер»
00.00 «TYNGI STUDIO»
01.40 «Наурыз шашу» концерті
02.35 «HIT QAZAQSTAN»
03.25 «TYNGI STUDIO»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Өнұран
06.00 «Тамаша»
07.00 «Әсем әуен»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00 М/ф «Отырар дастаны»
10.30 Кино «Гламур для дур»
12.10 «Тайны. Судьбы. Имена»
13.10 «Наурыз шашу» концерт
14.00 «Өнер барысы»
17.00 «Чернильное сердце»
18.50 «Наурыз тойы келгенде» концерт
20.00, 23.30 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Журналистік зерттеу»
20.50 Открытый диалог
21.00 Итоги дня
21.30 Концерт «Тәуелсіздік тірегім»
01.30 Т/х «Ән аға»

АСТАНА

06.00 «Жаңалықтар»
06.30 «20:30»
07.00 Біздің ауылда – Наурыз.
08.00 «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00 «Алдар Көсе»
12.00 Х/ф «Наурыз КЗ»
14.20 Мақпал Жүнісованың жаңа концерті
17.00 «Ең сұлу»
19.00 «№ 309»
20.00 «Қош келдің, өз-Наурыз!»
21.00 Т/х «Таңдауым сен»
23.00 «Талан. Қасқыр»
01.00 «Көріпкел»
02.00 «Сырты бүтін»
02.30 «Күлдірген»
03.00 «Ой мен ойын»
03.30 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.15 «ӘН ДАРИЯ»
06.50 «Тамаша city»
07.40, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.25 «Ұшқалақ»
09.00 Х/ф «Рассвет на Санторини»
11.00 «Добрый вечер, Казахстан!»
12.00 «Қалаулым»
15.00 Х/ф «Человек из стали»
18.45 «Махаббатпен, Астана!»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Дикий/4»
22.00, 02.30 «П@УТИНА»
01.45 Ночной кинотеатр. «Убойная сила»
04.00 «Ұшқалақ»

Жексенбі - Воскресенье, 24 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Қайырлы кеш, Қазақстан!»
07.55, 01.45 Т/х «Айналайын»
09.05 «Ақсауыт»
09.30 «Таңшолпан»
10.50 «Дара жол»
12.05«Ұлы дала ұлағаты-2»
12.35, 03.30 Т/х «Жаңа қоныс»
13.45 М/ф
15.20 «Әли» драмасы
17.15 «Кездер-ай» ретроконцерт
18.30 Апта
19.50 Футбол
22.00 «Ұлы дала сазы»
23.10 Концерт
00.55 «Беу» ток-шоу
02.25 «Дара жол»

ХАБАР

06.00 «Ұят болмасын»
06.30 «Тамаша»
07.30 Самопознание

КТК

07.05 «Мерекелік концерт»
07.30 «Тамаша»
09.30 «Пародия!Пародия!Пародия!»
11.00 Т/с «Мама Люба»
15.00 «Алдараспан»
12.50 «По ту сторону смерти»
17.30 «Рахмет, саған туған ел»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 Т/с «Мне с вами по пути»
01.10 «Каникулы в Тайланде»
02.20 Т/х «Сүйікті Дениз»
03.10-04.30 «Алдараспан»

ЖЕТИСУ

07.05 Ән әлемі.
07.30«Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ән әлемі
10.10 Ем болсын
10.30 Ұлт пен рух
11.00 Концерт «Көңіл толқыны»
12.00 Шашу
12.50 Net.laik
13.00 Арнайы репортаж
13.25 Құтты қонақ
14.15 Д.ф. «Наурыз Ұлыстың Ұлы күні»
14.50 Концерт «Жасай бер Қазақстан»
16.45 Ем болсын
17.00 Д/ф «Тюркский мир новый рассвет»
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Ұлы номад
19.30 Зерделі отбасы
20.15 Ән әлемі
20.30 Арнайы репортаж
21.00 Тастүлек
21.30 Спец. репортаж
22.00 Концерт «Ұлы дала қызымын»
23.00 Арнайы репортаж
23.30 Спец. репортаж

31 КАНАЛ

05.58 «ҚР ӨНҰРАНЫ»
06.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
07.30 Т/с «Кухня»
10.00, 00.00 Дайджесты
12:30 «Маша и медведь»
13.00 Кино «Хроники Нарнии: лев, колдунья и платяной шкаф»
16.00 Кино «Хроники Нарнии: принц Каспиан»
19.15 «Пираты Карибского моря: мертвецы не рассказывают сказки»
22.00 «Фильм-концерт»
01.30 «WhatsUp?»
02.20 Қазақша концерт

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00,14.00 «Бастық боламын»
08.00, 03.00 «Элиф»
09.00, 21.40 «Мажор-2»
11.15 «Юрмала»
13.30, 01.20 «Q-елі»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 Х/ф «Мой парень из зоопарка»
18.50 Х/ф Жаратқаннан корганы
21.00 Лоторея 777
21.05 Х/ф «Робокоп»
23.00 Х/ф «Кикибоксер возвращается»
01.10 The Эфир
05.00 «Жеңіп көр»

АСТАНА

07.40 М/с
08.35,08.50 М/ф
09.00 Кино «Тақиялы періште»
10.40 Мюзикл «Наурыздағы хикая»
11.10 «Миллион кімге бұйырады?»
12.00 «Қазақ Аруы-2019»
14.00 Кино «Возвращение в «А»
16.00 Т/х «Ана жүрегі»
19.15 «Жұлдызды жекпе-жек»
21.00 «Жеті күн»
22.00 Бокс
01.00 «Наурыз шашу»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз!»
06.40 «Казнет»
07.00, 12.00 М/ф
07.30 «Принцесса-лягушка. Тайна волшебной комнаты»
09.00, 09.15 «Монеу тайм»
09.30 «Шымкент-шоу»
10.00, 22.00 «Абысындар»

Жұма - Пятница, 22 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт
07.00 «TANSHOLPAN» бағдарлама
10.00,03.45 «HIT QAZAQSTAN»
10.55М/ф. «Роботкөлік Поли»
11.15, 13.15, 17.55 «Ұлыс оң болсын!»
11.20, 18.30 «Наурыз-думан» мерекелік жоба
13.15 «Қош келдің, өз-Наурыз!»
17.00 Д/ф. «Жылқы тарихы»
18.00 Арнайы жоба
20.15 «Ұлы дала ән мен жыры, ақындықтың жеті қыры» А.Тұрсынбаеваның концерті.
22.00 «Наурыз-думан» арнайы жоба
00.20 «Наурыздағы қарбалас» арнайы тележоба
01.20 «Қош келдің, өз-Наурыз!» мерекелік концерт
03.15 «Ұлы дала ұлағаты-2» Рымғали Нұрғалиұлы

ХАБАР

06.00, 02.00 Өнұран
06.00 Әсем әуен
06.30 Концерт «Наурыз тойы келгенде»
07.30,08.10,09.10 Таңғы хабар
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 12.15,13.15 «Ұлы дала Наурызы» мерекелік марафон
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Д/ф. «Ат үстіндегі өркениет»
21.00 Итоги дня
21.30 Концерт «Ұлыстың Ұлы күні»
23.00 Т/х. «Ән-аға»
01.00 Концерт «Әнім сен едің»

АСТАНА

06.00 KazNet
06.30 «Қош келдіңіз!» жоба
07.00 Арнайы жоба
08.00 «Шымкент-шоу» әзілдері
09.00 М/ф. «Маша и медведь»
10.00, 22.00 «Абысындар» т/х
11.00 Көркем фильм «Ең сұлу»
13.00 «Ұлытау ұлы» концерті
14.40 Т.Қабатовтың концерті
17.20 К/ф. «Ұлы дала комедиясы»
19.00 Т/х. «№309»
21.00 Т/х. «Таңдауым сен»
23.00 Х/ф. «Миллионер из трущоб»
01.30 «Көріпкел» деректі драма
02.30 «Сырты бүтін» деректі драма
03.00 «Күлдірген» әзіл-сықақ
03.30 «Ой мен ойын» шоу

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.15 Ән-дария
06.50 Тамаша сити
07.40, 18.00 Басты жаңалықтар
08.25 Жұма уағызы
08.45, 04.00 Ұшқалақ
09.00 Х/ф. «Шепот»
11.00 Добрый вечер Казахстан
12.00 Қалаулым
15.00 Х/ф. «Великий Гэтсби»
18.45 Концерт «Махаббат пен Астана»
20.00 Главные новости
20.45 Поле чудес
21.55,00.00 Кино «Келинка тоже человек», «Келинка тоже человек-2»
23.00,02.30 Паутина
01.40 Кино «Убойная сила»

11.00, 21.00 Т/х «Таңдауым сен»
13.00 К/ф «Лоторея»
15.00 Х/ф «Все из-за мужиков»
17.00 Х/ф «Келинка тоже человек»
18.00 «Алдар Көсе»
19.00 «Ел аузында»
20.15 Д/ф «Правила жизни»
20.45 «Ғажайып Қазақстан»
23.00 Х/ф «Загнанная»
01.00 «Көріпкел»
02.00 «Сырласу»
02.40 «Әзілстан»
03.00 «Ой мен ойын»
03.30 «Күлдірген»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Мир без конца»
06.55,12.35, 02.35 Тамаша сити
07.45 «Басты бағдарлама»
08.30 «Ұшқалақ»
08.45 «Воскресенье беседы»
09.00 «Чужие родные»
13.35 «Тамада Батл»
14.35, 20.55, 01.50 «Паутина +»
15.35 «Непутевые заметки»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «Мафия мен тақия»
09.10 «Пародия, пародия, пародия»
10.20 Мелодрама «Мне с вами по пути»
14.00 Комедия «Каникулы в Таиланде»
15.30 «Алдараспан» әзіл-сықақ театры
18.40 Комедия «Тайлақтың тақиясы»
21.00 Кино «Бизнес по казахски в Африке»
22.50 Мелодрама «Я рядом»
02.00 Т/х. «Сүйікті Дениз»
03.20-04.20 «Алдараспан»

ЖЕТИСУ

07.05 Ән әлемі
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.30 Арнайы репортаж
10.00 Спец. репортаж
10.30 Ұлы номад
11.00 Концерт «Ұлы дала қызымын» 2 бөлім
12.00 Шашу қайталау
12.50 Нетлайк
13.00 Зерделі отбасы
13.50 Тастүлек
14.10 К/ф «Самырсын»
16.40 Ем болсын
16.50 Концерт «Жұлдызың жан-сын жас дос»
18.00 Қош келдің – өз Науырыз. Тікелей эфир
20.30 Арнайы репортаж
21.00 Тарих парақтары
21.30 Спец. репортаж
22.00 Концерт «Менің өлкем» 1 бөлім
23.00 Арнайы репортаж
23.30 Спец. репортаж

31 КАНАЛ

05.58 Өнұран
06.00 «Алдараспан, Нысана, Шаншар»
07.30 Серил «Кухня»
10.50.00.00 Дайджесты
12.30 М/с. «Маша и медведь»
14.10 Кино «Хроники Нарнии: Принц Каспиан»
17.20 Кино «Пираты Карибского моря: Мертвецы не рассказывают сказки»
20.10 М/ф. «Храброе сердце»
22.00 Фильм-концерт
01.30 Whats Up?
02.20 Қазақша концерт

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00 Т/х. «Бастық боламын»
08.00 «Айнаонлайн»
09.00 Х/ф. «Мой парень из зоопарка»
11.15 Х/ф. «Месь пушистых»
13.10 Япыр-ай
13.40 «Наурызда бастық боламын»
16.10, 04.30 Гу-гулет
16.40 Х/ф. «Робокоп»
18.40 «Робокоп-2»
21.00 Лоторея «777»
21.05 Х/ф. «Робокоп-3»
23.10 Х/ф. «Двойной удар»
01.30 Х/ф. «Доспехи бога: в поисках сокровищ»
03.20 Т/х. «Элиф»
03.45 Қуырдақ
05.00 «Жеңіп көр»

16.00 Серил «Гюльчатай»
20.00 «Аналитика»
21.30 Т/х «Зауре»
00.00 Х/ф «Супер нянь-2»
03.20 «Кешкі кездесу»

КТК

07.05 Концерт М.Жүнісова
08.20, 03.30 «Әнім сен едің»
09.20 «Юрмала»
11.10 «Ни за что не сдамся»мелодрама
15.00 «Шаншар»
19.00 Мерекелік концерт
19.30, 02.30 «Гарантия» отандық кино
21.00 «Пока смерть не разлучит нас»
00.30 «Осторожно, корова» комедия

ЖЕТИСУ

09.00 Өнер мектебінің концерті
10.00 Ұлылық ұясы
10.25 Спорт тайм рус

Сенбі - Суббота, 23 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Ulityq amada – umytylmas ander»
07.50 Т/х. «Айналайын»
09.00 Дара жол
10.10 «Senbilik tan»
11.10 «Шилпагер»
12.00, 03.10 «HIT QAZAQSTAN»
13.00 «Әзіл әлемі»
14.15 Кино «Қыз Жібек»
17.10 «Жылқы тарихы» д/ф.
18.10 «Jaidarman» үздік әзілдер
20.00 «Ұлы даланың жеті қыры» арнайы жоба
20.35 Тұсаукесер ток-шоу «BEY»
22.10 «QAIYRLY KESH QAZAQSTAN»
23.40 Кино «Біржан сал»
01.50 «Наурыз-думан»
Н.Әшірровтың шығармашылық кеші

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Өнұраны
06.00 Тамаша
07.10 Өзін өзі тану
07.20 М/с. «Джинглики»
08.10 М/ф. «Отырарды қорғау»
08.40 М/ф. «Күш атасы – Қажымұқан»
09.10 Мегажоба «Өнер барысы»
11.40 Жұлдызды жекпе-жек
13.20 Д/ф. «Бір туынды тарихы»
13.50 Концерт «Ұлыстың Ұлы күні»
15.20 Кино «Анаға апарар жол»
17.35 Т/х. «Өз үйім-2»
19.15 «Қызық таймс»
20.15 «Миллион кімге бұйырады?»
21.00 Жеті күн
22.00 «Қазақ аруы -2019»
00.00 Т/х. «Ән-аға»

АСТАНА

06.00 «Қош келдіңіз!»
06.40 Kaznet
07.00 М/ф. «Маша и медведь»
09.00 Программа «Money time»
09.15 Программа «Money time»
09.30, 22.00 Т/х. «Абысындар»
10.30, 21.00 Т/х. «Таңдауым сен»
11.30 Т.Қабатовтың концерті
14.20 Көркем фильм «Ұлы дала комедиясы»
16.20 Х/ф. «Миллионер из трущоб»
19.00 Ел аузында
20.00 Репортер ұсынады
20.30 Д/ф. «Қаламгер»
23.00 Х/ф. «Озорник»
01.00 «Көріпкел» деректі драма
02.00 Сырласу
02.40 Әзілстан
03.00 «Ой мен ойын» шоу
03.30 «Күлдірген»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х. «Мир без конца»
07.00,02.35 Тамаша сити
07.50 Басты жаңалықтар
08.40 Ұшқалақ
08.50 Серил «Чужие родные»
12.35 «Фабрика грез»
13.00 Т/х. «Зэуре»
15.30,01.50 Паутина+
16.05 Х/ф. «Жизнь других»
17.00 Серил «Гюльчатай»
21.00 Басты бағдарлама
21.45,03.20 Кешкі кездесу
23.55 Х/ф. «Финансовый монстр»

10.45 Ән әлемі
11.00Ауылдағы ағайын
11.25 Концерт «Мен бақытты баламын»
14.00 Оқырман
14.50 Д/ф «Өнерім - өмірім»
15.35 Бай қуатты болайық
16.00 Док-сериал «По диким местам».
16.30 Туржорық
17.00 Парасат
17.30 Ұлт пен рух
18.00 Тарих парақтары
18.25 Арнайы репортаж
18.50 Ән әлемі
19.00 Спорт тайм
19.30 Зерде
20.15 Полицейская служба
20.30 Апта (қаз)
21.30 Апта (рус)
22.20 Б.Мұсаевтың шығармашылық кеші.

31 КАНАЛ

06.00, 00.30 Алдараспан. Нысана. Шаншар.
07.00 Ризамын

КТК

07.00 ҚР Өнұраны
07.05 Біздің концерт
08.00 Кино «Тайлақтың тақиясы»
10.00 Комедия «Бизнес по казахски в Африке»
12.00 Мелодрама «Я рядом»
15.40 «Алдараспан» театры
18.00 «Жан ана» М.Жүнісованың ән-шашуы
21.00 Мелодрама «Ни за что не сдамся»
00.30 Кино «Бизнесмены»
02.10 «Рахмет саған туған ел»
03.40-04.20 КТК қоржынынан

ЖЕТИСУ

07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Арнайы репортаж
09.30 Спец репортаж
10.00 Ән әлемі
10.10 Ем болсын
10.30 Қош келдің – өз Науырыз.
13.00 Концерт «Әнім менің жан серігім»
14.45 д/ф «Талғар тауларындағы қорық»
15.20 К/ф «Қайрақ тас»
17.35 Organic Life
17.50 Программа «Тарих».
18.10 «Қоңырқаз» ансамблінің концерті
18.45 Organic Life
19.00 Ұлылық ұясы
19.30 Спорт тайм
19.45 Полиция қызметі.
20.00 Ауылдағы ағайын
20.30 Концерт «Өндер мен жылдар»
22.25 Зерделі отбасы
23.15 Концерт «Дәстүрім-ән жырым»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Өнұран
06.00,01.20 Алдараспан. Нысана. Шаншар әзілдері
07.00,00.30 Whats Up?
08.00 «Ризамын»
09.00,14.30 М/с. «Маша и медведь»
09.30 Готовим с Адель (повтор)
10.00 Готовим с Адель
10.30,22.00 «Дайджесты» (каз)
12.30 Фильм-концерт
16.00 Х/ф. «В поисках Немо»
18.10 Х/ф. «Храбрая сердцем»
20.00 Х/ф. «Холодное сердце»
23.30 Айта берсін
02.30 Қазақша концерт

7 КАНАЛ

06.00 Қыздар арасында
06.30,03.00 Т/х. «Себебі сен»
08.30 «Айнаонлайн»
09.00 «Юморина»
10.30 Х/ф. «Робокоп-2»
12.50 Х/ф. «Робокоп-3»
15.00 Т/х. «Жаңа келін»
17.50 М/ф. «Сұлу қыз бен құбыжық»
20.00 «Теле Бинго»
20.40,01.50 Скетчком «Q –елі»
21.00 Лоторея «777»
21.05 Х/ф. «Двойной удар»
23.30 Х/ф. «Кикбоксер возвращается»
04.30 Гу-гулет
05.00 Жеңіп көр!

08.00 Wha,sApp
09.00 Х/ф «В поисках Немо»
11.10 «Азил студио»
12.00 Айта берсін
13.00, 22.00 Фильм-концерт
15.00 «Маша и медведь»
15.50 Х/ф «В поисках Дори»
18.00 Х/ф «Холодное сердце»
20.00 Х/ф «Город героев»
02.30 Қазақша концерт

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
06.30, 03.00 Т/х «Себебі сен»
08.30 «Айнаонлайн»
09.00 Х/ф «Месь пушистых»
11.00 Серил «Мой лучши друг»
15.00 Х/ф «Шпион корши»
17.00 «Бастық боламын»
20.30, 04.30 «Гу-гулет»
21.00 «Лоторея 777»
21.05 Х/ф «Келинка Сабина. Правдивая история»
23.20 Х/ф «Келинка Сабина-2»
01.20 Скетчком «Q-елі»
05.00 «Жеңіп көр»

ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ

АЗАМАТТЫҚ ТАЛАПТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСПЕН БІРГЕ ҚАРАУ

ҚІЖК-нің 2-бабының екінші бөлігіне және 162-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес, қылмыстық процесте азаматтық талапқа қатысты мәселелер қылмыстық іс жүргізу заңының негізінде шешіледі. Іс жүргізу қатынастары ҚІЖК-мен реттелмеген жағдайларда азаматтық іс жүргізу заңнамасының нормалары осы Кодекске қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот азаматқа немесе заңды тұлғаға, егер іс бойынша қылмыспен немесе есі кіресілі-шығасылы адамның қоғамға қауіпті әрекетімен оларға мүлкілік залал немесе моральдық зиян келтірілгенін байқаса, олардың азаматтық талап қою құқығын түсіндіреді.

Адамдар азаматтық талап қойғаннан кейін азаматтық талапкер деп танылады. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде азаматтық талап қоюға құқылы адамдардың тобы ҚІЖК-нің 62, 77 және 163-баптарында айқындалған. Олардың қатарына: қылмыспен немесе есі кіресілі-шығасылы жағдайдағы адамдардың қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетімен өздеріне зиян келтірілген жеке және заңды тұлғаларды, олардың заңды өкілдері мен өкілдерін, прокурорды жатқызуға болады.

ҚІЖК-нің 77-бабына сәйкес, аталған адамдар іс бойынша анықталған мән-жайлар тікелей қылмыспен немесе есі кіресілі-шығасылы жағдайдағы адамдардың қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетімен оларға зиян келтірілгенін растаған кезде ғана емес, оларға осындай зиян келтірілді деп санауға тиісті негіздер жеткілікті болған жағдайларда да азаматтық талап қоюға құқылы.

Азаматтық талапты Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген тәртіппен қылмыстық іспен бірге қарау, қылмыспен немесе есі кіресілі-шығасылы жағдайдағы адамдардың қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетімен өздеріне моральдық, күш қолдану арқылы немесе мүлкітік зиян келтірілген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін дер кезінде қорғауды көпелі болып табылады. Соттар осыған байланысты қылмыстық істерді қарау кезінде қойылған азаматтық талаптарды материалдық және процесуалдық заңдардың талаптарын сақтай отырып дұрыс шешуді қамтамасыз етуге тиіс.

Мүлкітік зиян келтірілген кезде жойылған мүлкіктің меншік иесі ғана емес, сонымен бірге заңды негіздер бойынша өзінде тұрған мүлкіктің иесі де (жалға алушы, сақтаушы және басқалар) азаматтық талап қоюға құқылы.

ҚІЖК-нің 75-бабының бесінші бөлігіне сәйкес, жөбірленушінің өзіне келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы талабы қылмыстық процесте қаралады. Егер мұндай талап қылмыстық істе қойылмаса не қараусыз қалдырылса, онда жөбірленуші оны азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қоюға құқылы.

Ертіс ОМАРОВ, Талдықорған қалалық сотының судьясы.

БІТІМГЕРШІЛІК

МЕДИАЦИЯ ЗАҢЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

ҚАЗІР ДАУ ДА, КИКІЛЖІН ДЕ КӨБЕЙДІ. ОҒАН БІРДЕН БІР СЕБЕП – МЕНШІК ТҮРЛЕРІНІҢ КӨБЕЮІ, НАРЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ОРНАУЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТЫ МЕН ТАЛАБЫНЫҢ АРТУЫ. КЕЗ КЕЛГЕН ҰСАҚ-ТҮЙЕК ДАУМЕН ЕЛ СОТҚА ЖҮГІНЕТІН БОЛДЫ. ЕЛІМІЗДІҢ ӘРБІР АЗАМАТЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНДА ӨЗГЕ ДЕ ЗАҢНАМАСЫНДА КӨЗДЕЛГЕН БАПТАРМЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛЫП КЕЛЕДІ.



Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында «Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқығын жүзеге асыруы болып табылады. Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңтайлату, оны басын артық бюрократиялық рәсімдерден арылту керек. Сонымен бір мезгілде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастыру жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей жолдарды қарастыру қажет» деп көрсетілген.

Елімізде дауларды шешудің қосымша әдісі ретінде 2011 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасының «Медияция туралы» Заңы жария етілді. Аталған Заң жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан, сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында және де сотқа дейінгі дауларды шешуге, сонымен қатар атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар бойынша қолданылады. Сонымен қатар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын дау-шарлар медиацияның қолданылу саласы болып табылады. Ал әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың мүдделеріне қатысты, тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын дауларға, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы істер бойынша қолданылмайды.

Сондай-ақ медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін анықтайды.

Азаматтар дауын сотқа беріп қойған соң, қайтып алуға болмайды деп ойлайды. Медиацияның ерекшелігі сол, бөлкім ыңғайлылығы да болар – дауды соттың қарауында жатқанда да сұратып алып, медиаторлар шешіміне ұсынуға болады. Бұл өзі – бөлнешекеңдер бірімен-бірі соттасып жатыр деген жаман атақтан құтқаратын жол. Іс медиация рәсіміне берілгенде, сот іс жүргізуді тоқтата тұрады. Медиация нәтижесінде мәмілеге қол жеткізілсе, дауды реттеу туралы келісім жазбаша түрде жасалады, екі жақ қол қояды. Дау-шарды реттеу туралы келісімді медиация тараптары ерікті түрде, келісімде көзделген тәртіппен және тағайындалған мерзімде орындауға тиіс.

Марлен ҚЫРҒАБАҚОВ, Талдықорған қалалық сотының судьясы.

20 ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛДЫ

ЖАЙДАРМАН ЖАҢАЛЫҚ

Алматы облысы кәсіпкерлер палатасы баспасөз-қызметінің хабарлауынша, облысымызда кәсіпорындар жанынан 20 оқу орталығы құрылып, оқу орталықтары жұмыссыздарды жұмысшы мамандықтарға оқытады.

Мамандарды дайындау саласында атқарылған жұмыс нәтижесі Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Нариман Әбілшайықовтың Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз-конференциясы барысында айтылды.

Спикердің айтуынша, «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында Өңірлік кәсіпкерлер палатасы 26 оқу орталығын ашуға атсалысты, оның ішінде 20 оқу орталығы кәсіпорындар жанынан құрылған. «Бытыр кәсіпорындар жанынан 20 оқу орталығын ашуға көмек көрсеттік, онда 852 адам оқып шықты. Олардың барлығы жаңа жұмыс мамандықтарын алды. Оқып шыққандардың 72%-ы жұмысқа тұрды», – деді Нариман Әбілшайықов.

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпорындар мемлекеттік бюджет есебінен өздеріне мамандарды дайындай алады. Ол үшін кәсіпорын Өңірлік кәсіпкерлер палатасына «Атамекен» ҰКП оқу орталықтары тізіліміне енгізу үшін өтінім жіберіп, оқу орталығын құруы керек. 2017 – 2018 жылдары өңірдегі 9 оқу орталығы Жұмыспен қамту орталықтарынан жұмыссыздарды оқыту бойынша мемлекеттік тапсырысты алды.

Бұдан бөлек, Нариман Әбілшайықов Дуальді білім беру жол картасын жүзеге асырылуы туралы мәлімет берді. Оның айтуынша, бизнес, колледж және студенттердің ұшжақты мүдделілігі есебінен соңғы жылдары мамандарды дайындауда Жол картасы қатысушыларының – колледж бітірушілерінің жұмыспен қамтылу пайызы үнемі өсуде. Дуальді оқыту аясында 2017 жылы түлектер арасында жұмыспен қамтылу 71%-ды құрады, бытыр көрсеткіш – 79%-ға жетті. Білім беру басқармасының деректері бойынша түлектердің Дуальді білім беру картасынан тыс жұмысқа орналасу көрсеткіші – 71,2%.

Облыстан Дуальді білім беру жол картасына барлығы техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің 2310 студенті қатысты. Облыстың 24 колледжі мен 231 кәсіпорны арасында 20 мамандық пен 10 сала бойынша мамандарды бірлесіп оқыту туралы келісімдер жасалды.

Ш. ХАМИТОВ.

МАМАН МІНБЕРІ

ТАУАР ТАҢБАСЫ ТУРАЛЫ ҚҰҚЫҚ

Тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы – 1999 жылғы 26 шілдедегі №456 «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Заңына сәйкес тіркелген және Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын басқа заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан ажырату үшін қызмет ететін белгі.

Тауар таңбасына құқық куәлікпен куәландырылады әрі тауар таңбасының иесі куәлікте көрсетілген тауарлар мен қызметтерге қатысты өзіне тиесілі тауар таңбасын пайдалану мен оған иелік етудің айрықша құқығына ие болады. Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар таңбасын оның иесінің келісімінсіз ешкім де пайдалана алмайды. Яғни, таңба ретінде бейнелеу, сөз, әріп, құрама, көлем белгілері және өзге де белгілер немесе бір тұлғалардың тауарлары мен қызметтерін басқа тұлғалардың біртектес тауарларынан немесе қызметтерінен ажыратуға мүмкіндік беретін олардың аралас үлгілері тіркелуі мүмкін.

Тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жер атауын немесе араласып кеткен дәрежеге дейін олармен ұқсас белгілерді біртектес тауарлар мен қызметтерге қатысты, ал жалпы жұртқа белгілі тауар таңбасы болғанда – кез келген тауарлар мен қызметтерге қатысты азаматтық айналымға рұқсатсыз енгізу тауар таңбасының немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығы иесінің айрықша құқығын бұзу болып табылады. Жалпыға бірдей қолжетімді телекоммуникациялық желілерде рұқсатсыз пайдалану да тауар таңбасы иесінің айрықша құқығын немесе тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын бұзуға әкеп соғады.

Қорытындылай келе, қорғалатын тауар таңбасын немесе тауар шығарылған жер атауын, сондай-ақ, араласып кеткен дәрежеге дейін олармен ұқсас белгілердің Заңның талаптарын бұза отырып біртектес тауарларға пайдаланғаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Ж. МУСАГАЛИЕВ, Алакөл аудандық Әділет басқармасының бас маманы, Қазақстан заңгерлер одағы мүшесі.

ЖОБА АЯСЫНДА

МЕКТЕП АСХАНАЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ САРАЛАНДЫ

Алматы облысының Панфилов ауданында «Мектеп асханалары» партиялық жобасы аясында нұротандықтар арнайы құрылған эксперттік топтың қатысуымен аудандығы бірқатар мектептерге мониторинг жүргізді. Эксперттік топ құрамында аудандық мәслихат депутаттары Махымбек Тұрлыбеков, Әділжан Ходжамбердиев, аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қ. Досмаилов, ата-аналар комитеті мен үкіметтік емес ұйым өкілдері, жауапты сала мамандары мен бұқаралық ақпарат құралдары енді.

Аудан орталығы Жаркент қаласы және ауылдық елді мекендерде орналасқан бірнеше мектеп асханаларына аудандық филиал басшылығы мониторинг жүргізу мақсатында барып қайтты. Пенжім ауылдық округінде орналасқан Розыбакиев орта мектебінде болып қайтқан эксперттік топ бірқатар ұсыныстар айтып, рұқсат етілген тағам туралы да мектеп басшылығы, асхана иелеріне айтып ескертті.

«Партиялық жоба мектеп асханаларының тамақтану тәртібіне қадағалау жасау, балалардың тегін тамақтануы мен ас мәзіріне белгіленген тағамдардың енгізілуіне бақылау болып табылады. Біздің мақсат – қатаң қадағалау емес, кәсіпкерлерге көмек бері, ұтымды ұсыныс енгізу», – дейді Панфилов аудандық филиал төрағасының орынбасары Қанат Досмаилов.

«Мен балаларымның сапалы тамақтануы, қауіпсіз тағамдарды жегенін қалаймын. Сол себепті осындай саралау жұмысына, мониторингке қатысуға өз еркімнен келістім. Мен үшін баланың денсаулығынан маңызды мәселе жоқ, әр ата-анаға да солай деп ойлаймын. Мектеп асханаларына ас мәзірінің дұрыстығы, рұқсат етілген тағам түрлері жөнінде өз тарапымынан ұсыныстар енгіздім», – дейді аудандық ата-аналар кеңесі төрағасының орынбасары Ғалымжан Ташметов.

Мониторинг қорытындысы бойынша тиісті құжаттар толтырып, ескертулер білім мекемелеріне жолданатын болады.

Ш. БАТЫРХАНОВ.

ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІННІҢ АРАҚАТЫНАСЫ

РУХАНИ ЖЕТІЛУ

Ата Заңымыздың алғашқы тармағында баяндалғандай, «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары». Осы қағидаттарды басшылыққа ала отырып мемлекет азаматтары қалаған дінің ұстануға конституция бойынша кепілдік берілген.

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында азаматтардың өзіндік және мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге, көзқарасына байланысты барлық кемсітушілікке тыйым салынған. Сонымен қатар 3-бабының 1-тармағында мемлекеттің дін мен діни бірлестіктерден бөлінгендігі көрсетілген.

«Зайырлы» сөзі қазақ тілінде «ашық», «айқын», «сыртқы» деген мағынаны білдіретін араб тіліндегі «захири» сөзінен енген. «Зайырлы» сөзінің латын тіліндегі мағынасы секулярлік сөздерінен бастау алады.

Бірақ әлем елдерінде зайырлылыққа қатысты бірегей ұстаным жоқ. Әр ел өзінің әлеуметтік және саяси жағдайына байланысты зайырлылықты өз ыңғайына қарай бейімдеп алған. Мысалы, Германия елі – еуропаның нақ ортасында орналасқан «зайырлы» ел. Бірақ, бұл елде христиан дініне басымдық берілген мектептерде христиан дінінің қағидалары байланысты дәрістер беріледі. Бұл елде христиан атын жамылған партиялар белсенді жұмыс жасайды.

Аллаһтың ел АҚШ-қа келетін болсақ, бұл ел зайырлылықтың өзіндік моделін қалыптастырған. АҚШ-тың Ата заңында құдай АҚШ-ты қолдайды деген сөздер бар. Әрі қатып қалған діни түсініктер өлі сақталған. Ал еліміз етек-жеңіп жиғаннан соң дінге байланысты өзіндік реалға негізделген «зайырлылық» ұғымын қалыптастырды. Ендігі кезекте радикалды діни ағымдар мен түсініксіз ұйымдарға тыйым салынып, мемлекет дінге байланысты арнайы заңдар қабылданды.

Мектептерге «дінтану» факультатив курсы ретінде енгізілді. Қазақстан Республикасында орта мектептер зайырлы негізде сабақ беретін болғандықтан, діни сабақтарға тыйым салынған. Сондықтан «Дінтану негіздері» енді «Зайырлық және дінтану негіздері» атауын алып, Қазақстан Республикасындағы көптеген діндердің тарихы және олардың ұстанған бағытының айырмашылығы мен сол діндердің ішіндегі ағымдардың дұрыс немесе бұрыс екені және дін арқылы балаға рухани тәлім тәрбие беру мақсаты қойылды.

Осы аталған пән де діндердің ішінде Хак дініміз – исламға өтудің ерекшелігімен таныстыру арқылы оқушыны ақ дінді қабылдауымызға не түрткі болғаны, ислам дінінің негізгі құндылықтарының мән-мағынасының аражігін ашу, айырмашылығын ажырата білуге бағыт беріледі. Әрине, рухани жетілудің бірден-бір жолы дінге келіп тіреледі. Сондықтан мектептегі зайырлық және дінтану сабағы мен қоғамдық сабақ ретінде жүретін тарих сабағы осы рухани жетілу қызметін атқарып келеді.

Медет НАУРЫЗБАЕВ, Қаратал ауданы Жамбыл атындағы орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі.

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

2019 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша БЖЗК негізгі көрсеткіштеріне шолу

2019 жылдың 1 ақпанына қарай зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 9,4 трлн теңгені құрап, соңғы 12 ай ішінде 1,6 трлн теңгеге көбейді. Еске сала кетелік, былтырғы жылдың 1 ақпанына қарай зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 7,8 трлн теңге болған еді. Осы кезең ішінде салымшылардың шоттарына үлестірілген зейнетақы активтерінің өсімі 21 пайызға жетті. Бұл ретте зейнетақы активтері зейнетақы жарналары мен инвестициялық табыстан құралатындығын еске саламыз.

2019 жылдың қаңтар айында зейнетақы түсімдерінің сомасы 70,8 млрд теңгені құрады. Өткен жылдың сәуірінен бері зейнетақы түсімдерінің өсімі 5,5 млрд теңгеге жетіп отыр. Бұл ретте түсімдердің басым бөлігі міндетті зейнетақы жарналарына (МЗЖ) тиесілі – 66,5 млрд теңге. Қаңтар айында барлығы 4,9 млн міндетті зейнетақы жарналары түскен. Жарналардың орташа сомасы 13,7 мың теңгені құрады.

2019 жылдың алғашқы айында салымшылар мен алушылардың шоттарына үлестірілген таза инвестициялық табыс 15,4 млрд теңге болды. Бұл өткен жылдың сәуірінен бері салыстырғанда 5,6 млрд теңгеге (немесе 57%-ға) жоғары.

12 ай ішінде зейнетақы активтерінің табыстылығы 11,3 пайыз болса, осы кезеңде инфляция деңгейі 5,2 пайызды көрсетті. Яғни, бір жыл ішінде зейнетақы активтері бойынша нақты, таза табыстылық – 6,1 пайызды құрады.

2019 жылдың 1 ақпанына қарай, ҚР Ұлттық Банкінің басқаруына берілген зейнетақы активтері портфеліндегі мемлекеттік бағалы қағаздардың үлесі 44,09 пайызды құрады. Олардың үлесі өткен жылдың сәуірінен бері салыстырғанда (01.02.2018 ж. – 44,47%) өзгерген жоқ деуге болады. Теңгеден номиналданған мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша өтелуіне қарай орташа өлшемдік табыстылық – жылдық 7,0 пайызды, АҚШ долларында жылдық 4,4 пайызды құрады.

Ал ҚР-ның квазимемлекеттік ұйымдары облигацияларының үлесі 13,80 пайызды құрады. Бұл өткен жылдың сәуірінен бері көрсеткіштен біршама жоғары (01.02.2018 ж. – 10,11%). ҚР теңгеден номиналданған квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары бойынша өтелуіне қарай орташа өлшемдік табыстылық – жылдық 10,3 пайызды, ал АҚШ долларында жылдық 5,0 пайызды құрады.

Зейнетақы активтерінің портфелінде ҚР екінші деңгейдегі банктері облигацияларының үлесі – 13,3%-ға пайызға жетіп, өткен жылдың сәуірінен бері көрсеткіштен салыстырғанда (01.02.2018 ж. – 15,82%) төмендеді. ҚР екінші деңгейдегі банктерінің

теңгеден номиналданған облигациялары бойынша өтелуіне қатысты орташа өлшемді табыстылық – жылдық 10,0 пайызды, ал АҚШ долларында жылдық 6,6 пайызды көрсетті.

Шет мемлекеттердің шетел валютасында номиналданған мемлекеттік құнды қағаздарына жасалған инвестициялар үлесі 12,81 пайызды құрап (01.02.2018 ж. – 12,61%), өтеуіне қатысты орташа табыстылық жылдық 3,7 пайызды көрсетті.

Қордың зейнетақы активтері есебінен са-тып алынған қаржы құралдарының қай валютада номиналданғаны былайша келтірілген: зейнетақы активтерінің 67,61 пайызы – ұлттық валютада, 31,97 пайызы – АҚШ долларында, 0,42 пайызы өзге валюта-ларда инвестицияланған.

Зейнетақы активтері портфелінің 72,7 пайызы – рейтингі «ААА»-дан «ВВВ» дейін болатын қаржы құралдарына, 12,2 пайызы – рейтингі «ВВ+»-тен «В-»-қа дейін болатын қаржы құралдарына орналастырылған.

БЖЗК-ның сенімгерлік басқарудағы зейнетақы активтері портфелінің құрылымдық үлестірілімі БЖЗК Инвестициялық декларациясының талаптарына сәйкес келеді.

2019 жылдың 1 ақпанына қарай шарттардың барлық түрлері бойынша жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны 10,4 млн бірлікті құрады. Оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен ашылған шоттар 9,9 млн бірлік (95 пайыз), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) есепке алу бойынша ЖЗШ саны 0,5 млн бірлік, ал ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша 0,05 млн бірлік болды. 2019 жылдың қаңтар айында МЗЖ бойынша ашылған шоттардың саны 11 293 бірлікті құрады. Олардың ішінде 9 409 шот ав-томатты түрде ашылды. Зейнетақы шоттарының автоматты түрде ашылу тәртібі 2019 жылдың 08 қаңтарында енгізілген.

2019 жылдың қаңтар айында зейнетақы қоры тарапынан тұрғындарға 2,4 млн опера-ция көлемінде қызмет көрсетілді, оның ішінде электрондық қызметтердің үлесі 86 пайызды құрады. Осы кезеңде азаматтардың жинақтаушы зейнетақы жүйесі мәселелері бойынша 58,7 мың өтініші қаралды. Кәсіпорындар мен ұйымдарда 1955 көшпелі танымталымдық шара өткізіліп, оларға 65,3 мың адам қатысты.

2019 жылдың алғашқы айында зейнетақы төлемдері 31,53 млрд теңгені, оның ішінде жа-сына байланысты төлемдер 23,64 млрд теңгені, сақтандыру ұйымдарына жасалған аударымдар – 2,65 млрд теңгені, ҚР шегінен тысқары жерлерге тұрақты кетуге байланысты төлемдер 2,66 млрд теңгені, мұрагерлік бойынша төлемдер 1,89 млрд теңгені құрады.

Бірыңғай жиынтық төлемді төлеу аясында БЖЗК-ға жарналар түсе бастады

2019 жылдың қаңтар айында БЖТ төлеу ая-сында БЖЗК-дағы 3 655 жеке зейнетақы шотына жалпы сомасы 2,1 млн теңгеге 4019 жарна (1,1 млн теңге қала тұрғындарынан, ал 948 мың теңге ауыл тұрғындарынан) келіп түсті.

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) іске қосылды. Бірыңғай жиынтық төлем өзін-өзі жұмыспен қамтушы жеке тұлғалардың бейресми қызметін тіркеуді оңайлатуға бағытталған. Сол арқылы төрт міндетті төлемді: мемлекеттік кірістер органына төленетін жеке табыс салығын, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін міндетті зейнетақы жарналарын, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін әлеуметтік аударымды және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленетін әлеуметтік аударымды бір төлеммен жүзеге асыруға болады. Осылайша БЖТ төлеу мүмкіндігіне ие азаматтар барлық төлемдерді оңайлатылған тәртіпте төлеп, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне қатыса алады.

Бұдан басқа БЖТ төлеуші қазақстандықтар жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысып, жинақтарын молайтады және қатысу өтіліне қарай мемлекеттік базалық зейнетақыны жоғары мөлшерде алуға үміт арта алады.

Жыл басынан бері фрилансерлер мен жеке кәсіпкерлердің «БЖЗК» АҚ-тағы зейнетақы шоттарына 4,2 млрд теңге түсті

2019 жылдың қаңтар айында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына 253,4 мың салым-шыдан, яғни жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерден жалпы сомасы 4,2 млрд теңгеге 768,6 мың жарна келіп түсті.

«Қазақстан республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына енгізілген өзгерістерге байланысты, мынадай өзгерістер күшіне енді:

– егер азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар-дың бір тарабы салық агенті, яғни заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, кәсіби медиатор-лар болатын болса, онда олар фрилансерлер үшін міндетті зейнетақы жарналарын төлейтін агентке айналады. Бұл ретте жарналар жеке тұлғаның ала-тын табысының 10 пайызы мөлшерінде, бірақ тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының 10 пайызынан кем емес және 50 еселенген мөлшерінің 10 пайызынан жоғары емес мөлшерде белгіленеді.

Бұл ретте жарналарды есептеу үшін алынатын ең жоғары жиынтық жылдық табыс республикалық бюд-жет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінің 12 еселенген сомасынан аспауы тиіс.

Егер азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар салық агенті болып табылмайтын жеке тұлғалармен жасалса, онда фрилансерлер жарна төлеуге тек құқылы болады. Бірақ міндетті емес. Дегенмен жеке тұлға бұл жарналарды өзінің ұйғаруымен Қордағы

жеке шотына аудара алады. Бұл үшін ол жарналар-ды банктер немесе Қазпошта арқылы «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясына төлейді. Әрі қарай корпорация жарналарды Қорға аударады. Егер фрилансер өзінің осы құқығын пайдаланса, бұл оның жеке зейнетақы капиталын қалыптастыруына оң әсер ететін болады.

Сонымен қатар еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін азаматтар әрі азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жеке тұлғалардың тапсырысын орындай-тын болса, онда олар азаматтық-құқықтық шарт-тар бойынша жарна төлеуден босатылады. Бұл жағдайда міндетті зейнетақы жарналарын салық агенті болып табылатын жұмыс беруші ғана төлейді.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «БЖЗК» АҚ-та жеке зейнетақы шоттары автоматты түрде ашылады

2019 жылдың қаңтар айында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының базасында авто-матты түрде 9 409 жеке зейнетақы шоты ашылды.

2019 жылдың 8 қаңтарынан бастап жеке тұлғаға міндетті зейнетақы жарналары бойынша шот ашу үшін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, оның ішінде Қордың веб-сайты арқылы да жүгінудің қажеті жоқ. Енді жеке тұлғаның Қорда міндетті зейнетақы жарналары бойынша ашылған шоты жоқ болса, онда алғашқы жарна келіп түскен кезде зейнетақы шоты автоматты түрде ашылады. Ол туралы Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына тиісті өзгерістер енгізілді.

Бұл ретте жеке тұлға жарналарды аудару бар-ысында төлем тапсырмасының электрондық фор-маттында көрсетілген дербес деректер (тегі, аты, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, туған күні) бойынша танылады. Ал жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттық деректемелері бойынша қажетті мәліметтерді Қор мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алатын болады.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асыра-ды. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есеп-ке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы БАҚ үшін байланысты: press@enpf.kz

ОҚЫРМАН СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП

1. Зейнетақы жинақтарын біржола алуға бола ма?

– Қордағы зейнетақы жинақтары алушыларға заңнамада көзделген жағдайлар туындаған кезде ғана беріледі. Ең негізгі жағдай – зейнеткерлік жасқа толу. Өйткені зейнетақы тағайындаудағы негізгі мақсат – құрметті демалысқа шыққан адамдардың күнделікті тіршілігін лайықты қамтамасыз ету.

Сонымен «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес Қордан зейнетақы төлемдері зейнеткерлік жасқа толған азаматтарға (ерлерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге быыл 59 жасқа толғанда) және бірінші немесе екінші топтардағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген жандарға төленеді. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен, кету дерегін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

Жасына байланысты зейнеткерлер мен I және II топтардағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген адамдар төлемдерді ай сайынғы кесте бойынша алады. Өйткені 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қордан зейнетақы төлемдері тек ай сайын беріле бастады. Зейнетақы жинақтарын ай сайын беру – халықаралық стандарттарға сәйкес келеді және бұл Қордан зейнетақы төлемдерін алу мерзімін едәуір ұзартуға және жиынтық зейнетақының көлемін арттыруға септігін тигізеді.

Қазір де зейнетақы жинақтарын біржолғы төлем ретінде алуға болатындығын айта кеткен жөн. Егер зейнетақы төлемдерін алушы өтініш берген күні, оның шотындағы жинақтардың сомасы ең төменгі зейнетақының 12 еселенген мөлшерінен аспаса, бұл сома алушыға бір рет толығымен төленеді. Биыл ең төмен зейнетақы көлемі: 36 108 теңге. Сәйкесінше оның 12 еселенген мөлшері: 433 296 теңге.

Бұдан басқа, заңнамаға сәйкес ерлер 55 жасқа, ал әйелдер быыл 51 жасқа толғанда өздері тандаған сақтандыру ұйымымен сақтандыру төлемдерін өмір бойы ай сайын алып тұру үшін зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға құқылы. Бұл ретте әйелдердің жасы 2027 жылға дейін 55 жасқа жеткенше жыл сайын 6 айға ұлғайтылып отыратындығын еске саламыз. Бірақ зейнетақы аннуитеті шартын жаса-су үшін Қордағы зейнетақы жинағының сомасы ай сайын ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем емес төлемді төлеуге жеткілікті болуы керек.

Сақтандыру ұйымына аударуға қажетті со-маны зейнетақы калькуляторының көмегімен де есептеуге болады. Ал зейнетақы калькуля-торы enpf.kz сайтының «Электрондық қызмет

көрсету» – «Зейнетақы калькуляторы» бөлімінде орналастырылған:

<https://www.enpf.kz/kz/elektronnye-servisy/calcinsurance/calc.php>

2. Бізге редакцияға туыстары қайтыс болған адамдар жиі жүгініп, сол қайтыс болған туыстарының жинақтарын қалай алуға болатындығын сұрап жатады. Осы жағын түсіндіріп берсеңіз.

– Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы жинақтары салымшының меншігі болып та-былады және өсиет бойынша, сондай-ақ «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру ту-ралы» ҚР Заңының 31-33-баптарына сәйкес мұраға қалдырылады.

Мұраны қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 6 тарауына (Мұрагерлік құқық) сәйкес мұра ашылған жердегі нотариусқа немесе заңға сәйкес мұра алу құқығы туралы куәлікті беру-ге уәкілетті лауазымды адамға мұраны қабылдау туралы немесе мұрагерлікке құқық туралы куәлік беру жөнінде өтініш беріледі. Мұра ашылған күннен бастап алты айдың ішінде, яғни мұра қалдырушы қайтыс болған күннен бастап алты айдың ішінде мұра қабылдануы мүмкін. Алты ай өткен соң, мұра ашылған жер бойынша нотариус мұрагердің өтініші бойынша оған мұрагерлікке құқық туралы куәлік бе-руге міндетті.

Егер мұрагер мұра қабылдау мерзімін дәлелді себептермен өткізіп алған болса және бұл мерзімді өткізіп алу себептері жойылғаннан кейін алты ай ішінде сотқа жүгінген жағдайда осы мерзімді өткізіп алған мұрагердің өтініші бойынша сот бұл мерзімді қалпына келтіре алады және мұрагер мұраны қабылдады деп тани алады.

3. Мұрагерлер үшін құжаттарды жинап, тапсыру рәсімін оңайлатуға болмай ма? Өйткені олардың табалдырық тоздырып, құжат жинауға шамасы да, жағдайы да келе бермейді ғой?

– Бұл рәсімді мұрагерлер үшін оңайлату және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен Қазақстан Республикасы нотариустарының өзара іс-қимылын оңайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Республикалық нотариаттық палата, «Ұлттық ақпараттық техноло-гиялар» акционерлік қоғамы («ҰАТ» АҚ) және БЖЗК арасында «Е-нотариат» Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйесі мен Қордың ақпараттық жүйесінің өзара іс-қимылы туралы Шарт жасалды.

Енді аталған Шарт аясында нотариустар өздерінің өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша (мұрагерлер өтініш берген жағдайда) қайтыс болған салымшылардың (алушылардың) Қорда жеке

зейнетақы шотының және онда ақшаның болуы ту-ралы БЖЗК-ға онлайн тәртіпінде (хат жүзінде емес) сауалдар жолдай алады.

Қор өз кезегінде салымшылар мен алушы-лар Қазақстан Республикасының нотариустары куәландырган немесе растаған құжаттарды ұсынған жағдайда «Е-нотариат» Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйесіне сауал жолдап, салымшылар мен алушылардың Қорға ұсынған құжаттарына қатысты жасалған нотариалдық әрекеттер бойынша ресми растау құжатын алады.

Бұл қызмет нотариустарға жүгінген мұрагерлердің уақытын үнемдейді.

4. Таяуда бұқаралық ақпарат құралдарында зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған салымшыны жерлеуге байланысты зейнетақы қорынан біржолғы төлем берілетіндігі жарияланды. Оның көлемі қандай және қандай құжаттар жинау керек?

– Шынында, бұл мәселе таяуда бұқаралық ақпарат құралдары бетінде талқыланды. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, мына мәліметті айта кеткім келеді. Қазақстан Республикасында жинақтаушы зейнетақы жүйесі енгізілген сәттен, яғни 1998 жылдан бастап, жинақтаушы зейнетақы қорында жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, Қор оның отбасына немесе жерлеуді ұйымдастырған адамға жерлеуге арналған біржолғы төлем төлейді. Бұл төлем заңнамада көрсетілген тәртіпте және мөлшерде жүзеге асырылады. Атап өту керек, бұл төлем жаңалық емес, ол әрқашанда төленіп келді.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының ережелеріне сәйкес зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, Қор оның отбасына немесе жерлеуді жүзеге асырған адамға республикалық бюджет тура-лы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 52,4 еселенген мөлшерінде жер-леуге арналған біржолғы төлем төлейді. Бірақ бұл сома жеке зейнетақы шотында жатқан қаражаттан аспауы тиіс. 2019 жылдың 1 қаңтарына қарай бұл сома 132 310 теңгені құрады (2 525*42,4).

Егер жерлеуге арналған біржолғы төлемнен кейін шотта қалған ақшаның сомасы тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі зейнетақы мөлшерінен (биыл: 36 108 теңге) аспайтын болса, онда бұл қалдық жер-леуге арналған біржолғы төлемге қосылып төленеді.

Толық ақпаратты Қор сайтынан біле аласыз: <https://www.enpf.kz/kz/services/recipient/heir.php>

Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің құрылғанына 20 жылдан асты.

Осы жылдар ішінде ол талай сыннан өтті. Бүгінде жүйе заман талабына сай жемісті жұмыс істеп келеді және болашағы айқын.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ – жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қаржылық және ақпараттық ағындарының бірыңғай операторы. Оның қызметі ашықтық және айқындылық қағидаларына негізделген. «БЖЗК туралы маңызды сұрақтар» айдарында біз тұрақты оқырмандарымыздың сұрақтарына жауап береміз.

5. БЖЗК салымшылары Қордың қандай негізгі ұсынымдарын есте сақтауы тиіс?

– Зейнетақы қорының қызметі туралы бүкіл ақпарат Қордың enpf.kz сайтында және бұқаралық ақпарат құралдары бетінде, сондай-ақ БЖЗК-ның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында тұрақты түрде жарияланып отырады. Сонымен қатар Қор бөлімшелері республиканың барлық өңірлерінде, оның ішінде Астананың барлық ауданында жұмыс істейді. Қор кенеслерінде кез келген зейнетақы қызметін алып қана қоймай, жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы жан-жақты ақпарат алуға болады.

Қор филиалдарында үш ай сайын Ашық есік күні шарасы өткізіліп тұрады. Онда келушілер өздерін қызықтырған сұрақтарға толыққанды жауаптар ала алады. Біз алушыларға зейнетақы жарналарының Қорға уақытылы және толық көлемде аударылуын қадағалап отыруға кеңес береміз. Бұл үшін әр түрлі ыңғайлы тәсілдерді пайдалануға болады. Мысалы: Қор базасына тіркелген жеке сәйкестендіру нөмірі мен парольдің немесе электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен enpf.kz сайтының Жеке кабинеті, Қордың ұялы қосымшасы, сондай-ақ Қорға ұсынылған жеке электрондық мекенжай.

Қазір жас маман жұмысқа орналасқан жағдайда, Қорға алғашқы зейнетақы жарнасы келіп түскен сәтте, зейнетақы шоты автоматты түрде ашылады. Яғни, жаңа салымшыға зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу үшін Қор кеңесіне барудың қажеті жоқ. Тек өзінің зейнетақы шотының жай-күйін, жарналардың тұрақты аударылуын қадағалап отыраса болғаны. Өйткені Қордан төленетін болашақ зейнетақы төлемінің қандай болатындығы Қорға жарналардың уақытылы және толық көлемде ау-дарылуына тікелей байланысты.

Бүгінде базалық зейнетақының көлемі жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне тікелей тәуелді. Бұдан басқа зейнетақы аударым-дары банктер үшін клиенттерге несие рәсімдеу барысында маңызды көрсеткіш болып саналады.

Зейнетақы жинақтары әрбір салымшының меншігі. Шоттағы зейнетақы жинақтары сенімді қаржы құралдарына инвестицияланады, сәйкесінше шоттарға күн сайын инвестициялық табыс есептеліп отырады.

2018 жылдың қорытындысы бойынша Қор салымшыларының зейнетақы шоттарына 917,1 млрд теңге көлемінде инвестициялық табыс есептелді. Бұл жерде әрбір салымшының шоты-на есептелетін табыстың сомасы сол шоттағы жинақтардың көлеміне тәуелді.

В ЦЕЛЯХ ОПТИМИЗАЦИИ СУДЕБНОЙ НАГРУЗКИ

21 января 2019 года Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым подписан Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам усиления защиты права собственности, арбитража, оптимизации судебной нагрузки и дальнейшей гуманизации уголовного законодательства» (далее – Закон).

Законом предусмотрено 8 блоков поправок, ряд из которых создают условия для равноценного возмещения при изъятии земельных участков для государственных нужд, защите имущественных прав лиц при конфискации имущества, а также связан с гуманизацией экономических и налоговых уголовных правонарушений. Среди изменений и новых порядков рассмотрения требований, передаваемых в исключительную подведомственность нотариата.

Так, Законом введено новое нотариальное действие – удостоверение согласия, внесены изменения, расширяющие основания для использования депозита нотариуса, защищены права зачатого, но не родившегося наследника, расширен круг лиц, имеющих право получать свидетельство о смерти в органах регистрации актов гражданского состояния, урегулирована процедура вскрытия секретного завещания, предоставлена возможность получать необходимые сведения со счетов вкладчиков АО «ЕНПФ» о наличии индивидуального пенсионного счета наследодателя и движении денег на счетах.

Кроме того, нотариусам переданы от-

дельные требования приказного производства путем совершения 9 видов исполнительных надписей. Исполнительная надпись представляет собой один из важнейших правовых инструментов, способных обеспечить быстрое и эффективное разрешение требований бесспорного характера. Также предполагается передача из упрощенного производства 10 требований, основанных на соглашении сторон, которые были заключены в порядке применения примирительных процедур.

Более того, для стимулирования внесудебного взыскания бесспорных задолженностей и развития данного нотариального действия из главы 12 Приказное производство ГПК РК, тем самым исключена возможность альтернативного взыскания по бесспорным задолженностям.

Законом введено право совершать исполнительную надпись на копии документа, устанавливающего задолженность, при условии предъявления его подлинника, в котором делается соответствующая отметка. Данная норма позволит расширить возможность использования исполнительных надписей, например, банкам и коллекторским компаниям по взысканию беззалоговых займов по письменным сделкам.

Улан МАМЫТБЕК,
заведующий канцелярией
Талдыкорганского городского
суда.

ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ РАВНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ

В современном Казахстане гендерная политика равенства проводится в соответствии с Конституцией РК. Так, п. 2, ст. 14 Конституции РК гласит: «Никто не может подвергаться какой-либо дискриминации по мотивам происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или по любым иным обстоятельствам».

Основные принципы гендерной политики в нашей стране устанавливают равные права мужчин и женщин, что гарантировано Конституцией РК. Задачи гендерной политики – достижение сбалансированного участия мужчин и женщин во властных структурах, обеспечение равных возможностей для экономической независимости, развития своего бизнеса и продвижение по службе, создание условий для равного осуществления прав и обязанностей в семье. Однако законодательного оформления принципов равных возможностей для обоих полов недостаточно, что бы преодолеть исторически сложившиеся стереотипы о женском участии в политике, которые укрепились в гражданских институтах общества и положение современных женщин противоречиво, что проявляется в ее социальной экономической и политической активности, а так же в дальнейшем развитии института семьи.

В Казахстане женщины, можно сказать составляют больше половины населения, их положение, роль и статус имеют важное значение в обществе, поэтому вопросы ген-

дерного равенства отнесены к числу важных социальных проблем не только в Казахстане, но и во всем мире. За годы независимости в Казахстане было проведено множество конференций и заседаний посвященных именно проблемам гендерного неравенства. В 2005 году было принято «Стратегия гендерного равенства в РК на 2006 - 2016 годы». В 2009 году было принято 2 Закона по продвижению гендерного равенства. Согласно мировому так же приоритетной задачей должно быть широкое гендерное просвещение политической элиты по вопросам участия женщин в политических процессах, осмысление и постановка гендерных проблем, а так же разработка методов решения этих проблем по мировому опыту.

Поэтому для нашего государства огромное значение имеют вопросы теоретического обоснования и развития национального механизма, исследования институциональное развитие, политическая практика и анализ достижения гендерного равноправия.

В целом следует отметить, что одним из важных направлений современной политике по обеспечению гендерного равенства является демократизация политической системы. Социально-экономическое трансформация нашего общества требует от государства формирования политики, в большей степени учитывающей вектор изменений в международной политике гендерного равенства.

Махамбет МОЛДАБАЕВ,
главный специалист СМУС
Алматинской области.

В «СУДЕБНОМ КАБИНЕТЕ» ЗАПУЩЕН МОДУЛЬ, ПОЗВОЛЯЮЩИЙ МИНИСТЕРСТВУ ФИНАНСОВ РК ПОЛУЧАТЬ РЕШЕНИЯ СУДА О ПРИЗНАНИИ ПОТЕНЦИАЛЬНОГО ПОСТАВЩИКА НЕДОБРОСОВЕСТНЫМ УЧАСТНИКОМ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК. В ОБНОВЛЕННОЙ ВЕРСИИ «СУДЕБНОГО КАБИНЕТА» УСОВЕРШЕНСТВОВАНЫ ШЕСТЬ РАЗДЕЛОВ, В ТОМ ЧИСЛЕ СУДОПРОИЗВОДСТВО (ПОДАЧА ИСКОВ, ЗАЯВЛЕНИЙ, АПЕЛЛЯЦИОННЫХ/ЧАСТНЫХ ЖАЛОБ, КАССАЦИОННЫХ ХОДАТАЙСТВ И ДР.), ОТПРАВКА ПИСЕМ И ОБРАЩЕНИЙ В СУДЕБНЫЕ ОРГАНЫ, ПОИСК СУДЕБНЫХ ДЕЛ, АПОСТИЛИРОВАНИЕ ОФИЦИАЛЬНЫХ ДОКУМЕНТОВ, ИСХОДЯЩИХ ИЗ СУДЕБНЫХ ОРГАНОВ.

Электронный информационный сервис «Судебный кабинет»

Упростить процесс отправления правосудия, избавить его от лишней бюрократических процедур – теперь стало возможным и несложным при активном внедрении новых информационных технологий, прочно вошедших в повседневную жизнь граждан и работу органов государственной власти, что позволяет избежать многих неудобств и получить максимальный эффективный результат при минимальных затратах временных и финансовых ресурсов.

Гражданин, его представитель или адвокат в любое удобное ему время, не выходя

из дома, офиса через сеть интернет может просмотреть судебный документ, а также статус по делу и распечатать судебный акт.

Внедрение и применение современных технологий в судебной системе упрощает судопроизводство, снимает бюрократические барьеры, минимизирует контакт сотрудников судебной системы с гражданами, что способствует снижению подверженности к коррупции, экономит время и средства граждан, позволяет достичь максимальной прозрачности и доступности судебной системы для населения страны.

Сегодня с помощью ЭЦП граждане направляют обращения в виртуальные приемные государственных органов, получают справки, меняют прописку, подают заявки на получение различного рода услуг и разрешений.

Электронные сервисы «Судебный кабинет» и «Ознакомление с судебными документами» доступны через официальный сайт Верховного суда <http://www.sud.kz>. Получить данные услуги может любой гражданин республики, имеющий электронную цифровую подпись.

Физические лица и их представители, представители юридических лиц вправе представлять в суд электронные документы, посредством заполнения электронных форм, размещенных в электронном информационном сервисе «Судебный кабинет». Для этого указанным лицам необходимо зарегистри-

роваться в электронном информационном сервисе «Судебный кабинет». Судебный кабинет», является пользователем сервиса подачи электронных документов.

Авторизация в «Судебный кабинет» осуществляется с помощью ИИН или БИН и пароля. При подаче заявления (обращения) представителем юридического лица авторизация осуществляется посредством БИН.

Пользователь сервиса подачи электронных документов после прохождения процедуры авторизации «Судебный кабинет» может обратиться в суд с: 1) исковым заявлением; 2) заявлением о предоставлении протокола судебного заседания; 3) замечанием на протокол судебного заседания; 4) обращением.

Таким образом, вводимые новшества, связанные с применением информационных технологий в судебной системе Республики Казахстан, оказывают положительное влияние не только на оперативность всех процессов, но и на качество отправления правосудия. Это способствует в свою очередь росту доверия граждан к судебной системе.

Самал КАЛИМОЛДИНОВА,
судья Талдыкорганского городского
суда.

АЛЬТЕРНАТИВНАЯ ФОРМА РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ

Медиация – это альтернативная форма разрешения споров, с участием третьей нейтральной, беспристрастной, не заинтересованной в данном конфликте стороны – медиатора. Медиация – это особая форма посредничества, не предполагающая вынесения третьей стороной решения по спору. Соответственно, главной задачей медиатора является помощь сторонам как можно в скором времени привести спор взаимовыгодному и жизнеспособному решению.

Основными принципами, на которых строится медиация, являются: добровольность участия в процедуре, беспристрастность и нейтральность со стороны медиатора, конфиденциальность, прозрачность, принятие и уважение сторон медиатором и сторонами друг друга.

Не допускается вмешательство в деятельность медиатора при проведении медиации со стороны лиц, указанных в пункте 1 настоящей статьи, кроме случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

Участники медиации вправе разглашать сведения, ставшие известными им в ходе медиации, без письменного разрешения стороны медиации, предоставившей эту информацию.

Медиатор не может быть допрошен в качестве свидетеля о сведениях, ставших ему известными в ходе медиации, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

Разглашение участником медиации сведений, ставших ему известными в ходе медиации, без разрешения стороны медиации, предоставившей эту информацию, влечет ответственность, установленную законами Республики Казахстан.

Закон Республики Казахстан «О медиации», который регулирует общественные отношения в сфере организации медиации в Республике Казахстан, и определяет ее принципы и процедуру проведения, а также статус медиатора, был принят 28 января 2011 года.

В этой связи, возможно, необходимо уделить внимание программе прохождения учебных курсов с целью понять процедуру медиации изнутри, обучить судей основам медиации, диагностике конфликта.

Азиза СЫДЫКОВА,
главный специалист
Талдыкорганского городского суда.

ДОКАЗАТЕЛЬСТВАМИ ПО УГОЛОВНОМУ ДЕЛУ ЯВЛЯЮТСЯ ЗАКОННО ПОЛУЧЕННЫЕ ФАКТИЧЕСКИЕ ДАННЫЕ, НА ОСНОВЕ КОТОРЫХ В ОПРЕДЕЛЕННОМ НАСТОЯЩИМ КОДЕКСОМ ПОРЯДКЕ ОРГАН ДОЗНАНИЯ, ДОЗНАВАТЕЛЬ, СЛЕДОВАТЕЛЬ, ПРОКУРОР, СУД УСТАНОВЛИВАЮТ НАЛИЧИЕ ИЛИ ОТСУТСТВИЕ ДЕЯНИЯ, ПРЕДУСМОТРЕННОГО УГОЛОВНЫМ КОДЕКСОМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, СОВЕРШЕНИЕ ИЛИ НЕСОВЕРШЕНИЕ ЭТОГО ДЕЯНИЯ ПОДОЗРЕВАЕМОМ, ОБВИНЯЕМОМ ИЛИ ПОДСУДИМОМ, ЕГО ВИНОВНОСТЬ ЛИБО НЕВИНОВНОСТЬ, А ТАКЖЕ ИНЫЕ ОБСТОЯТЕЛЬСТВА, ИМЕЮЩИЕ ЗНАЧЕНИЕ ДЛЯ ПРАВИЛЬНОГО РАЗРЕШЕНИЯ ДЕЛА.

ДОКАЗАТЕЛЬСТВА ПО УГОЛОВНОМУ ДЕЛУ

Фактические данные, имеющие значение для правильного разрешения уголовного дела, устанавливаются: показаниями подозреваемого, обвиняемого, потерпевшего, свидетеля, свидетеля имеющего право на защиту, эксперта, специалиста; заключением эксперта, специалиста; вещественными доказательствами; протоколами процессуальных действий и иными документами.

Фактические данные должны быть признаны не допустимыми в качестве доказательств, если они получены с нарушениями требований настоящего Кодекса, которые путем лишения или стеснения гарантированных законом прав участников процесса или нарушением иных правил уголовного процесса при досудебном расследовании или судебном разбирательстве дела повлияли или могли повлиять на достоверность полученных фактических данных, в том числе: 1) с применением пыток, насилия, угроз, обмана, а равно иных незаконных действий и жестокого обращения; 2) с использованием заблуждения лица, участвующего в уголовном процессе, относительно своих прав и обязанностей, возникшего вследствие неразъяснения, неполного или неправильного ему их разъяснения; 3)

в связи с проведением процессуального действия лицом, не имеющим права осуществлять производство по данному уголовному делу; 4) в связи с участием в процессуальном действии лица, подлежащего отводу; 5) с существенным нарушением порядка производства процессуального действия; 6) от неизвестного источника либо от источника, который не может быть установлен в судебном заседании; 7) с применением в ходе доказывания методов, противоречащих современным научным знаниям.

Недопустимость использования фактических данных в качестве доказательств, а также возможность их ограниченного использования в уголовном процессе устанавливаются органом дознания, дознавателем, следователем, прокурором или судом по собственной инициативе или по ходатайству стороны. Орган дознания, дознаватель, следователь, прокурор или судья, решая вопрос о недопустимости доказательства, обязаны в каждом случае выяснить, в чем конкретно выразилось допущенное нарушение и принять мотивированное решение.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС КҮНІ

АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

1997 жылдың 31 қазанында Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен «Қазақстан Республикасының Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымының Жарғысына кіруі туралы» Заңы қабылданып, күшіне енді. Азаматтық қорғаныс халықаралық ұйымының (АҚХУ) тоғызыншы Бас Ассамблеясының шешімі бойынша жыл сайын әлемнің елдерінде 1 – наурыз Халықаралық Азаматтық қорғау күні болып атап өтіледі. Бүгінгі күнде азаматтық қорғау міндеттеріне бейбітшілік кездегі туындайтын төтенше жағдайлар, жер сілкінісі, су тасқыны, т.б. апаттардың алдын алу шараларын атауға болады. Соның аясында азаматтық қорғау міндеттерімен қоғамды тереңірек таныстыру, оның халықты, меншікті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметін насихаттау, Халықаралық Азаматтық қорғаныс күнін мерекелеу мақсатында мектептерде түрлі шаралар ұйымдастырылып отырады.



Аталған шараларды жауапкершілікпен өткізу – қоғамға зор пайдасын тигізетіні сөзсіз. Соған орай «Қызылқайың орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі де «1 наурыз – Азаматтық қорғаныс күніне» арналған іс-шараларға белсене қатысты.

Табиғи апаттардың бірі, ол – жер сілкінісі. Апат айтып келмейді. Сондықтан сынып сағаттарында мектеп оқушыларына апаттың алдын алу, апат кезіндегі іс-әрекеттер төңірегінде баяндама оқылды.

Бейнелеу өнері пәні мұғалімі Құсан Батырбаевтың ұйымдастыруымен 8-11 сынып оқушылары арасында қабырға газеттер байқауы, ал 3-7 сынып оқушылары арасында зілзала, су тасқыны тақырыптары бойынша сурет байқауы өткізілді.

Оқушылардың жер сілкінісі кезінде сасқалақтамай, үрейленбей әрі жылдам тәртіпте мектептен шығып кетуін қалыптастыру мақсатында жоспарға сай сейсможаттығулар ұйымдастырылып, барлығы 2 минут 35 секунд аралығында мектеп ұжымы мекемеден шығарылды.

Сол сияқты өрт қауіпсіздігіне арналған оқу-

жаттығулары бойынша да шаралар іске асты. Атап айтсақ, 1-11-сынып оқушылары мен сынып жетекшілері арасында «Дабыл» әрекетіне іс-қимылдар орындау жаттығулары көрсетіліп, оған газ тұмалдықтары (противогаз), өрт сөндіру құралдары, зембіл (носилка) құралдары пайдаланылды.

Мектептің медициналық қызметкері Гүлзада Ракишева 5-11-сынып оқушылары арасында табиғи апаттың түрлері және сол апаттан зардап шеккен адамдарға көрсетілетін алғашқы медициналық көмектің түрлерімен таныстырып өтті.

Өткізілген іс-шараларға оқушылар, мектеп мұғалімдері, техникалық персоналдар және мектепке дейінгі шағын орталық ұжымы атсалысты. Сөйкесінше оқушылар шараға белсене қатысып, түрлі табиғи апат кезінде өздерін дұрыс ұстай алатындарын көрсете білді.

Жеңіс ДЫБЫСОВ,
Алакөл ауданы
Қызылқайың орта мектебі КММ
АӘД пәнінің мұғалімі.

НАУРЫЗ АЙЫНЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН 10 000-НАҢ АСТАМ АЗАМАТ ӘСКЕРИ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ

Алматы облысының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті, біріктірілген басқармасы мен бөлімдерінде шақыру учаскелеріне тіркеу жұмыстары қызу жүргізілуде.

Жергілікті әскери басқару органдары «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР Заңын басшылыққа ала отырып, 2002 жылы туылған жасөспірімдерді әскери есепке алуда.

2019 жылғы қаңтар мен наурыз айының соңына дейінгі аралықта облыс бойынша 10126 азаматты шақыру учаскелеріне тіркеу жоспарланған. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 5,5%-ға артық. Бүгінгі күні 9 992 адам әскери тіркеуге алынып, оларға салтанатты жағдайда тіркеу куәліктері табысталды. Тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін бұл тізім тағы 134 жасөспіріммен толығыады.

Шақыру қағазын алған азаматтар тиісті жергілікті әскери басқару органдарында жалпы білімін, денсаулығын, әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтау мақсатында медициналық тексеруден өтеді. Бұл өз кезегінде әскерге шақырылу жасына дейінгі жастарды әскер қатарына дайындауға, олардың санын анықтауға мүмкіндік береді. Денсаулықтарында кінәрат табылғандар жолдама арқылы тиісті емдеу мекемелерінде ем қабылдап, шақырылу жасына дейін сауығып келу мүмкіндігіне ие.

Алматы облысы қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары подполковник Руслан Абихановтың айтуынша әскер қатарына алынып, Отан қорғауға өз үлесімді қосам деген жастардың көп болуы көңіл қуантады.

– Денінің сау болуынан бөлек олардың моральдық-психологиялық жайкүйлерін, құқықтық сауатты болуларын басты назарда ұстаймыз. Тізімге тіркеп, әскерге аттандырудан бөлек жасөспірімдермен әскери-патриоттық бағыттағы тәрбие жұмыстары жиі жүргізіліп отырады, – деді ол.

– Бүгін мен үшін маңызды құжат – тіркеу куәлігін қолыма алдым. Денсаулығымда кінәрат жоқ, әскер қатарына аттануға дайынмын. Әскер – жігіттік мектебі, қиындықтан тайсалмай Отанымды, халқымды қорғауға әрқашан өзмірмін, – деді Талдықорған қаласының Политехникалық колледжінің 1-курс студенті Ерсултан Шайкенов.

Сондай-ақ, пункттерге тіркеу барысында әскери оқу орындарында түсуге ниет білдіргендерге үгіт-насихат жұмыстары да қосымша жүргізілуде. Әскери оқу бойынша түсіндіру жұмыстары маусым айына дейін жалғасады. Бүгінгі күні Алматы облысының 500-ден астам азаматы ҚР Қарулы Күштерінің әскери оқу орындарында білім алуда.

Алматы облысының ҚІД
баспасөз қызметі.

АЛҒАШҚЫ ЖЕҢІС АЛҒА ЖЕТЕЛЕДІ

– Аслан, әңгіменің ауаның туып-өскен жеріңнен бастасақ.

– Мен Талдықорған қаласында тудым. Үйдің үлкенімін. Менен кейін қарындасым бар. Бүгінде Талдықорған политехникалық колледжінің студентімін.

– Күреске қалай және қай жылы келдің?

– Бұрын әкем күреспен

айналысқан. Сондықтан ол қанымда бар деп ойлаймын. Бала күнімде сотқар болатынмын. Көшеде үнемі төбелесіп жүретінмін. Көршім Тимур Сыдықов джиу-джитсудан бапкер болатын. Көшеде төбелесіп жүргенімді көрген Тимур ағай: «Балаңызды жаттығу залына жіберіңіз», – деп әкеме қолқа салыпты. Ол кезде бірінші сынып оқушысымын. Жаз айы. Демалыс уақытында ойын баласы болған соң таңмен таласа оянып, ертерек көшеге шығуға асығамын. Бір күні ерте тұрып ойнауға бара жатсам әкем: «Ешқайда кетпе балам, қазір бір жаққа барасың», – деді. Қайда екенін сұрап өдім, барғанда көретінімді айтты. Сөйтіп, бапкерімнің көлігіне салып жіберді.

Жаттығу залына бардым. Балалар қызу дайындық үстінде. Қызығып кеттім. Үстінде арнайы күресуге арналған «кимано» болмағандықтан амалсыз балалардың жаттығуларын тамашалап отырдым. Екі күннен соң бапкерім: «Көшеде төбелесіп жүргеніңді көрдім, ұрыстың не екенін білесің. Жақында Сарқан қаласында жарыс болады, соған қатыс», – деді. Үйге барып әкеме айттым, жіберді. Жолға сағат 11-де шығатын болдық. Әкем таңертең ерте тұрып «кимано» алып берді. Сөйтіп алғаш татами төріне 2008 жылы 29 келі салмақта шықтым. Бірінші жарысым болғаннан



Біріккен Араб Әмірліктерінің астанасы Абу-Дабиде джиу-джитсудан жасөспірімдер мен жастар арасында әлем біріншілігінде ел намысын қорғаған Аслан Қанатбек 60 келі салмақта алтыннан алқа таққан. Сондай-ақ, ол Грекия астанасы Афинада жастар арасындағы әлем чемпионы атанған. Джиу-джитсудың «файтинг» түрі бойынша чемпион балуанымызбен аз-кем әңгімелескен өдік.

– Қандай нәтижелерге қол жеткіздің?

– Былтыр Грецияның Афина қаласында жасөспірімдер арасында джиу-джитсудан Әлем чемпионы болдым. Осы жылы сол нәтижемді қайталадым. 2010 жылдан бері джиу-джитсудың «файтинг» түрі бойынша Қазақстанның 7 дүркін чемпионы атандым. Ал, «невадзе» түрі бойынша 3 дүркін Қазақстан және ел кубогының жеңімпазымын. Қоян-қолтық төбелестен 2015 жылғы Қазақстанның, грэплингтен 2017 жылғы ел кубогының чемпионымын.

– Жалпы джиу-джитсу қай мемлекеттерде қатты дамыған? Бұл спортта біздің деңгейіміз қандай?

– «Файтинг» түрі бойынша еуропалықтар мықты. Невадзе спортынан арабтар мен бельгиялық спортшылар алдына жан салмайды. Қазір аталмыш спорт түрі елімізде де қарыштап дамып келеді. Қазақ спортшылары да бүгінде мықтылардың қатарында.

– Қазір рейтинг бойынша нешінші орындасың?

– Қазақстанда джиу-джитсудың екі түрі бойынша да бірінші орында тұрмын. Ал, әлемде «файтинг» түрі бойынша 60 келі салмақта көш басындамын.

– Алдағы мақсатың қандай?

– «Қазақ» есімін әлемге танытып, көк Туымыздың Әлемдік аренада асқақтатып, Гимнмізді шарықтатсам одан асқан бақыт жоқ. Алдыма қойған мақсатым да сол – тек қана бірінші орыннан көріну үшін аянбай тер төгіп, жаттығуларды үзбей жасау. Адал еңбекпен келген жеңіс қашан да қымбат!

Сұхбаттасқан
Жұлдыз МҰСАХАН.



11 ЖҮЛДЕ ҚОРЖЫНЫМЫЗДА

КАРАТ

Алматы қаласында шинкиоку-шинкай каратэден республикалық «Жауынгер» чемпионаты өтті. Еліміздің түкпірінен жиналған 260 жас спортшы қатысты. Облысымыздың намысын қорғаған 11 каратэші жүлдемен оралды. Оның төртеуі – бірінші, біреуі – екінші, қалған алтауы үшінші орыннан көрінді.

Олар каратэмен айналысу уақыттарына, жас мөлшері мен белдік дәрежелеріне қарай топқа бөлініп, салмақ дәрежелері бойынша бақ сынады.

– Біздің мақсатымыз балаларды ерте жасынан салауатты өмір салтына, азаматтық борыш сезімдеріне тәрбиелеу. Бұл балалар – ертеңгі әлемдік жарыстардағы ел үміті, – дейді ұйымдастырушылар.

Рафэль Райманов, жаттықтырушы:

– Мұндай турнирлер біздің жас жеткіншектеріміз үшін аса маңызды. Себебі осындай жарыстар жастарымыздың рухын қалыптастырады, өз отанын, өз туын сүюді үйретеді. Сондықтан киокушинкай каратэ ұйымы дәл осындай турнирлер өткізуге көп көңіл бөледі.

Ж. ТАЖИЕВА.

САНДЫҚТАҒЫ СӨЗ

- Асылбілес** – жарқылдаған, жалт-жұлт еткен.
- Атағат** – сый, құрмет.
- Атайман** – мықты, күшті.
- Атала** – суға ұн немесе талқан салып жасалған сұйық көже.
- Атжуа** – жуаның бір түрі, талшықты жуа.
- Аткепе** – шағын атқора.
- Аттұяқ** – үлкен, жылқы тұяғымен барабар алтын немесе күміс құйма.
- Атшу** – түйені жүргізу үшін айтылатын ишарат сөз.
- Атық** – ысылу, жаттығу.
- Аужайла** – байқау, абайлау.



КЕРЕК КЕҢЕС

Аш қарынға не жеуге болмайды?

Қатты қарныңыз ашып тұрса да, кез келген тағамды жеуге асықпаңыз. Аш қарынға әр тағам жарамайтынын ескеріңіз. Егер асқазан-ішек ауруына шалдыққыңыз келмесе, аш қарынға төмендегі келтірілген тағамдарды тұтынудан бас тартқаныңыз жөн.

- Банан.** Құрамында көп мөлшерде магний болатындықтан, аш қарынға банан тұтыну адам ағзасының магний-кальцийлік теңгерімін бұзуы мүмкін. Бұл өз кезегінде жүрек-қан тамырларының ауруына ұшыратуы мүмкін.
- Апельсин.** Асқазаныңыз газ бен қышқылға толып қалуы мүмкін.
- Суық сусындар.** Олар асқазан мен ішектерді тітіркендіреді. Нәтижесінде ферментті реакциялар бұзылып, аурулардың пайда болуына түрткі болады.



- Йогурт.** Аш қарынға йогурт тұтынғанда ол өзінің біршама пайдалы қасиеттерінен айырылады. Оны тамақ ішіп болған соң, 2 сағаттан кейін немесе жатар алдында жеу керек. Осы кезде ғана ол ас қорытуға көмектесе алады.
- Тәтті картоп.** Илік қышқыл мен пектин асқазан сөлінің бөлінуіне ықпал етеді, нәтижесінде адам өзін жайсыз сезінетін болады.
- Құрма.** Құрмада көп мөлшерде пектин мен илік қышқыл болады. Ол асқазан сөлімен байланысқанда гель тектес затқа айналады. Нәтижесінде асқазан тасының пайда болуына ықпал етуі мүмкін.
- Қызанақ.** Олар да құрма сияқты кері әсер тудырады.
- Қант.** Қант тез қорытылады. Қант аш қарынға түскенде, адам ағзасы қанға қажетті жеткілікті түрде инсулин бөле алмайды. Бұл көз ауруының тууына әсер етуі мүмкін. Бұдан өзге, қант – бұл қышқыл-сілтілі теңгерімді бұза алатын қышқыл тұзгіш тағам.

Сарымсақ. Оның құрамындағы аллицин асқазан мен ішек қабырғаларын тітіркендіреді. Бұл гастроспазм тудыруы мүмкін.

Асқазан денсаулығы үшін таңертең десерт, не ұннан жасалған тағамдарға ден қойғаныңыз абзал.


ТӘМСІЛ

БАТАМЕН ЕЛ КӨГЕРЕР

Қазақ халқында үйге қонақ келгенде жас баланың қолына құман беріп, мойнына сүлгі асып, ас ішердің алдында қонақтардың қолына су құйғызатын дәстүр бар. Аңыз бойынша бұл дәстүр Сүлеймен пайғамбардан қалған деседі.

Дәуіт пайғамбар отыз ұлынан айрылған соң қайғыдан қан жұтады. Ұлық Алла оны жұбату үшін оған тағы бір ұл сыйлайды. Дәуіт ұлды болардың қарсаңында Жәбірейіл періште уахи өкеледі.

– Әй, Дәуіт! Ұлық Алла саған бір ұл нәсіп етеді. Бірақ шарты сол: ол баланың қызығын тоғыз жыл ғана көресің. Осыған ризасың ба? – дейді. Дәуіт іштей қынжылса да: «Жаппар иемнің өміріне не қылса да ризамын», – деп келіседі. Көп ұзамай Дәуіт ұлды болып, есімін Сүлеймен қояды.



Бір күні Дәуіт Ұлық Аллаға: – Иә, Алла, маған ұлыңның қызығын тоғыз жыл ғана көресің деп едің. Бұл не хикмет? – деп сұрайды. Ұлық Алла: – Рас айтасың. Сүлейменнің пешенесіне тоғыз жылдық ғұмыр жаздым. Бірақ, зерек ұлық қонаққа қызмет

Дәуіт патша болғандықтан, оның сарайына күн сайын жүздеген адам қонаққа келеді екен. Сол кезде 7 жасар Сүлейменді бір қолына құман, бір қолына сүлгі ұстатып, сарайдың алдында қызметке қояды. Бала күні бойы кірген-шыққан қонақтардың қолына су құйып, алғысын алады. Оның адал қызметіне риза болған қонақтар:

- Ғұмыр жасың ұзақ болсын!
- Құдайдың сүйікті құлы бол!
- Басыңнан бақ, астыңнан тақ кетпесін!
- Әділ патша бол!
- Екі дүниенің сырын біл!
- Дұшпаныңа қатал, досыңа адал бол!
- Ғалым бол! – деп, тоқсан тоғыз түрлі тілек айтып, бата береді екен. Арада он бес жыл өтеді. Сүлейменнің бұғанасы бекіп, қабырғасы қатайып, ойы да, бойы да өсіп, азамат болып ер жетеді.

етуден шаршамады. Ақсақалдардың батасын алуға құмар болды. Күн сайын адамдар оған менің 99 есімімді айтып, шын жүректен алғыс жаудырып, батасын береді. Көптің алғысымен оның ғұмыр жасы ұзарды. Менің бір есімім – Халық. Халықтың тілегін қабыл етпеу ұлықтығыма сын болар. Бүгіннен бастап Сүлейменге 99 түрлі мұғжиза берем. Жердегі бүкіл тау-тас, аң-құс, 18 мың ғаламға патша қыламын, – деді. Содан бастап Сүлейменге дарымаған керемет қалмапты деседі.

Осыған орай «Сүлеймен де су құйған», «Су иесі Сүлеймен» деген сөздер ел арасына таралыпты. Қазір де қазақ халқы үйге қонақ келгенде жас баласының қолына құман мен сүлгі беріп: – «Үлкен кісілердің батасын ал», – деп су құйғызады. «Батаменен ел көгерер, жанбырменен жер көгерер» деген тәмсіл сөз Сүлейменнен қалған екен.

КӨРТЕН-БАҚҚАН



Атыраудан Ақтауға ұшып бара жаттым. Жаныма жақсы көретін інім Құрманғали (Тасмағамбетов) келіп жайғасты. Өңгімеміз гүлдеп сала берді. Өз кезегінде Құрманғали: – Раха, кәрі күзеннің не деп армандайтынын білесің бе? – десін.
– Жоқ.
– Дені дұрыс пальтоға жаға болсам деп. Рахаттанып күлдік. Бірақ ойланып қалдым. Неше түрлі арманым еске түсті. Кәрі күзеннің жасына жақындап қалған соң ба?..

Рақымжан ОТАРБАЕВ.

«АЛАТАУ» - ХАЛЫҚҚА ЕҢ ЖАҚЫН БАСЫЛЫМ

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ

С РЕДАКЦИИ

9 айға – 1980 теңге.

9 месяцев – 1980 тенге.

6 айға – 1320 теңге.

6 месяцев – 1320 тенге.

ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ

ДЛЯ ГОРОДА

ҚАЛАЛАР ҮШІН

НЕОБЛАСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ

9 айға – 2575, 89 теңге.

9 месяцев – 2575, 89 тенге.

6 айға – 1717,26

6 месяцев – 1717,26 тенге.

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА

ДЛЯ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ

9 айға – 2743,47 теңге.

9 месяцев – 2743,47 тенге.

6 айға – 1828,98 теңге.

6 месяцев – 1828,98 тенге.

25% жеңілдікпен жазыл!

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Қазір елімізде мемлекеттік мерзімді баспасөздерге жазылу аяқталды. Десек те, біздің «Алатау» газетіміз халықтың сұрауы бойынша, бағасы **25% жеңілдікпен** «Өз сүйікті газетіңе жазыл» акциясын ұйымдастырып отыр. Сіздің енді кез келген «Қазпошта» бөлімшесінде еш кедергісіз «Алатауға» жыл соңына дейін жазылып, ұтысқа ие болу мүмкіндігіңіз бар.



Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Редакция алқасы:

- Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ – редактордың орынбасары
- Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА – тілші
- Данагүл БЕРЕКЕТ – тілші
- Ақбаян АҚЫБАЕВА – тілші

Кезекші редактор: Д. БЕРЕКЕТ.



Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қыздарының білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; факс: 41-09-29
E-mail: alatau_offset@mail.ru
E-mail: www.alatau.kz@mail.ru

Газет 07. 08. 2001 жылдан бастап шығады.

Таралымы 6898
Тапсырыс №403

Индекс 15534



Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ